

**Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру  
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 желтоқсанда № 25488 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН  
:

1. Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру  
қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және  
квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан  
Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2)  
тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің  
ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми  
жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 30 қарашадағы  
№ 1253 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері) сатып алуын жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

### **2-тарау. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алдын ала біліктілік іріктеу-әлеуетті өнім берушілерді осы Қағидаларда көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалау процесі;

2) анық емес ақпарат – әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің тендер, аукцион, бір көзден алу және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуға қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты құжаттардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын және әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің ұсынылған өтініміне сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер;

3) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үмітті, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), консорциум;

4) бастапқы баға – әлеуетті өнім беруші аукцион өткізілгенге дейін ұсынған, аукционға қатысуға өтінімге қоса берілетін баға;

5) біртекті тауарлардың түрлері – бірін-бірі алмастырмайтын біртекті тауарлар;

6) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болып табылмаса да, ұқсас сипаттамалары бар және нақ сол бір функцияларды орындауға мүмкіндік беретін ұқсас құрауыштардан тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

7) жұмыстар – заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

8) консорциум – келісім негізінде қатысушылардың уақытша ерікті, тең құқылы одағы (бірлестігі), онда қатысушылар кез келген ресурстарды біріктіреді және жобаның ойдағыдай іске асырылуын шешу үшін күш-жігерін үйлестіреді

9) келісу комиссиясы – шарт жасасудан жалтарған және сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің жолданымдарын қарайтын, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

10) көрсетілетін қызметтер – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

11) сатып алу – тапсырыс берушілердің Заңда және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде сатып алуы;

12) сатып алу веб-порталы – Заңға және осы Қағидаларға сәйкес сатып алуды электрондық форматта өткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

13) сатып алуға қатысушы – тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, әлеуетті өнім беруші, өнім беруші және электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы;

14) сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет – акционері ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның қызметі, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның қызметі;

15) сатып алуды ұйымдастырушы – тапсырыс берушінің лауазымды адамы немесе құрылымдық бөлімшесі не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін жауапты етіп айқындалған заңды тұлға;

16) сатып алу жөніндегі сараптау комиссиясы – сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін сарапшыларды тарта отырып құратын алқалы орган;

17) сатып алу жөніндегі сарапшы – өткізілетін сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнаулы және (немесе) тиісті техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар, сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші сатып алынатын

тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындауға қатысу үшін тартатын жеке тұлға;

18) сатып алу саласындағы уәкілетті орган – квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19) сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) – осы Заңға, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

20) тапсырыс берушілер – кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;

21) тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, зияткерлік меншік құқығының объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

22) тендерлік комиссия (аукциондық комиссия) – сатып алуды тендер (аукцион) тәсілімен өткізу рәсімін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

23) электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы – сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, өкілеттіктері сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын заңды тұлға (заңды тұлғалар).

### **3-тарау. Сатып алуды жоспарлау тәртібі**

3. Сатып алу процесі мыналарды қамтиды:

1) сатып алу жоспарын (сатып алудың алдын ала, жылдық және ұзақ мерзімді сатып алу жоспарын) әзірлеу және бекіту;

2) өнім берушіні таңдау және онымен шарт жасасу;

3) шартты орындау.

4. Тапсырыс беруші тиісті бюджеттің (өндірістік бағдарламаның және (немесе) инвестициялық бағдарламаның және (немесе) бюджеттің және (немесе) даму

жоспарының және (немесе) бизнес-жоспардың және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасының) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартқа қол қоюдың негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алу жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

Тапсырыс беруші бюджетті (өндірістік бағдарламаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) бюджетті және (немесе) даму жоспарын және (немесе) бизнес-жоспарды және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасын) бекіткенге және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартқа қол қойғанға дейін сатып алудың алдын ала жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Сатып алудың алдын ала жоспары сатып алудың жылдық жоспары бекітілгенге (нақтыланғанға) дейін қолданылады.

Сатып алудың алдын ала жоспарында көзделген сатып алу туралы мәліметтер сатып алудың жылдық жоспарына ауыстырылуға жатады.

Сатып алу жоспар(лар)ын тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің өзге уәкілетті адамы және (немесе) алқалы органы тиісті бюджетті (өндірістік бағдарламаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) бюджетті және (немесе) даму жоспарын және (немесе) бизнес-жоспарды және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасын) бекіту (нақтылау) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартқа қол қою жөніндегі алқалы органның отырысы хаттамасының үзінді-көшірмесін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бекітеді (нақтылайды).

5. Сатып алу жоспар(лар)ында мынадай мәліметтер:

1) сатып алудың сәйкестендіру коды;

2) қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманы қоса алғанда, анықтамалыққа сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің номенклатурасы;

3) сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері мен мерзімдері;

4) тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланған мерзімдері мен орны;

5) әрбір қаржы жылына бөлінген және көзделген сомалар шегінде, кестеге сәйкес және жылдар бойынша бөле отырып, тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланған мерзімдері (ұзақ мерзімді сатып алу жоспарлары үшін);

6) болған жағдайда пайыздық баламада алдын ала төлем (аванс);

7) сатып алу бастамашысының атауы қамтылуы тиіс.

6. Сатып алу жоспарын жасау кезінде тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді біртекті түрлері бойынша және (немесе) оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Тендер тәсілімен және (немесе) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды қалыптастыру кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір лотқа біріктіруге жол беріледі. Бұл ретте әлеуетті өнім берушілер әрбір кіші лотқа бағаларды көрсете отырып, біріктірілген лотқа баға ұсынысын қалыптастырады.

7. Сатып алу жоспарларына (сатып алудың алдын ала жоспарына) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 45-бабының 4-тармағына сәйкес мәліметтер, сондай-ақ осы Қағидалардың 287-тармағының 13), 16) және 36) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алулар енгізілуге жатпайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Сатып алу жоспарларын бюджетке (өндірістік бағдарламаға және (немесе) инвестициялық бағдарламаға және (немесе) бюджетке және (немесе) даму жоспарына және (немесе) бизнес-жоспарға және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасына) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартқа сәйкес келмейтін көлемде бекітілмейді.

9. Тапсырыс беруші сатып алу жоспары (сатып алудың алдын ала жоспары/ ұзақ мерзімді жоспары) бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны сатып алу веб-порталында орналастырады.

10. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда сатып алу жоспар(лар)ына өзгерістер енгізеді:

бекітілген (өндірістік бағдарламаға және (немесе) инвестициялық бағдарламаға және (немесе) бюджетке және (немесе) даму жоспарына және (немесе) бизнес-жоспарға және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасына) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шарттарға өзгерістер, толықтырулар енгізілген жағдайда;

маркетингтік зерттеулер нәтижесінде, сатып алу рәсімін жүзеге асыру туралы шешім қабылдағанға дейін сатып алуға жоспарланған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бағасының төмендеуі/ұлғаюы анықталған жағдайларда өзгерістер, толықтырулар енгізеді;

бекітілген бюджет және (немесе) сатып алу жоспарларының тармақтары шеңберінде ақша қаражаты қайта бөлінген жағдайда;

өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша жинақталған үнемдеу есебінен; шетел валютасына теңгенің бағамдық айырмасының туындауы есебінен;

бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша, оның ішінде камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, хабарламаларды орындау кезінде;

сатып алудың жоспарланған айына түзетулер енгізілген жағдайда.

11. Тапсырыс беруші сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сатып алу веб-порталында орналастырады.

12. Сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс беруші бекітілген (нақтыланған) сатып алу жоспары негізінде қабылдайды.

13. Осы Қағидалардың 287-тармағының 13) және 33) тармақшаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, бекітілген (нақтыланған) сатып алу жоспарында (сатып алудың алдын ала жоспарында, ұзақ мерзімді сатып алу жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алынбайды.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдауға қатысты сатып алу рәсімдерін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген алдын ала жоспарына сәйкес тиісті бюджет (өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасы) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шарт) және сатып алу жоспар(лар)ы және (немесе) оларға енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгенге дейін жүзеге асырады.

Бұл ретте шарт жасасудың талабы тиісті бюджетті (өндірістік бағдарламаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) бюджетті және (немесе) даму жоспарын және (немесе) бизнес-жоспарды және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасын) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартты) сатып алу жоспар(лар)ын және оларға, өнім берушіні таңдауға қатысты сатып алу рәсімдері жүзеге асырылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша енгізілетін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіту болып табылады.

14. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстарының құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге тендерлік баға ұсыныстарын қоспағанда, сатып алу қорытындыларының хаттамасы орналастырылған күннен бастап басқа әлеуетті өнім берушілердің осы тендерге қатысуға өтінімдерін қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

16. Тапсырыс беруші шарт жасалғанға дейін сатып алуды жүзеге асырудан:

1) тиісті бюджетті (өндірістік бағдарламаны және (немесе) инвестициялық бағдарламаны және (немесе) бюджетті және (немесе) даму жоспарын және (немесе) бизнес-жоспарды және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасын) және (немесе)

мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартты нақтылау (түзету) кезінде болған , бекітілген (нақтыланған) сатып алу жоспарларында (сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды қысқарту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық жоспарға, бюджетке (өндірістік бағдарламаға және (немесе) инвестициялық бағдарламаға және (немесе) бюджетке және (немесе) даму жоспарына және (немесе) бизнес-жоспарға және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасына) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шартқа бекітілген (нақтыланған) сатып алу жоспарларында (сатып алудың алдын ала жылдық жоспарында/ұзақ мерзімді жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігін болғызбайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларында бас тартады.

Бұл ретте ағымдағы жылы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бағытталған сатып алу жоспарларына (сатып алудың алдын ала жылдық жоспарына) өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді.

Сатып алудан бас тартылған жағдайда әлеуетті өнім беруші шеккен шығындар өтелмейді.

16-1. Осы Қағидалардың 16-тармағының талаптары осы Қағидалардың 287-тармағының 36) тармақшасында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

**Ескерту. Қағида 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Веб-портал өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларға осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген Тапсырыс беруші не сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған шешім туралы хабарламаны автоматты түрде жібереді.

#### **4-тарау. Сатып алу тәсілдері**

18. Сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

- 1) тендер;
- 2) аукцион;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату;
- 4) бір көзден алу;
- 5) тауар биржалары арқылы;
- 6) электрондық дүкен арқылы.

#### **5-тарау. Сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау тәртібі**

19. Тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға ретінде әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін



орындау үшін тапсырыс беруші сатып алуды ұйымдастырушыны және тапсырыс берушінің алда болатын мемлекеттік сатып алуда мүдделерін білдіретін қызметкерді айқындайды.

20. Сатып алуды ұйымдастырушыны тапсырыс берушіні өзінде де, тапсырыс берушінің ведомстволық бағынысты ұйымдары арасында да айқындау туралы шешімді тапсырыс берушінің өзі қабылдайды.

21. Тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға ретінде әрекет еткен жағдайларды қоспағанда, сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушімен, әлеуетті өнім берушілермен, тиісті комиссиялармен және сарапшымен өзара қарым-қатынастарда өзінің атынан өкілдік ететін қызметкері адамды айқындайды. Сатып алуды ұйымдастырушының өкілі сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері қатарынан айқындалады.

#### **6-тарау. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары**

22. Әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (занды тұлғалар үшін), азаматтық әрекет қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

2) қаржылық орнықты болуы және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы;

Әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен айқындалады

3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауы;

4) сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы (сатып алу нысанасы деп әлеуетті өнім берушіде лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуы танылатын жағдайларды қоспағанда).

Бұл ретте сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген біліктілік талабын белгілейді.

23. Осы Қағидалардың 22-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген:

1) әлеуетті өнім берушілердің сатып алуға қатысуын шектейтін және негізсіз қиындататын;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптары белгіленбейді.

24. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 22-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына өзінің сәйкестігін растау үшін сатып алуды ұйымдастырушыға осы Қағидаларда көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

25. Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім беруші өзінің осы тарауда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды не Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынады.

26. Айналысу үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) көшірмесін ұсынады.

27. Осы Қағидалардың 22-тармағы бірінші бөлігінің салықтық берешек бөлігінде 1), 2) тармақшаларында және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптары әлеуетті өнім беруші өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтерді көрсету бойынша бірлесіп орындаушылар ретінде тартуды көздейтін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға тартылатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерінің (бірлесіп орындаушылардың) осы Қағидалардың 22-тармағы бірінші бөлігінің салықтық берешек бөлігінде 1), 2) тармақшаларында және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады.

Жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда, олардың осы Қағидалардың 22-тармағы бірінші бөлігінің салықтық берешек бөлігінде 1), 2) тармақшаларында және 3) тармақшасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар олар орындайтын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлеріне ұсынылады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

28. Егер сатып алу (лот) сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық сегіз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы түріндегі

біліктілік талабы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тендер (аукцион) тәсілімен сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қойылады.

29. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығын веб-портал автоматты түрде мемлекеттік кірістер органдарының мынадай мәліметтері негізінде айқындайды:

- 1) кірістер;
- 2) төленген салықтар;
- 3) негізгі құралдар;
- 4) еңбекақы төлеу қоры.

30. Әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында мынадай шарттарға сәйкес келсе:

1) әлеуетті өнім берушінің кірістері мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен астам немесе сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде екінші бөлігін құрайтын болса;

2) өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде төленген салықтардың көрсеткіші мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген әлеуетті өнім беруші кірістерінің кемінде үш пайызын (3%) құрайтын болса қаржылық орнықты деп танылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төленген салықтар көрсеткішінің есебі мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ТСК = TC / K \times 100\%,$$

онда:

ТСК – төленген салықтардың көрсеткіші;

ТС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде төленген салықтар сомасы;

К – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішіндегі әлеуетті өнім беруші кірістерінің сомасы;

3) әлеуетті өнім берушінің негізгі құралдарының орташа жылдық құны өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен астам немесе мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайтын болса қаржылық орнықты деп танылады;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қоры өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт жүз мың еселенген мөлшерінен астам немесе сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген

соманың кемінде он бестен бір бөлігін құрайтын болса қаржылық орнықты деп танылады.

31. Тауарларды сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 30-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын және жұмыстарды сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

Техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жөніндегі жұмыстарды сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім беруші, егер ол жиынтығында осы Қағидалардың 30-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шарттарға сәйкес келсе, қаржылық орнықты деп танылады.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. 22-тармақтың 1) тармақшасынан өзге біліктілік талаптары осы Қағидалардың 287-тармағында көзделген бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды. Осы Қағидаларда көзделмеген өзге де біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

33. Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері веб-порталда күнтізбелік жыл ішінде бір рет осы мәліметтерді айқындау мақсатында қолданылатын жылдың алдындағы 1 қазаннан кешіктірілмей жаңартылады:

1) осы Қағидалардың 30-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы;

2) осы Қағидалардың 126-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші түріндегі тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт;

3) осы Қағидалардың 144-тармағында көзделген төленген салықтардың көрсеткіші бойынша әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде жеңімпаздың қатысуына жол берілмейді.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығының және (немесе) төленген салықтардың көрсеткіштері бойынша Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері үш жылдық кезеңнің соңғы есептелетін жылы үшін веб-порталда жаңартылады.

## **7-тарау. Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

### **1-параграф. Ұйымдастырушының тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезеңдері**

34. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай реттілікпен іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің ұйымдастырушыны және алдағы уақытта болатын тендерде соңғысының мүдделерін білдіретін тапсырыс берушінің адамын айқындауы;

2) тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін ақпараттар мен құжаттарды не тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырманы ұсынуы;

3) тапсырыс берушінің тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушыға веб-портал арқылы сатып алудың жылдық жоспарының (сатып алудың алдын ала жоспарының) тармақтарын жіберуі;

4) тендерлік комиссияның құрамын, сараптау комиссиясы тобының құрамын не сарапшыны (тартылған жағдайда) айқындау және бекіту, тендерлік комиссияның хатшысын айқындау;

5) тендерлік құжаттаманың жобасын бекіту;

6) тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаны, сондай-ақ тендерлік құжаттаманың мәтінін веб-порталда орналастыру;

7) тендерлік құжаттаманың жобасын веб-портал арқылы алдын ала талқылау және тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылаудың хаттамасын, сондай-ақ тендерлік құжаттаманың мәтінін веб-порталда жариялау;

8) әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға электрондық құжат нысанындағы өтінімдерін ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеу;

9) өтінімдерді автоматты түрде ашу және тиісті ашу хаттамасын веб-порталда жариялау;

10) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысында әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін, сондай-ақ осы Заңның 7-бабымен көзделген шектеулердің болмауын тендерлік комиссияның веб-портал арқылы қарауы;

11) әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға арналған өздерінің өтінімдерін біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіруі;

12) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін қайтадан қарау;

13) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды тендерге қатысушы деп тану,

сондай-ақ тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсынымдарына өлшемшарттардың салыстырмалы мәндерін қолдану;

14) тендерге қатысушылардың шартты бағаларын веб-порталдың автоматты түрде салыстыруы, ең төменгі шартты баға негізінде тендердің жеңімпазын, сондай-ақ екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні айқындау және тендер тәсілімен сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы веб-порталда жариялау;

15) тапсырыс берушінің тендер тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттамасы негізінде жеңімпазбен шарт жасасуы.

Осы тармақтың 7) тармақшасында көзделген іс-шаралар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алу кезінде, сондай-ақ тендерлік құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама қамтылатындықтан, жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алу кезінде жүзеге асырылмайды.

Осы тармақтың 11) тармақшасында көзделген іс-шаралар тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда жүзеге асырылады.

34-1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық режимнен алып қою белгіленген тауарларды сатып алу бойынша тендер тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі жеке және заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылады.

"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы берген Индустриялық сертификат тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізіліміндегі әлеуетті өндірушінің тауарды өндіргенін растайтын құжат болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің осы тармақта қойылатын талаптарға сәйкестігін веб-портал Индустриялық даму саласындағы уәкілетті органның және (немесе) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының деректері негізінде автоматты түрде айқындайды.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге де әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. Қағидалар 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-параграф. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыға ақпарат пен құжаттарды ұсынуы**

35. Ұйымдастырушы мен тапсырыс беруші бір тұлғаны білдіретін жағдайларды қоспағанда, тендерді жүргізу үшін тапсырыс беруші ұйымдастырушыға қазақ және орыс тілдерінде техникалық ерекшелікті және шарттың жобасын ұсынады.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама қамтылуы тиіс. Бұл ретте мұндай сатып алулар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамамен қатар тендерлік құжаттамада ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының электрондық көшірмесі қамтылуы тиіс.

Сонымен бірге тендерлік құжаттамада мыналар:

1) негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді) қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін;

2) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) тапсырыс берушіде бар тауарды жөндеу және (немесе) оған техникалық қызмет көрсету үшін жүзеге асырылған сатып алу жағдайларын қоспағанда, егер мұндай нұсқама сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін жекелеген өнім берушіге тиістілігін анықтаған жағдайда тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ өзге сипаттамалардағы нұсқамалар қамтылмайды.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері санаттарына жататын тауарларды және сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді және осы тауарларды

уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу бойынша тендер алдын ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып жүргізіледі.

Алдын ала біліктілік іріктеуден өтудің шарты әлеуетті өнім берушінің тауары электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету мен электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде болуы болып табылады.

Тауарлары осы Қағидалардың 153-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде бар әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 153-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын тауарларды сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде жүзеге асырылған әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, сатып алу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен осы тендерге қатысуға өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушіден бір көзден жүзеге асырылады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 31.10.2022 № 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-параграф. Тендерлік комиссияның құрамын, сараптау комиссиясының құрамын не сарапшыны (тартылған жағдайда) айқындау және бекіту, тендерлік комиссияның хатшысын айқындау**

37. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушы, ұйымдастырушы әрбір тендерге жеке тендерлік комиссияны бекітеді және тендерлік комиссияның хатшысын айқындайды.

38. Тендерлік комиссия құру және тендерлік комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе бірінші басшының орынбасары немесе өзге де басшысы қабылдайды.

39. Егер тапсырыс берушінің өзі тікелей не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметкерін) атынан ұйымдастырушы болып әрекет еткен жағдайда, тендерлік комиссияны құру және тендерлік комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не бірінші басшысының орынбасары немесе тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының өзге басшысы қабылдайды.



40. Жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде ұйымдастырушы, ал егер ұйымдастырушы ретінде тапсырыс берушінің өзі тікелей не өзінің құрылымдық бөлімшесі (лауазымды адамы) атынан әрекет еткен жағдайда, тапсырыс беруші қажет болған кезде тендерлік комиссияның құрамына тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органның веб-порталда тіркелген қызметкерлерінің қатарынан оның өкілдерін енгізеді.

41. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін тапсырыс беруші тартылған жағдайда сараптау комиссиясын құрады не сарапшыны тартады.

42. Тендерлік комиссияның мүшелері тендерлік комиссияның төрағасы және басқа да мүшелері болып табылады. Тендерлік комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және дауыс беруде ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды, бірақ кемінде үш адамды құрайды.

43. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тендерлік комиссияның мүшесі сатып алу рәсімдерінің нәтижелеріне мүдделі және тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшыларының жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылатын тұлға бола алмайды.

44. Қоғамдық кеңестердің мүшелері өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында тендерлік комиссияларға қатысады.

45. Тендерлік комиссияның төрағасы етіп тапсырыс берушінің бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары немесе тапсырыс берушінің не ұйымдастырушының өзге басшысы тағайындалады.

46. Тендерлік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, тендерлік комиссия төрағасының кандидатурасы қайта бекітіледі. Бұл ретте тендерлік комиссияның төрағасы етіп бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, немесе тапсырыс берушінің не ұйымдастырушының өзге басшысы айқындалады.

Тендерлік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда тендерлік комиссияның төрағасы болып бірінші басшы уәкілеттік берген тұлға айқындалады.

47. Тендерлік комиссияның төрағасы:

- 1) тендерлік комиссияның қызметіне басшылық жасайды;
- 2) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

48. Тендерлік комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған күні өз қызметін тоқтатады.

49. Тендерлік комиссияның шешімі веб-портал арқылы дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда тендерлік комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы тендерлік комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

Тендерлік комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда, тендерлік комиссияның тиісті хаттамаларында тендерлік комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты Веб-порталда орналастырады.

50. Тендерлік комиссияның ұйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Тендерлік комиссияның хатшысы ұйымдастырушының сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдарының арасынан айқындалады.

51. Тендерлік комиссияның хатшысы:

1) тендерлік құжаттама жобасын қалыптастырады және веб-порталда орналастырады;

2) веб-порталда тендер өткізу туралы хабарландыруды, тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын, ол болған кезде тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын, тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ олар бар болса веб-порталда басқа да құжаттарды орналастырады;

3) веб-порталда сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын олар бар болса орналастырады;

4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

52. Ұйымдастырушы тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін сараптау комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы.

53. Тендерлік құжаттама тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің орнына заңнамаға сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтитын жұмыстарды сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу кезінде сараптау комиссиясы құрылмайды, сарапшы тартылмайды.

54. Сараптау комиссиясын құру не сарапшыны тарту туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы, не ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары немесе ұйымдастырушының өзге басшысы қабылдайды.

55. Тендер өткізу басталғанға дейін тендерлік комиссияның мүшелері, тендерлік комиссияның хатшысы, сондай-ақ сараптау комиссиясы не сарапшы бекітілген тендерлік құжаттама жобасымен және оның қосымшаларымен танысады.

56. Сараптау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары және сараптау комиссиясының басқа да мүшелері сараптау комиссиясының мүшелері болып табылады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс.

57. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде сараптау комиссиясы не сарапшы әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптамалық қорытынды береді және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

58. Сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын, егер ол тендерлік құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана тендерлік комиссия міндетті түрде ескереді. Сараптамалық қорытындыға сараптау комиссиясының мүшелері не сараптау комиссиясын құрмай сарапшы айқындаған жағдайда сарапшы қол қояды және тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына, тендерлік комиссия хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталдағы сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшының қорытындысына сарапшының біліктілігін растайтын құжаттар (білімі туралы диплом, сертификат, аттестат немесе өзге де құжат) міндетті түрде қоса беріледі.

59. Сараптау комиссиясының әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан айқындауы ашық дауыс берумен жүзеге асырылады және егер оған сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

60. Дауыстар тең болған жағдайда сараптау комиссиясының төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Сараптау комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, осы сараптау комиссиясының кез келген мүшесінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол сараптау комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және веб-порталда орналастырылады.

Тиісті сараптамалық қорытындыға сараптау комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда тендерлік комиссияның хатшысы веб-порталда қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты орналастырады.

#### **4-параграф. Тендерлік құжаттама, тендерлік құжаттама жобасын бекіту және оны веб-порталға орналастыру**

61. Ұйымдастырушы тендерді өткізу шарттары мен тәртібін айқындау үшін веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тендерлік құжаттаманы қалыптастырады және тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлға болатын жағдайларды қоспағанда, оны тапсырыс берушімен келіседі.

62. Ұйымдастырушы әзірлеген тендерлік құжаттаманың жобасын тапсырыс берушінің бірінші басшысы не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары немесе тапсырыс берушінің өзге басшысы бекітеді.

#### **5-параграф. Тендер өткізу туралы хабарлама**

63. Ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың жобасы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ тендерлік құжаттаманың жобасын орналастырады.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күнінің мерзімі тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасы және бекітілген тендерлік құжаттаманың мәтіні орналастырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күнді құрайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі тендерге қатысуға өтінімдерін ұсынатын мерзімнің соңғы күні тендерлік құжаттамасын және бекітілген тендерлік құжаттаманың мәтінін орналастырған күннен бастап кем дегенде күнтізбелік бес күнді құрайды.

Қажеттілік туындаған жағдайда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдер беру мерзімі өткенге дейін өз бастамасы бойынша тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізе алады. Мұндай жағдайларда тендерлік құжаттама алдын ала талқылауға жатады.

Егер тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау осы Қағидалардың 66-тармағына сәйкес жүзеге асырылмаған жағдайда, әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күнінің мерзімі тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтіні орналастырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Тендер тәсілімен қайта сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдер берудің соңғы күніне дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын, қайта сатып алуды өткізуге байланысты сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін ұлғайтуды қоспағанда, өткізілмеген тендердің тендерлік құжаттамасы өзгермеген жағдайда, тендер тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады.

65. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда сатып алу осы Қағидалардың 63-тармағына сәйкес жүргізіледі.

**6-параграф. Алдын ала талқылау және орналастыру жобаны алдын ала талқылау хаттамасының веб-порталында тендерлік құжаттама**

66. Тендерлік құжаттаманы бекітудің міндетті талабы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

67. Әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-портал арқылы тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін.

68. Тендерлік құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде тендерлік құжаттама бекітілді деп есептеледі.

69. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы ескертулер, сондай-ақ сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

- 1) тендерлік құжаттама жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
- 2) тендерлік құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамаудың негіздемелері мен себептерін көрсете отырып, оларды қабылдамайды;
- 3) тендерлік құжаттаманың ережелеріне түсінік береді.

Тендерлік құжаттама жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Қағидалардың 63-тармағында белгіленген тәртіппен веб-порталда өзгертілген тендерлік құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап тендерлік құжаттама бекітілді деп есептеледі.

70. Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау туралы талап жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуға қолданылады, мұнда техникалық ерекшеліктің орнына тендерлік құжаттамада осы Қағидалардың 69-тармағының 3) тармақшасы бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама қамтылады.

71. Ұйымдастырушы тендерлік құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Осы Қағидалардың 69-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тендерлік құжаттаманың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың жобасын алған әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, тендерлік құжаттаманың бекітілген мәтінін тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге орналастырады.

72. Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында тендерлік құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары немесе тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) өзге басшысы қол қояды.

Осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген жағдайларда тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары немесе тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) өзге басшысы қол қояды.

73. Ұйымдастырушы қажет болған кезде тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді тапсырыс беруші осы Қағидалардың 71-тармағында белгіленген тәртіппен бекітеді.

Тапсырыс беруші қажет болған кезде тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (

немесе) толықтырулар енгізу туралы бекітілген шешімді ұйымдастырушыға тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

74. Ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы тапсырыс беруші бекіткен шешімнің негізінде тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді.

75. Осы Қағидалардың 69-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тендерлік құжаттама жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

Тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелерін түсіндіру мәтіні тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

75-1. Осы Қағидалардың 7-тарауының 6-параграфының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.

**Ескерту. 6-параграф 75-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**7 -параграф. Әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы не тендерлік құжаттаманың жобасын ұсыну**

76. Тендер өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап барлық тілек білдірушілерге тендерлік құжаттаманы не тендерлік құжаттаманың жобасын веб-порталда тегін алу мүмкіндігі беріледі.

77. Тендерлік құжаттаманы не тендерлік құжаттаманың жобасын веб-порталда тендер өткізу туралы хабарланған кезге дейін ұсынылмайды.

**8-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінің мазмұны және оларды ұсынуы**

78. Тендерге қатысуға арналған өтінім тендерлік құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттармен келісімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және осы Заңның 7-бабымен белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

79. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға ұсынатын тендерге қатысуға өтінімде тендерлік құжаттама нысанында санамаланған құжаттарды қамтиды, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің:

- 1) Заңның 7-бабымен көзделген шектеулердің болмауы туралы;
- 2) өзі мен тапсырыс беруші не ұйымдастырушы арасында Заңда тыйым салынған қатынастардың жоқтығы туралы;
- 3) осы Қағидалардың 336-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісу туралы растауын қамтуға тиіс.

80. Тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге веб-портал тиісті хабардар етуді автоматты түрде жіберген сәтте қабылданған болып есептеледі.

81. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға бір ғана өтінім береді.

82. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі мынадай:

- 1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы тендерге қатысуға өтінім берсе;
- 2) тендерге қатысуға өтінім осы тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін веб-порталға келіп түсті;
- 3) тендерлік баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түссе;
- 4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасымен көзделген жағдайларда веб-порталдан автоматты түрде бас тартуға жатады.

Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысу үшін ұсынатын тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және тендерлік құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келеді.

**Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

83. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген кезде өтінім берілген болып есептеледі.

84. Әлеуетті өнім беруші өзінің тендерге қатысуға өтінімін тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің тендерге



қатысуға өтінімін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

Тендерге қатысуға өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны қайтарып алынбайды.

85. Осы Қағидалардың 102-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, тендерге қатысуға өтінімдерге оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

86. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамаға сәйкес талап етілетін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы не веб-порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы алынатын жекелеген құжаттарды ұсынуына жол беріледі.

### **9-параграф. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

87. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

Бірнеше лот бойынша тендерге қатысқан жағдайда әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әрбір лотқа жеке ұсынады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сәйкестігін әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінім берген кезде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

88. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақшаны;

2) электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігін таңдайды. Осы Қағидалардың 16-тарауында көзделген жағдайларда банк кепілдігін қағаз жеткізгіште ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 89 және 90-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы электрондық әмияндағы ақшаны пайдалануына жол берілмейді.

89. Сатып алуды ұйымдастырушы электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) тендер жеңімпазы шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізу және (немесе)

енгізу мерзімдері туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса, әлеуетті өнім берушіге қайтармайды.

90. Электрондық әмиян арқылы енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды:

1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

91. Осы Қағидалардың 89 және 90-тармақтарында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы тапсырыс берушіден веб-портал арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса немесе шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізбесе, әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянынан Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген шотқа өтінімді қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны аударуды жүзеге асырады.

92. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге ол енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастырған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендер қатысушысына қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартқа қол қоюы және оның шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізуі.

93. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушіге ол бұғаттаған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендер қатысушысына қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартқа қол қойған және ол Қағидалардың 151-тармағына сәйкес сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ соманы енгізген жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады.

94. Әлеуетті өнім берушінің өзінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талабы бойынша электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы осындай талап келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларға қатысты бұғаттау жүзеге асырылмаған немесе бұғаттау тоқтатылған көрсетілген ақшаны қайтарады.

#### **10-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу**

95. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашуды веб-портал тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен сәттен бастап бес минут ішінде автоматты түрде жүргізеді.

96. Егер тендерге (лотқа) тендерге (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда мұндай өтінім де осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

97. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес оларды ашу сәтінде веб-портал автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал тендерлік комиссияның мүшелеріне, тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабардар етулер жібереді.

98. Тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін тендерлік баға ұсыныстарын қоспағанда, басқа әлеуетті өнім берушілердің осы тендерге қатысуға өтінімдерін қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

#### **11-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау**

99. Тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында веб-портал арқылы тендерге қатысуға өтінімдерді қарайды.

100. Тендерлік құжаттама техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттаманы қамтитын жұмыстарды сатып алуды қоспағанда, тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік комиссияның хатшысы сараптау комиссиясына не ол құрылған (тартылған) жағдайда,

сарапшыға әлеуетті өнім берушілер өтінімде ұсынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық ерекшеліктерді олардың тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында ұсынады.

101. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, органдардан, сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыттардан қажетті ақпаратты сұратады.

102. Тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы веб-порталда орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы веб-порталда орналастырылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Мына:

1) Заңның 7-бабының талаптарын бұзған;

2) біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат берген;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны осы Қағидаларда айқындалған мөлшерде енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді.

**Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

103. Әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендерге қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделеді, оған тендерлік комиссияның төрағасы және барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қол қояды.

Әлеуетті өнім беруші өтінімді қайта беру құқығынсыз бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланғанға дейін үш жұмыс күні бұрын алдын ала рұқсат беру хаттамасының жобасын веб-порталда орналастырады.

Егер әлеуетті өнім беруші тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес алдын ала рұқсат беру хаттамасының жобасына келіспейтінін білдіреді.

104. Тендерлік комиссия тыңдау рәсімінің нәтижелері бойынша бір жұмыс күні ішінде веб-порталда көрсетілген ұстанымдар туралы ақпаратты және тендерлік комиссияның қабылданған шешімдер бойынша егжей-тегжейлі негіздемесін қамтитын тыңдау хаттамасын орналастырады.

Ұсынылған ұстанымдарды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) алдын ала рұқсат беру хаттамасының жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізіледі;
- 2) келіп түскен ескертулер қабылданбайды;
- 3) шағымдарға жауап жобаларының/хабарламалар жобаларының ережелеріне түсіндірме беріледі.

**Ескерту. 104-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

105. Заңның 16-бабының 8-тармағына сәйкес қабылданған тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші оған сотқа шағым жасайды.

Өнім беруші тендерлік комиссияның шешімімен келіспейтінін білдірген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасына сәйкес тыңдауды жүргізеді.

Тыңдау қорытындылары бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің дәлелдерін қабылдайды және әлеуетті өнім берушіні тендерге қатысуға жібереді;

2) тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушінің дәлелдерін қабылдамайды және қайта беру құқығынсыз әлеуетті өнім берушіні қабылдамайды.

Ұйымдастырушы тыңдау өткізілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала рұқсат беру хаттамасын жариялайды.

106. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат:

1) олардың қабылданбау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтіндігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің тізбесі;

2) әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы ұсынылатын және біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілуі қажет құжаттар тізбесі;

3) өткізілген тыңдау қорытындылары бойынша тендерлік комиссияның шешімі қамтылады.

107. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді.

108. Тендерлік комиссияның әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға алдын ала жіберу туралы шешімі тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылданады және тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес веб-порталда орналастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік комиссияның әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға алдын ала жіберу туралы шешімі тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданады және тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес веб-порталда орналастырады.

**Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

109. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына веб-порталда тендерлік комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

110. Тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы тендерлік комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі және құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

Тиісті тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына тендерлік комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда, тендерлік комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

111. Осы Қағидалардың 102-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін тендерлік комиссияның хатшысы веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау рәсіміне бастамашылық жасайды.

112. Тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының тізбесінде көрсетілген әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген құжаттар тізбесі бойынша оларды біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру толықтығы тұрғысынан қайта қарайды;

2) тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген құжаттардың толық емес және біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін тізбесін ұсынған әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

3) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерді, олардың тендерге қатысуға өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

4) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында веб-портал арқылы жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, органдардан қажетті ақпаратты сұратады.

113. Тендерге қатысуға өтінімді жетпей тұрған құжаттармен толықтыруға, тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға байланысты тендерлік комиссияның сұрау салуды жолдауына және өзге де іс-әрекеттерге жол берілмейді.

114. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауға жол бермейді.

115. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін тендерге қатысуға (тендерге қатысушы деп танылған) жіберілмейді, егер:

1) ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың шарттарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) ол Заңның 7-бабының талаптарын бұзса.

116. Егер әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 115-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тендерге қатысуға жіберілмеген жағдайда, онда тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада бас тартуға негіз болған растайтын мәліметтерді немесе құжаттарды көрсете отырып, осындай әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінен бас тарту негіздемесі көрсетіледі.

117. Тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия:

1) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды, және тендерге қатысушылар деп таниды;

2) тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданады және есептейді;

3) әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерді қайта ұсыну мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

118. Тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі нысанында тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды, бар болса, сараптау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі қоса беріледі.

119. Тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама мынадай:

1) тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру туралы;

2) осы Қағидалардың 112-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес тендерлік комиссияның сұрау салулары туралы;

3) олардың қабылданбау себептері егжей-тегжейлі сипаттала отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтіндігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, тендерге қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы;

4) тендерлік құжаттамада көзделген тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды тендерлік комиссияның қолдануы туралы;

5) ең төмен шартты баға негізінде жеңімпазды айқындау туралы ақпаратты қамтиды

120. Тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға веб-порталда тендерлік комиссияның барлық мүшелері қол қояды және тендерлік комиссияның хатшысы тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы шешім қабылданған



күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, веб-порталда орналастырады.

121. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

122. Әлеуетті өнім беруші қатысатын тендер лоттарының жалпы сомасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

123. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға жіберілмейді (тендерге қатысушы болып танылмайды), егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) көшірмесін ұсынады;

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін не электрондық құжат түрінде ұсынбауы;

мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайтын, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегінің болуы;

веб-портал арқылы қалыптастырылған (толтырылатын) тендерлік құжаттамаға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау, сол сияқты толық емес мәліметтерді ұсыну;

әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

тендерлік құжаттамада көрсетілген сатып алу шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпараттың берілмеуі фактісі анықталса;

2) егер оның тендерге қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

тендерлік құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама қамтыған жағдайды қоспағанда, техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сол сияқты техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы;

тендерде сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ тендерлік құжаттамаға 18-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы қалыптастырылған (толтырылатын) қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтерді берген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар көлемінің (құрылыс құнының) екіден бірінен астам жиынтығын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беру;

тендерлік құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бермеу;

тендерлік өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталды;

3) Заңның 7-бабымен көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері болса

Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген көзделген сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі өтінім беру сатысында өтінімді сәйкес келтіру құқығынсыз веб-порталдың автоматты түрде кері қайтаруына жатады.

124. Сараптау комиссиясы не сарапшы тендерлік комиссияның төрағасы белгілеген мерзімде, бірақ тендерге қатысуға өтінімдерді қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) өз құзыреті шегінде әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттамаға техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттардың толықтығын қарайды және зерделейді;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігі не сәйкес еместігі туралы сараптамалық қорытындыны ресімдейді, қол қояды және тендерлік комиссияның хатшысына ұсынады.

Сараптамалық қорытынды әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің (олар болған жағдайда) функционалдық мүмкіндіктерінің,

техникалық параметрлерінің, сапалық сипаттамаларының және пайдалану шарттарының тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларына қарағанда асып кетуі туралы ақпаратты да қамтиды.

125. Сараптамалық қорытындыға сарапшы ерекше пікірін білдіретін жағдайларды қоспағанда, барлық сарапшылар әрбір парағына және соңына қол қояды.

Сараптамалық қорытындыны алғаннан кейін тендерлік комиссияның хатшысы сараптамалық қорытындыны веб-порталға орналастырады және тендерлік комиссияның барлық мүшелеріне веб-портал арқылы хабарлама жібереді. Тендерлік комиссия сараптамалық қорытындыны ескере отырып, тендерге қатысуға өтінімдерді қарайды.

126. Тендерлік құжаттама тендерлік баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттарды:

1) әлеуетті өнім берушіде ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде өткізілетін сатып алу нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуын;

2) төленген салықтардың көрсеткішін;

3) тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, оларға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы;

5) теріс мәндер.

**Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

127. Тендерлік комиссия тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде тендерге қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, тендерге қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты осы Қағидалардың 126-тармағына сәйкес тендерлік құжаттамада көзделген өлшемшарттарға сәйкес шартты жеңілдіктерді айқындайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемшарттарды растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды.

128. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушіде сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі және құрылыспен байланысты емес жұмыстар болған әрбір жыл үшін нөл бүтін оннан бес (0,5%) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

129. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушіде бас мердігер ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстары және бас жобалаушы ретінде жобалау жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жылы үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, тендерлік комиссия оның құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша, оның ішінде тендердің мәні болып табылатын осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі болған әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5% ) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші бас мердігер (жобалаушы) ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын және бас жобалаушы ретінде жобалау жөніндегі жұмыстарды орындаса, тендерде сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша, тендерлік комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер осы жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, тендерлік комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір (0,1 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер тендер (лот) тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды.

Егер тендер (лот) тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жүз мың еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

**Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

130. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсері тендерлік құжаттамаға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

130-1. Осы Қағидаларға 7-3-қосымшада көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін растау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12590 болып тіркелген) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен мемлекеттік сатып алу саласындағы электрондық депозитарийден мәліметтер мен құжаттар қолданылады.

**Ескерту. Қағидалар 130-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

131. Егер сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын және әлеуетті өнім берушінің төленген салықтар көрсеткіші үш пайыздан жоғары болған жағдайда, веб-портал автоматты түрде әрбір ноль бүтін оннан бір (0,1) пайыздан асатын көрсеткіш үшін ноль бүтін оннан бір (0,1) пайыз, бірақ үш пайыздан аспайтын мөлшерде шартты жеңілдік береді.

**Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

132. Егер тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) неғұрлым жақсы функционалдық, техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылатын болса, әлеуетті өнім берушінің тауарларына, жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне техникалық ерекшеліктің тендерлік құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

133. Тендерге қатысушы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде тендерлік комиссия осы тендерде сатып алынатын тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

134. Егер тендерге қатысуға ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық және (немесе) орфографиялық қателер болса, тендерге қатысуға өтінім тендерлік құжаттама талаптарына жауап беретін болып танылады.

135. Өлшемшарт – тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптау комиссиясының не сарапшының (ол болған кезде) қорытындысына сәйкес қолданылады. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспауға тиіс.

136. Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың функционалдық сипаттамалары тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлар мүмкіндіктерінің шегінен асқан жағдайда, тендерлік комиссия әрбір мүмкіндік үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері үш пайыздан (3%) аспайды.

137. Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың техникалық сипаттамалары тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлардың параметрлерінен асып кеткен ( жақсартқан) жағдайда, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен параметр үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері үш пайыздан (3%) аспайды.

138. Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың сапалық сипаттамалары тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген тауардың талаптары мен мақсатынан асып кеткен (жақсартқан) жағдайда, тендерлік комиссия осы сипаттама үшін бес пайыз (5%) белгілейді.

139. Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшелікте белгіленген тауарлардың пайдалану сипаттамалары (пайдалану мерзімі, тасымалдау, сақтау шарттары, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар) тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген шарттардан асып кеткен (жақсартқан) жағдайда, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен шарт үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері үш пайыздан (3%) аспайды.

140. Сараптау комиссиясының немесе сарапшының қорытындысы болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 136-139-тармақтарында көзделген өлшемшарттар тендерлік комиссияда қолданылмайды.

140-1. Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы түріндегі тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы түріндегі оның тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылатын сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі жұмыстардың тізбесі бойынша жұмыстарды сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылады (бұдан әрі – Тізбесі).

Егер осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес тізбесі бойынша сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жарым миллион еселенген мөлшерінен аспайтын және әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушіге бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік беріледі.

Әлеуетті өнім берушінің республикалық маңызы бар қала мен астана шекараларында болуы оның тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте облыс шекараларында болуымен бірдей болып табылады.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушінің астана немесе республикалық маңызы бар қала орналасқан облыстың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы оның республикалық маңызы бар қала мен астананың шекараларында болуымен бірдей болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы, онда тапсырыс беруші жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді не бекітілген сатып алу жоспарына сәйкес тауарларды жеткізуді жоспарлайды, веб-порталмен үш жылдық соңғы есептелген жыл үшін бастапқы/кезекті салық есептілігін тапсырған орны бойынша мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде автоматты түрде айқындалады 1 қазаннан кешіктірмей ұсынылған кезең, әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын айқындау мақсаттары үшін осы мәліметтерді қолданудың алдыңғы жылы.

Мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығын айқындау мақсаттары үшін осы мәліметтер қолданылатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей күнтізбелік жыл ішінде веб-порталда бір рет жаңартылады.

Қағидалардың осы тармағының ережелері жанарту күніне дейін салық есептілігін ұсынбаған әлеуетті өнім берушілерге қатысты қолданылмайды.

**Ескерту. Қағида 140-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

140-2. Тендерлік баға ұсынысына әсер ететін теріс мән осы Қағидалардың 7-2-қосымшаға сәйкес тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт ретінде теріс мәндер қолданылатын сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің орындауында ағымдағы қаржы жылында сомасы айлық есептік көрсеткіштің бір жарым миллион еселенген мөлшерінен аспайтын жасалған шарт болса, әрбір осындай шарт үшін веб-портал осындай әлеуетті өнім берушінің тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемдердің шартты жеңілдіктерінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан бір пайызын (0,1%) автоматты түрде алып тастайды.

**Ескерту. Қағида 140-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



## **12-параграф. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру**

141. Тендерлік баға ұсынысын біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендерге қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша веб-портал автоматты түрде ашады.

142. Веб-портал тендерге қатысушылардың шартты бағаларын автоматты түрде салыстырады және ең төмен шартты баға негізінде тендер жеңімпазын айқындайды.

143. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған тендерге қатысушы ең төмен шартты бағадан кейінгі шартты баға негізінде айқындалады.

144. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайтын әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығының үлкен көрсеткіші бар тендер қатысушысы жеңімпаз болып танылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеуді осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес қаржылық орнықтылық көрсеткішін есептеу формуласы бойынша мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайды.

Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері тең болған кезде қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен тендер қатысушысы жеңімпаз болып танылады.

145. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері осы Қағидалардың 119-тармағына сәйкес тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

## **13-параграф. Тендерге қатысуға өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі**

146. Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы даярлау үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада (жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжат) көрсетілген бағадан екі пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

**Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

146-1. Әлеуетті өнім берушінің автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарға арналған тендерге қатысуға өтінімінің бағасы, егер ол көрсетілген



техникалық құжаттаманың бағасынан бес пайыздан артық болса, демпингтік болып танылады.

**Ескерту. Қағидалар 146-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

147. Егер әлеуетті өнім берушінің техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) және қала құрылысы жобалары құжаттаманы әзірлеу бойынша қатысуға өтінімнің бағасы "Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бұйрығымен бекітілген құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес тапсырыс беруші есептеген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

**Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

148. Әлеуетті өнім берушінің (аккредиттелген сараптама ұйымының) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарға арналған тендерге қатысу өтінімінің бағасы, егер ол "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына сәйкес белгіленетін құнынан төмен болса, ол демпингтік болып танылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген).

149. Егер әлеуетті өнім берушінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер (техникалық және авторлық қадағалау, жобаны басқару) көрсетуге арналған тендерлік өтінімінің бағасы бекітілген мемлекеттік нормативтерге сәйкес есептелген бағадан он пайыздан астамға төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

150. Әлеуетті өнім берушінің тауарларға, жұмыстарға (осы Қағидалардың 146, 147, 148-тармақтарында көзделген жұмыстарды қоспағанда), көрсетілетін қызметтерге (осы Қағидалардың 149-тармағында көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) арналған тендерге қатысуға өтінімнің бағасы, егер ол тендерге бөлінген бағадан жиырма пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік болып танылады.

151. Әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша демпингтік деп танылмайтын, рұқсат етілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға

тең мөлшердегі соманы енгізу шартымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша демпингтік баға ұсынуға жол беріледі.

152. Осы Қағидалардың 146-149-тармақтарында көзделген жағдайларда, демпингтік бағаларды ұсынуға жол берілмейді.

#### **14-параграф. Тендер өтпеді деп тану негіздері**

153. Тендер мына негіздердің бірі бойынша өткізілмеді деп танылады:

- 1) тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған;
- 2) тендерге қатысуға екеуден аз өтінім берілген;
- 3) тендерге қатысуға екі және одан да көп өтінім берілген жағдайда бір де бір әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға жіберілмеген;
- 4) тендерге қатысуға екі және одан да көп өтінім берілген жағдайда, тендерге қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілген.

154. Егер тендер тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) тендерлік құжаттаманы өзгерту және тендер тәсілімен қайта сатып алуды өткізу туралы.

155. Тендер тәсілімен қайта сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады:

- 1) тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайларда. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындайды;
- 2) тендерге қатысуға екеуден аз өтінім ұсынылған жағдайларда. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру тендерге қатысуға өтінім берген біліктілік талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушіге жіберіледі. Жасалған сатып алу туралы шарттың бағасы тендерге қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспайды.

#### **8-тарау. Аукцион тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды сатып алуды жүргізу тәртібі**

##### **1-параграф. Аукцион тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу**

156. Аукцион тәсілімен сатып алу нақты уақыт режимінде сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады, олардың өткізілуін сатып алу саласындағы электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы қамтамасыз етеді.

157. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте тауар аукционның нысанасы болып табылады.

158. Аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды аукциондық құжаттамада тауарларды олардың біртекті түрлері және оларды жеткізу орны бойынша лоттарға бөледі.

Тауарлар жеткізілетін кемінде бес орын болған жағдайда лотта тауарлар жеткізілетін бірнеше орынды көрсетуге жол беріледі.

159. Аукцион тәсілімен сатып алу мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде аукцион өткізіледі;

2) екінші кезеңде аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдерді олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

160. Аукцион тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-шаралардың орындалуын көздейді:

1) тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің ұйымдастырушыны және алдағы сатып алуда соңғысының мүдделерін білдіретін тапсырыс берушінің уәкілетті өкілін айқындауы;

2) тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға аукционды ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды ұсынуы не тапсырыс берушінің бірыңғай ұйымдастырушыға аукционды ұйымдастыруға және өткізуге арналған тапсырманы ұсынуы;

3) тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға веб-портал арқылы аукционды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алудың жылдық жоспарының тармақтарын жіберуі (тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларды қоспағанда);

4) аукциондық комиссияның құрамын, сараптау комиссиясының құрамын не сарапшыны (қажет болған жағдайда) айқындау және бекіту, аукциондық комиссияның хатшысын айқындау;

5) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту;

6) аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың мәтінін веб-порталда орналастыру;

7) аукциондық құжаттаманың жобасын веб-портал арқылы алдын ала талқылау және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың мәтінін веб-порталда орналастыру;

8) әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді электрондық құжат нысанында ұсынуы және оларды веб-порталда автоматты түрде тіркеуі;

9) аукционды өткізу, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион хаттамасын қалыптастыру және веб-порталда орналастыру;

10) аукциондық комиссияның әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан веб-портал арқылы қарауы;

11) біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау, аукцион қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру және веб-порталда орналастыру;

12) сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде Тапсырыс берушінің жеңімпазбен шарт жасасуы.

## **2-параграф. Тапсырыс берушінің ұйымдастырушыға аукционды ұйымдастыру және өткізу үшін ақпарат пен құжаттарды ұсынуы**

161. Тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайларды қоспағанда, аукционды өткізу үшін тапсырыс беруші ұйымдастырушыға техникалық ерекшелікті және шарттың жобасын қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

Сонымен бірге, аукциондық құжаттамада, егер мұндай нұсқау сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығару орнының атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға сілтемелердің мазмұнын көрсетуге жол берілмейді:

1) негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтылымды (лицензиялық бағдарламалық қамтылымды) жете жинақтау, жаңғырту және жете жарақтандыру үшін;

2) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) тапсырыс берушіде бар тауарды (жабдықты) жөндеу және (немесе) оған техникалық қызмет көрсету үшін.

Ескерту. 161-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. Аукционды ұйымдастыру мен өткізуді ұйымдастырушы тапсырыс берушінің мынадай құжаттарды қамтитын тапсырманы қазақ және орыс тілдерінде ұсынуы негізінде жүзеге асырады:

1) тапсырыс берушінің аукциондық комиссияның құрамына енгізу үшін тапсырыс берушінің өкілдері арасынан кандидатураларды көрсете отырып, тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары қол қойған аукцион өткізуге өтінімі;

2) тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары бекіткен техникалық ерекшелігі , аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын шарттың жобасы және оны құрған (тартқан) жағдайда сараптау комиссиясының не сарапшының құрамы.

**3-параграф. Аукциондық комиссияның құрамын, сараптау комиссияның құрамын не сарапшыны (қажет болған жағдайда) айқындау және бекіту, аукциондық комиссияның хатшысын айқындау**

163. Аукционды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін ұйымдастырушы әрбір аукционға жеке аукциондық комиссияны бекітеді және аукциондық комиссияның хатшысын айқындайды.

164. Аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссия хатшысын айқындау туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары қабылдайды.

165. Егер ұйымдастырушы ретінде тапсырыс берушінің өзі тікелей не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметкер) тұлғасында әрекет еткен жағдайда, аукциондық комиссия құру және аукциондық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары қабылдайды.

166. Сатып алынатын тауарлардың техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін тапсырыс беруші қажет болған жағдайда сараптау комиссиясын құрайды не сарапшыны тартады.

167. Аукциондық комиссияның төрағасы және басқа да мүшелері аукциондық комиссияның мүшелері болып табылады. Аукциондық комиссияның мүшелері өтінімдерді қарайды және дауыс беруге ауысу құқығынсыз қатысады.

Аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш тұлға болуы тиіс.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында аукциондық комиссияның мүшесі сатып алу рәсімдерінің нәтижелеріне мүдделі және тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшыларының жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылатын тұлға бола алмайды.

Қажеттілік туындаған жағдайда қоғамдық кеңестердің мүшелері өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында аукциондық комиссияларға қатысады.

168. Аукциондық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, тендерлік комиссия төрағасының кандидатурасы қайта бекітіледі. Бұл ретте тендерлік комиссияның төрағасы етіп бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, немесе тапсырыс берушінің не ұйымдастырушының өзге басшысы айқындалады.

Тендерлік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда тендерлік комиссияның төрағасы болып бірінші басшы уәкілеттік берген тұлға айқындалады.

Аукциондық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда аукциондық комиссияның құрамы қайта бекітіледі. Бұл ретте, бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам, ал ол болмаған жағдайда – бірінші басшы аукциондық комиссияның төрағасы болып айқындалады.

169. Аукциондық комиссияның төрағасы:

- 1) аукциондық комиссияның қызметіне басшылық етеді;
- 2) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

170. Аукциондық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасалған күні өз қызметін тоқтатады.

171. Аукциондық комиссияның шешімі веб-портал арқылы дауыс берумен қабылданады және егер оған аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда аукциондық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Аукциондық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы аукциондық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталда орналастырылады.

Аукциондық комиссия төрағасының қолтаңбасын қоспағанда, аукциондық комиссияның қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда, аукциондық комиссияның тиісті хаттамаларында аукциондық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

172. Аукциондық комиссияның ұйымдастырушылық қызметін аукциондық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Аукциондық комиссияның хатшысы аукциондық комиссияның мүшесі болып табылмайды және аукциондық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Аукциондық комиссияның хатшысы ұйымдастырушының сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдарының арасынан айқындалады.

Сатып алуды ұйымдастырушы жүзеге асырған жағдайда, аукциондық комиссияның хатшысы ұйымдастырушының лауазымды адамдарының арасынан айқындалады.

173. Аукциондық комиссияның хатшысы:

1) аукциондық құжаттаманың жобасын қалыптастырады және веб-порталда орналастырады;

2) веб-порталда аукцион өткізу туралы хабарландыруды, аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын, аукционға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын, аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ олар бар болса веб-порталдағы басқа да құжаттарды орналастырады;

3) веб-порталда сараптау комиссиясының не сарапшының қорытындысын олар бар болса орналастырады;

4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

174. Аукционды ұйымдастыру және өткізу кезінде ұйымдастырушы не онымен бір тұлғада болатын тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін сараптау комиссиясын құрады не сарапшыны айқындайды.

Сараптау комиссиясын құру не сарапшыны тарту туралы шешімді ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары қабылдайды.

175. Аукционды өткізу басталғанға дейін аукциондық комиссияның мүшелері, аукциондық комиссияның хатшысы, сондай-ақ сараптау комиссиясы не сарапшы аукциондық құжаттаманың бекітілген жобасымен және оның қосымшаларымен танысады.

176. Сараптау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары және сараптау комиссиясының басқа да мүшелері сараптау комиссиясының мүшелері болып табылады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды. Сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ санды және кемінде үш адамды құрайды.

177. Аукционды ұйымдастыру және өткізу кезінде сараптау комиссиясы не сарапшы әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптамалық қорытынды береді және аукциондық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

178. Аукциондық комиссия сараптау комиссияның не сарапшының қорытындысын, егер ол аукциондық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана міндетті түрде ескереді. Сараптама қорытындысына сараптау комиссиясының мүшелері не сарапшы қол қояды, сарапшыны сараптау комиссиясын құрмай айқындаған жағдайда және аукциондық комиссия хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттың электрондық көшірмесі нысанында веб-порталдағы аукционға қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі.

179. Сараптау комиссиясының аукционда әлеуетті өнім берушілер ұсынған тауарлардың аукциондық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан айқындауы ашық дауыс берумен жүзеге асырылады және егер оған сараптау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда, сараптау комиссиясының төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Сараптау комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, осы сараптау комиссиясының кез келген мүшесінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол сараптау комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және веб-порталда орналастырылады.

Тиісті сараптамалық қорытындыға сараптау комиссиясының қандай да бір мүшесінің қолы болмаған жағдайда, аукциондық комиссияның хатшысы қолдың болмау себебін қамтитын құжатты немесе ақпаратты веб-порталда орналастырады.

#### **4-параграф. Аукциондық құжаттаманың жобасын бекіту және оны веб-порталға орналастыру**

180. Ұйымдастырушы аукционды өткізу шарттары мен тәртібін айқындау үшін веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес аукциондық құжаттаманы қалыптастырады және тапсырыс беруші мен ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайларды қоспағанда, оны тапсырыс берушімен келіседі.

181. Тапсырыс беруші әзірлеген аукциондық құжаттаманың жобасын тапсырыс берушінің бірінші басшысы не тапсырыс берушінің өзге басшысы бекітеді.

182. Ұйымдастырушы, ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары әзірлеген аукциондық құжаттаманың жобасы.

183. Ұйымдастырушы әзірлеген және бекіткен аукциондық құжаттаманың жобасы техникалық ерекшелікті, аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын шарттың жобасын және сараптау комиссиясының не сарапшының (бар болса) құрамын қамтиды.

#### **5-параграф. Аукцион өткізу туралы хабарлама**

184. Ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманың жобасы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда аукцион тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін, сондай-ақ бекітілген аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын орналастырады.

Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күнінің мерзімі аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасы және бекітілген аукциондық құжаттаманың мәтіні орналастырылған күннен бастап кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

Тапсырыс беруші қажеттілік туындаған жағдайда әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі өткенге дейін өз бастамасы бойынша аукциондық құжаттамаға өзгерістер енгізеді. Мұндай жағдайларда аукциондық құжаттама осы Қағидалардың 187-тармағында айқындалған тәртіппен алдын ала талқылауға жатады.



185. Аукцион тәсілімен қайта сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, ұйымдастырушы аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын, қайта сатып алуды өткізуге байланысты сатып алу туралы шартты орындау мерзімін ұлғайтуды қоспағанда, өткізілмеген аукционның аукциондық құжаттамасы өзгермеген жағдайда аукцион тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады.

186. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сатып алу осы Қағидалардың 184-тармағына сәйкес жүргізіледі.

**6-параграф. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау және алдын ала талқылау хаттамасын веб-порталда орналастыру**

187. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, әлеуетті өнім берушілердің аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы аукциондық құжаттаманы бекітудің міндетті шарты болып табылады.

188. Әлеуетті өнім берушілер аукциондық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-портал арқылы тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін.

189. Аукциондық құжаттаманың жобасына аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы ескертулер, сондай-ақ сұрау салулар болмаған кезде, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аукциондық құжаттама бекітілді деп есептеледі.

190. Аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы ескертулер, сондай-ақ сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) аукциондық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсете отырып, оларды қабылдамайды;

3) аукциондық құжаттаманың ережелеріне түсіндірме береді.

Аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, осы Қағидалардың 181 және 182-тармақтарында белгіленген

тәртіппен веб-порталда өзгертілген аукциондық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап аукциондық құжаттама бекітілді деп есептеледі.

191. Ұйымдастырушы аукциондық құжаттама бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

Аукциондық құжаттаманың жобасына осы Қағидалардың 190-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманы алдын ала талқылау хаттамасымен бірге аукциондық құжаттаманың жобасын алған веб-портал қатысушысы-әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, аукциондық құжаттаманың бекітілген мәтінін орналастырады.

192. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында аукциондық құжаттаманың жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары қол қояды.

Ұйымдастырушы сатып алуды жүргізген жағдайда аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасына ұйымдастырушының бірінші басшысы қол қояды.

193. Ұйымдастырушы қажет болған жағдайда аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде аукциондық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді. Аукциондық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 181 және 182-тармақтарында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

194. Ұйымдастырушы қажет болған кезде аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына не ескертулеріне жауап ретінде, аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды қоспағанда, аукциондық құжаттаманың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді. Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке және шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды қоспағанда, аукциондық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуді ұйымдастырушы осы Қағидалардың 184-тармағында белгіленген тәртіппен бекітеді.

195. Тапсырыс беруші қажет болған кезде аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы бекітілген шешімді ұйымдастырушыға аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

196. Ұйымдастырушы аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы тапсырыс беруші бекіткен шешім негізінде аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке немесе шарттың жобасына өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізеді.

197. Осы Қағидалардың 190-тармағының 2) тармақшасына сәйкес аукциондық құжаттаманың жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

198. Әлеуетті өнім берушілердің веб-портал арқылы аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде осы Қағидалардың 190-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтіні аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында веб-порталда автоматты түрде орналастырылады.

199. Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелерін түсіндіруді тапсырыс беруші жүзеге асырады.

Аукциондық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктің және шарт жобасының ережелерін түсіндіру мәтіні аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

#### **7-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын ұсыну**

200. Аукцион өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап барлық тілек білдірушілерге аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын веб-порталда тегін алу мүмкіндігі беріледі.

201. Аукциондық құжаттаманы не аукциондық құжаттаманың жобасын веб-порталда аукцион өткізу туралы хабарланған кезге дейін ұсынуға жол берілмейді.

#### **8-параграф. Аукционға қатысуға өтінімдердің мазмұны және оларды ұсыну**

202. Аукционға қатысуға өтінім аукциондық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және Заңның 7-бабымен белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

203. Аукционға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға ұсынатын аукционға қатысуға өтінімде аукциондық құжаттамада санамаланған құжаттар қамтылады, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің:

- 1) Заңның 7-бабымен көзделген шектеулердің жоқ екені туралы;
- 2) өзі мен тапсырыс беруші, ұйымдастырушы не ұйымдастырушы арасында заңда тыйым салынған қатынастардың жоқ екені туралы;
- 3) осы Қағидалардың 336-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісу туралы растауын қамтиды.

204. Аукционға қатысуға өтінім веб-портал аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте қабылданды деп есептеледі.

205. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға бір ғана өтінім береді.

206. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімін мынадай жағдайларда веб-портал автоматты түрде қабылдамайды:

- 1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы аукционға қатысуға өтінім берген болса;
- 2) аукционға қатысуға өтінім осы аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін веб-порталға келіп түссе;
- 3) бастапқы баға осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;
- 4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда.

Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысу үшін ұсынатын аукционға қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі аукционға қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды және аукциондық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келуге тиіс.

207. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімі веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізген кезде өтінім берілген болып есептеледі.

208. Әлеуетті өнім беруші қажет болған жағдайда өзінің аукционға қатысуға өтінімін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта өзгертеді немесе кері қайтарып алады.

Аукционға қатысуға өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

209. Аукционға қатысуға өтінімдерге оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

210. Әлеуетті өнім берушінің аукциондық құжаттамаға сәйкес талап етілетін, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге және (немесе) мемлекеттік дерекқорларға жүгіну арқылы не веб-порталды пайдалана отырып, электрондық нысанды толтыру арқылы алынатын жекелеген құжаттарды ұсынуына жол беріледі.

#### **9-параграф. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

211. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету аукцион тәсілімен тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сәйкестігін әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді берген кезде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

212. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

- 1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;
- 2) электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігі.

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 213 және 214-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы электрондық әмияндағы ақшаны пайдалануына жол берілмейді.

213. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтармайды:

1) аукцион жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса;

2) аукцион жеңімпазы шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шартты және (немесе) соманы орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы аукциондық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

214. Электрондық әмиян арқылы енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды:

1) аукцион жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса;

2) аукцион жеңімпазы шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шартты және (немесе) соманы орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы аукциондық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

215. Осы Қағидалардың 213 және 214-тармақтарында көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы тапсырыс берушіден веб-портал арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса немесе шарт жасасып, осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізбесе, әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянынан Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген шотқа өтінімді қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны аударуды жүзеге асырады.

216. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге өзі енгізген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасы орналастырылғанда;

2) аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартқа қол қоюы және ол шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізуі.

217. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімді ол бұғаттаған қамтамасыз етуін мынадай жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алған;

2) аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартқа қол қоюы және оның сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізуі.

218. Әлеуетті өнім берушінің өзінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талабы бойынша электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің

операторы осындай талап келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларға қатысты бұғаттау жүзеге асырылмаған немесе бұғаттау тоқтатылған көрсетілген ақшаны қайтарады.

### **10-параграф. Аукционды өткізу**

219. Аукцион аукциондық құжаттамада көрсетілген күні және уақытта веб-порталда өткізіледі.

Аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен күннен кейінгі жұмыс күні аукционды өткізу күні болып табылады.

220. Аукцион өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету арқылы өткізіледі.

221. Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасының жарты пайызынан бес пайызына дейін құрайды.

222. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы аукционды өткізу кезінде аукционды өткізу мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушілердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

223. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушыларға аукционға қатысуға өтінімдер беру күні мен уақытына байланысты нөмір беріледі.

224. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін беру күні мен уақыты аукцион хаттамасында белгіленеді.

225. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар аукцион адымы шегіндегі шамаға баға туралы ағымдағы ең төменгі ұсынысты төмендетуді көздейтін, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныстар береді.

226. Аукционды өткізу кезінде аукционның кез келген қатысушысы қажеттілік туындаған жағдайда ағымдағы ең төмен ұсыныс болмаған жағдайда аукцион адымына қарамастан, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан төмендетілген, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс береді.

227. Егер өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы осындай ұсынысты аукционға осы қатысушы берген жағдайда, аукционға қатысушы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ағымдағы ең төменгі ұсыныстан төмен өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс бермейді.

228. Өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы аукционға қатысушылардың ұсыныстарын қабылдау уақыты аукцион өткізу басталғаннан бастап отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейін он минутты

құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың неғұрлым төмен бағасы туралы бірде-бір ұсыныс келіп түспесе, аукцион аяқталады.

229. Веб-портал осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион хаттамасын автоматты түрде қалыптастырады.

230. Егер өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың аукционға басқа қатысушы ұсынған бастапқы бағаға тең бастапқы бағасы ұсынылған жағдайда, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен тауардың бастапқы бағасы ең төмен бастапқы баға деп танылады.

231. Егер аукционды өткізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың бірде-бірі өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс бермесе, бастапқы бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім беруші аукционның бірінші орнын алған әлеуетті өнім беруші болып танылады.

### **11-параграф. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау тәртібі**

232. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

233. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушінің өтінімінен бастайды.

234. Егер әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия мұндай өтінімді біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келеді деп таныған жағдайда, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттама қалыптастырылады. Бұл ретте аукционға қалған қатысушылардың өтінімдері ашылмайды.

Егер әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия мұндай өтінімді біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы аралық хаттама қалыптастырылады. Мұндай жағдайларда аукциондық комиссия бағасы ең төмен бағадан кейінгі болып табылатын әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарауға көшеді.

235. Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аукционға қатысуға арналған әрбір өтінімін аукциондық комиссия аукцион өткізілген және (немесе) мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы аралық хаттама орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды.



236. Қажеттілік туындаған жағдайда аукционға қатысуға өтінімдерді қарау кезінде аукциондық комиссия:

1) аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді сұратуға;;

2) аукционға қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында веб-портал арқылы тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұрайды.

237. Аукционға қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, аукционға қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты аукциондық комиссияның сұрау салуына және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

238. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, аукциондық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

239. Аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама аукциондық комиссияның барлық мүшелерін және аукционға қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы бір мезгілде хабардар ете отырып, біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау аяқталған күні веб-портал автоматты түрде қалыптастырылады және орналастырылады.

240. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамада мыналар қамтиды:

1) аукциондық комиссияның сұрау салулары туралы ақпарат;

2) аукционға қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпаратты, олардың қабылданбау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, ұсынады;

3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған өзге де мәліметтер қоса беріледі.

## **12-параграф. Аукционды өтпеді деп танудың негіздері мен салдары**

241. Аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай негіздердің бірі бойынша өтпеді деп танылады:

1) аукционға қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;

2) аукционға қатысуға екеуден аз өтінім ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады;

3) Егер аукционға қатысушылардың барлығы біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп танылса;

4) Егер аукционға қатысушылардың өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша аукционның бір ғана қатысушысы біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттама талаптарына сәйкес деп танылса, аукцион өткізілмейді.

242. Егер аукцион тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аукцион тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) аукциондық құжаттаманы өзгерту және аукцион тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы.

243. Аукцион тәсілімен қайта сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алуды мынадай жағдайларда жүзеге асыруға құқылы:

1) аукционға қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындайды;

2) аукционға қатысуға екеуден аз өтінім ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру аукционға қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі. Жасалған шарттың бағасы аукционға қатысуға өтінімде көрсетілген әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасынан аспайды.

## **9-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу**

### **1-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру негіздемелері**

244. Егер осындай біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізіледі.

245. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін олардың біреуінің мөлшері осы 244 тармақта көзделгеннен аз бөліктерге бөлуге жол берілмейді.

246. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде осы Қағидалардың 22-тармағының 1) тармақшасында көзделген біліктілік талабын белгілейді.

247. Сенімді бағдарламалық қамтылым тізіліміне енгізілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімінің санаттарына жататын тауарларды және сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне

енгізілген бағдарламалық қамтамасыз етуді және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу алдын ала біліктілік іріктеуі қолданыла отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізіледі.

Әлеуетті өнім берушінің тауарларының электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын сенімді бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде болуы алдын ала біліктілік іріктеуден өтудің шарты болып табылады.

**Ескерту. 247-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 31.10.2022 № 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

248. Тауарлары және осы тауарларды уақытша пайдалану жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық қызметтері осы Қағидалардың 284-тармағында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде орналасқан әлеуетті өнім берушілер арасында жүзеге асырылған сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, тапсырыс беруші осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өзге әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 283-тармағында көзделген негіз бойынша электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган қалыптастыратын тауарлары сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде жүзеге асырылған әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алу өткізілмеді деп танылғанда, сатып алу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен осы тендерге қатысуға өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушіден бір көзден жүзеге асырылады.

**Ескерту. 248-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 31.10.2022 № 1110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізу туралы хабарландыру**

249. Ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін сатып алу туралы мынадай мәліметтерді веб-порталда қазақ және орыс тілдерінде орналастырады :

- 1) бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;
- 2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;

4) тауар жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуының басталу және аяқталу мерзімі туралы;

б) техникалық ерекшелігі көрсетілген шарттың жобасы.

Тапсырыс берушілер ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті әзірлейді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипаттамасында жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес, бар болған жағдайда өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс.

250. Осы Қағидалардың 249-тармағында көзделген орналастырылатын ақпаратта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ өзге де сипаттамаларға нұсқаулардың болуына жол берілмейді, егер мұндай нұсқау сатып алуды жүзеге асырудың мынадай жағдайларын қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындаған жағдайда:

1) негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтылымды (лицензиялық бағдарламалық қамтылымды) қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін;

2) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) тапсырыс берушіде бар тауарды (жабдықты) жөндеу және (немесе) оған техникалық қызмет көрсету үшін;

Ескерту. 250-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын ұсынуы**

251. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда көзделген мәліметтерді қамтитын бір ғана баға ұсынысын береді, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Әлеуетті өнім берушілердің берілген баға ұсыныстарын оларды ұсыну мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алуына жол беріледі. Бұл ретте баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткенге дейін енгізілген өзгерістерімен бірге оларды қайта ұсынуға жол беріледі.

252. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

253. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысына тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар енгізіледі.

254. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысын ұйымдастырушыға веб-портал арқылы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

255. Веб-портал баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданды деп есептеледі.

#### **4-параграф. Баға ұсыныстарын салыстыру және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығару**

256. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі өткеннен кейін веб-портал баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстыруды және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығаруды жүргізеді

257. Ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады

258. Екінші орын алған әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға негізінде айқындалады.

259. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

260. Осы Қағидалардың 342 және 343-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұйымдастырушы мен әлеуетті өнім берушінің арасында оның баға ұсынысына қатысты веб-портал арқылы не веб-порталды қолданбай өзге де тәсілдермен келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

261. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушінің бір ғана баға ұсынысы ұсынылса, веб-портал сатып алуларды автоматты түрде өткізілмеді деп таниды және ұйымдастырушы сатып алуды осы баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіден бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырады. Бұл ретте жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспауға тиіс.

262. Егер баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі ішінде әлеуетті өнім берушілердің бірде-бір баға ұсынысы ұсынылмаса, веб-портал сатып алуды автоматты түрде

өткізілмеді деп таниды және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асырады.

263. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы:

1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кеткен;

2) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда веб-портал автоматты түрде қабылдамауы тиіс.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамауға жол берілмейді.

264. Егер осы Қағидалардың 263-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын веб-портал автоматты түрде қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің екі баға ұсынысынан кем қалса, онда мұндай сатып алу өткізілмеді деп танылады және ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асырады.

265. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама олар жасалғаннан кейін осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-порталда автоматты түрде орналастырылады.

#### **5-параграф. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

266. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізіледі.

Бірнеше лот бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысқан жағдайда әлеуетті өнім беруші өтінімді қамтамасыз етуді әрбір лотқа жеке ұсынады.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сәйкестігін әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінім берген кезде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

267. Әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігі.

Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Осы Қағидалардың 268 және 269-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электрондық әмияндағы ақшаны электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі операторының пайдалануына жол берілмейді.

268. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге қайтармайды:

- 1) жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) жеңімпаз шарт жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

269. Электрондық әмиян арқылы енгізілген баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтармайды:

- 1) жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;
- 2) жеңімпаз сатып алу туралы шарт жасасып, сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

270. Осы Қағидалардың 268 және 269-тармақтарында көзделген жағдайлардың бірі туындаған кезде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы тапсырыс берушіден веб-портал арқылы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянынан Тапсырыс берушінің өтінішінде көрсетілген шотқа өтінімді қамтамасыз ету бойынша бұғатталған ақшаны аударуды жүзеге асырады.

271. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге ол енгізген электрондық банк кепілдігі түріндегі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

**1) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2) сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Көрсетілген жағдай баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алулардың жеңімпазы болып айқындалған қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің сатып алу туралы шартқа қол қоюы және оның шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі.

**Ескерту. 271-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

272. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушіге ол оқшаулаған баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда автоматты түрде бұғаттан шығарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің өтінімін кері қайтарып алған;

2) сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған. Көрсетілген жағдай баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шартқа қол қойылғанда және ол шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде.

273. Әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянында орналастырылған ақшаны қайтару туралы талап етуі бойынша бірыңғай электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы осындай талап түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұғаттау немесе тоқтатуды бұғаттамауды жүзеге асырмағандар қатысында көрсетілген ақшаны қайтарады.

## **10-тарау. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

### **1-параграф. Жүргізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру**

274. Жүргізілмеген сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу веб-порталда мынадай жүйелі іс-шаралардың орындалуын көздейді:

1) тапсырыс берушінің бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешім қабылдауы;

2) тапсырыс берушінің бір көзден алу тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу үшін сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауы;

3) сатып алуды ұйымдастырушының веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу туралы шақыруды жіберуі;

4) осы Қағидалардың 155-тармағының 1) тармақшасында, 243-тармағының 1) тармақшасында және 284-тармақта көзделген жағдайларда әлеуетті өнім берушіні айқындау осы Қағидалардың 290, 291, 292 және 293-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады;



5) әлеуетті өнім берушінің веб-портал арқылы сатып алуды ұйымдастырушыға шақыруда көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес сатып алу веб-порталы арқылы бір көзден сатып алуға қатысу туралы келісімді жіберуі;

6) бір көзден алу тәсілімен сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу қорытындылары, бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға ұсынылатын бағаны негіздеу бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші ұсынған, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды веб-портал арқылы сатып алуды ұйымдастырушының қарауы;

7) бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастыру;

8) тапсырыс берушінің бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама негізінде әлеуетті өнім берушімен шарт жасасуы;

9) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды өткізу қорытындылары туралы есепті осы қағидалардың 19 қосымшасына сәйкес орналастыру веб-порталда орналастыру.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6) және 9) тармақшаларының талаптары Қағидалардың 261-тармағында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қолданылмайды.

**Ескерту. 274-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

275. Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешімді осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша сатып алу өткізілмеді деп танылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

276. Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидаларда көзделген мерзімдерде веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушіге бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

Әлеуетті өнім берушіге шақыру жіберу, оларға веб-портал арқылы қажетті ақпарат беру және сатып алуды ұйымдастырушының бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы веб-порталда орналастыруы туралы талаптар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын бір көзден алу тәсілімен сатып алуға және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтерге қолданылмайды

277. Ұйымдастырушы сатып алуды ұйымдастырған және жүзеге асырған кезде, тендер (аукцион) тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, әлеуетті өнім

берушіні айқындауды және әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберуді Тапсырыс беруші Заңға және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

278. Бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұйымдастырушы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін шақырған тендерге (аукционға) қатысушы, егер ол осы тендерге (аукционға) қатысуға жіберілген болса, осы ұйымдастырушыға осы қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қайта ұсынбайды.

Бұл ретте шақыруда қамтылған мәліметтер өткізілмеген деп танылған тендердің (аукционның) тендерлік құжаттамасының (аукциондық құжаттамасының) шарттарына сәйкес келуге тиіс. Өткізілген жоқ деп танылған тендердің (аукционның) тендерлік құжаттамасында (аукциондық құжаттамасында) көзделген мерзімдерге ағымдағы қаржы жылы шегінде, бірақ бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүргізуге жұмсалған мерзімнен асырмай тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін асыруға жол беріледі.

279. Ұйымдастырушы бір көзден сатып алу тәсілімен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілмеген сатып алу бойынша жүзеге асырылатын сатып алуды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарды олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, мұндай жағдайда әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 22-тармағының 1) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына ғана сәйкес келуі тиіс.

280. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім беруші сұратылған ақпаратты ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастырады және веб-порталға орналастырады.

281. Осы тендерге (аукционға) қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы себебінен тендер (аукцион) тәсілімен қайта сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде веб-портал арқылы осы Қағидалардың 275, 276 және 277-тармақтарының қағидалары бойынша Тапсырыс беруші айқындаған әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді.

282. Осы тендерге (аукционға) қатысуға екеуден аз өтінім ұсыну себебі бойынша тендер (аукцион) тәсілімен қайта сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы осы тендерге (аукционға) қатысуға өтінім ұсынған әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді.

283. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген мерзім ішінде әлеуетті өнім берушінің бір ғана баға ұсынысы ұсынылған жағдайда, Веб-портал қорытындылар хаттамасы орналастырылған күні автоматты

түрде осы баға ұсынысын берген әлеуетті өнім берушіге шақыру жібереді. Бұл ретте шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан аспауға тиіс.

284. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген мерзім ішінде әлеуетті өнім берушілердің бірде-бір баға ұсынысы ұсынылмаған жағдайда, ұйымдастырушы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды осы Қағидалардың 10-тарауы, 1-параграфына сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 284-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

285. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 281, 282, 283 және 284-тармақтарында көзделген жағдайларда бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға келіскен кезде, осы әлеуетті өнім беруші күнтізбелік бес күн ішінде ұйымдастырушыға веб-портал арқылы шақыруда көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өзінің қатысу туралы растауын жібереді.

### **2-параграф. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану негіздемелері**

286. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген;

2) әлеуетті өнім және тендерлік (аукциондық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген;

3) егер әлеуетті өнім берушіде Заңның 7-бабында көзделген сатып алуға қатысумен байланысты шектеулер болған;

4) егер әлеуетті өнім беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысудан бас тартқан жағдайларда жүргізілмеді деп танылады.

Егер бір көзден алу тәсілімен сатып алу Қағидалардың осы тармағының негізінде өткілімеді деп танылған жағдайда, сатып алу осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен жүзеге асырылады.

### **3-параграф. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру**

287. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) табиғи монополиялар, сондай-ақ энергиямен жабдықтау салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді сатып алу немесе электр энергиясын кепілдік беретін берушімен электр энергиясын сатып алу-сату, сондай-ақ қосылған желі арқылы сумен жабдықтау, сарқынды суларды (кәрізді), табиғи газды, су мен жылу энергиясын бұру көрсетілетін қызметтерін сатып алу;

2) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген тұлғадан осы жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарды сатып алу;

3) Тапсырыс берушінің оқшауланған бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету үшін шет мемлекеттің аумағында (Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің және өзге де күзетілетін адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

6) сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу:

Қазақстан Республикасының Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары арқылы жүзеге асырылады;

Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде;

7) ғарыш түсірілімдерін сатып алу;

8) мамандандырылған авиажөндеу кәсіпорындарында авиациялық техниканы жөндеу жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

**9) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10) көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің, тағылымдамалардың, мастер-класстардың материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны және көрсетілген іс-шараларға қатысуды ұйымдастыру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алғаны үшін ақы төлеу;

11) тапсырыс берушінің:

тендер қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдалану туралы заңнама шеңберінде өнім беруші ретінде жасаған сатып алу туралы;

басқа елдердің заңнамасы шеңберінде өнім беруші ретінде өзі жасаған сатып алу туралы (экспорттық келісімшарттар);

мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау

үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы, бұл ретте мұндай шешімді тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы және (немесе) байқаушы кеңесі (алқалы атқарушы органы/байқаушы кеңесі болмаған жағдайда, басқару органы және (немесе) жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) қабылдайды;

"электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының міндеттерін (өкілеттіктерін) орындау шеңберінде оның өнім беруші ретінде жасаған сатып алуы туралы;

12) егер тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы және (немесе) байқаушы кеңесі (алқалы атқарушы органы/байқаушы кеңесі болмаған жағдайда, басқару органы және (немесе) жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) бекіткен тізбе бойынша күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті (хабарландыру берілген кезден бастап тендер қорытындылары бойынша шарт жасалғанға дейінгі, үш айдан артық емес кезеңге) сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі болса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

13) төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, теміржол, әуе, автомобиль, теңіз көлігі, байланыс объектілеріндегі, тазарту құрылыстарындағы, мұнай құбыржолдарындағы, газ құбыржолдарындағы және өзге де қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды жою үшін, сондай-ақ жүру жолында коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектер мен материалдардың дереу қалпына келтіруді талап ететін сынуы, істен шығуы, қалпына келтіруді талап ететін технологиялық процеске тартылған жабдықтардың, тетіктердің сынуы, істен шығуы туындаған кездегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

14) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған себептер мен салдарларды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу.

Бұл ретте, мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тапсырыс берушінің басқару органының (Директорлар кеңесінің) шешімі негізінде жүзеге асырылады;

15) бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты дайындау және орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ веб-сайттарда, оның ішінде халықаралық ақпараттық ұйымдарда орналастырылған ақпаратты беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, әртүрлі магниттік жеткізгіштермен басылған дыбысталған кітаптарды, рельефті-нүктелік қаріппен басылған кітаптарды, көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге арналған тифлоқұралдарды сатып алу;

16) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын жүзеге асыратын ұйымдардың жасалған шарттар шеңберінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныс тапсырысы туралы заңнамасында айқындалған мемлекеттік қорғаныс тапсырысының құрамына кіретін әскери және қос мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды беруге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге, сондай-ақ

мемлекеттік қорғаныс тапсырысының құрамына кіретін әскери және қос мақсаттағы (мақсаттағы) өнім өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, қолдану үшін сатып алуы;

17) ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда, сондай-ақ қауіптілігі жоғары жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді, машиналар мен тетіктерді міндетті медициналық қарап-тексеру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18) теңіз агентінің, теңіз брокерінің көрсетілетін қызметтерін сатып алу;

19) өлшем құралдарын және навигациялық жабдықты салыстырып тексеру және калибрлеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актіде айқындалған тұрғын емес мақсаттағы үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды жалға алу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

тұрғын емес мақсаттағы жалға алынатын үйді, құрылысты, ғимаратты, үй-жайды техникалық күтіп-ұстау, күзету және оған қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

тұрғын емес мақсаттағы бір немесе бірнеше тұрғын емес үй-жайларды өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға, егер бұл қызметтер тапсырыс берушіге өтеусіз пайдалануға және (немесе) жедел басқаруға берілген тұрғын емес үй-жайлар орналасқан ғимараттағы тұрғын емес үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаға немесе тұлғаларға көрсетілсе;

21) объектілерде олардың орналасқан жерінің құпиялылығын сақтауды көздейтін жұмыстарды сатып алу;

22) полигондық сынақтарға байланысты тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

23) әскери-техникалық ынтымақтастық туралы және Қазақстан Республикасы мен басқа елдер арасындағы Өнеркәсіптің қорғаныс салалары кәсіпорындарының өндірісі мен ғылыми-техникалық кооперациясы туралы шарттарды/келісімдерді орындау шеңберінде әскери және қос мақсаттағы тауарларды (жиынтықтаушы және қосалқы материалдарды) сатып алу;

24) инвестициялық стратегиялық жобаларды, инвестициялық саясатты, инвестициялық іс-шараларды іске асыру, инвестициялық ұсыныстарды дайындау мақсатында жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ инвесторларды сүйемелдеу;

25) кірме жолдарды пайдалану қызметтерін сатып алу;

26) спутниктік ресурсты жалға алу бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

27) халықаралық рейтингтік агенттіктердің көрсетілетін қызметтерін, қаржылық көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

28) акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың акцияларын қор нарығында орналастыру жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

29) ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросының және ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін шикізатты, құралдар мен шығыс материалдарын сатып алу;

30) телебағдарламаларды тарату, трансляциялау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде спутниктер мен жерүсті құрылыстары арқылы сатып алу;

31) білім беру бағдарламаларын, техникалық көмекті, тестілік аккредиттеуді және аккредиттеуді қамтитын жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ холдинг клиникаларын халықаралық аккредиттеуге дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

32) акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Тапсырыс берушіге тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардан, Тапсырыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) жиырма бес және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардан, сондай-ақ тапсырыс берушілер құрылтайшысы болатын мекемелерден олардың қызметінің негізгі нысанасы бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

**33) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34) тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, оларды реконструкциялау мен күрделі жөндеуді авторлық қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

**35) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен мақұлданған шарттарда Ұлттық басқарушы холдинг сатып алған екінші деңгейдегі банктің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

37) вакциналарды, медициналық және ветеринариялық препараттарды, диагностикалық тест-жүйелерді, патогенді биологиялық агенттерді бейтараптандыруға арналған препараттарды өндіру үшін химиялық реагенттер мен компоненттерді, шығын және орау материалдарын сатып алу;

38) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар деректерді



өңдеу орталықтарын сатып алу немесе салу, деректерді өңдеу орталықтары үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін сатып алу;

39) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын офтейк-келісімшарттардың нысанасы болып табылатын тауарларды сатып алу.

Ескерту. 287-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.12.2022 № 1263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.01.2023 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2024 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2024 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

288. Шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушілердің бастамасы бойынша және (немесе) тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша веб-портал арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындайды және онымен веб-портал арқылы шарт жасасады.

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген сатып алу қағидатын сақталуына дербес жауапты болады.

Ескерту. 288-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

289. Осы Қағидалардың 287-тармағы 12) тармақшасы негізінде сатып алуды жүзеге асырған кезде тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жарнамасындағы, каталогтарындағы, сипаттамаларындағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес көпшілік оферта болып танылған белгісіз тұлғалар тобына арналған басқа ұсыныстардағы жалпыға қол жетімді ақпарат көздерін зерделеу арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде осындай (ұқсас) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салулар веб-портал арқылы жібереді.



Ескерту. 289-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

290. Әлеуетті өнім берушіге жіберілетін коммерциялық ұсыныстар беруге сұрау салу осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша веб-портал арқылы ресімделеді.

291. Әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары жеткізілетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сипаттамалары сипатталған прайс-парақтар және басқа да растайтын құжаттар түрінде ұсынылуы мүмкін.

292. Тапсырыс беруші шарт жасасу мақсатында әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді.

Шарттың жобасына әлеуетті өнім беруші оны веб-портал арқылы алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қояды (электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырады).

Егер әлеуетті өнім беруші осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қоймаса (электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырмаса) тапсырыс беруші осы әлеуетті өнім берушіге жіберілген шарт жобасын кері қайтарып алады

Сатып алу веб-порталы арқылы шарт жасасу жөніндегі талаптар осы Қағидалардың 287-тармағының 1), 3), 5), 6), 13), 14), 16), 23), 27) және 36) тармақшаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды, сондай-ақ шарттың жобасы қағаз тасығышта жіберілетін бейрезидентпен шарт жасасу жағдайларына қолданылмайды.

Осы Қағидалардың 287-тармағына сәйкес жасалған шарттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, үлгілік нысан бойынша жасалмауы мүмкін.

Ескерту. 292-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

293. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы есепті веб-порталда шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырады.

Есепте өнім берушіні таңдаудың негіздемелері, жасалған сатып алу туралы шарттың бағалары, сондай-ақ сатып алу туралы шарттың өзге де талаптары қамтылады.

294. Осы Қағидалардың 288 және 293-тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 45-бабының 4-тармағына сәйкес мәліметтерді қамтитын тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен

сатып алуға, сондай-ақ бейрезидентпен шарт жасасқан жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 287-тармағының 3), 4), 16), 19), 36) және 37) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын сатып алуға қолданылмайды.

**Ескерту. 294-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 12.12.2022 № 1263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **11-тарау. Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алуды жүзеге асыру**

295. Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алу "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық тауарлар тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

296. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды сатып алудың жылдық көлемі биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең төменгі мөлшерінен аспаған жағдайда, тапсырыс беруші тауарларды сатып алуды жүзеге асырудың өзге тәсілін таңдайды.

## **12-тарау. Электрондық дүкен арқылы сатып алуды жүзеге асыру**

297. Электрондық дүкен арқылы сатып алу жалпы құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларға жүргізіледі.

297-1. Электрондық дүкен арқылы сатып алу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағида 297-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-2. Электрондық дүкен арқылы сатып алу сатып алудың жоспары негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағида 297-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-3. Электрондық дүкен арқылы сатып алу келесі ретпен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс беруші электрондық дүкеннен тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін тауарды таңдайды және осындай тауарды сатып алуға тапсырысты ресімдейді;

2) электрондық дүкенде тауарлар және олардың бағалары туралы ақпаратты орналастырған әлеуетті өнім беруші тапсырысты растау немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

3) әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған жағдайда шарт жасалады.

Ескерту. Қағида 297-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-4. Тапсырыс беруші таңдаған тауарға тапсырысты ресімдеуге осы Қағидалардың 297-12-тармағында көзделген шектеулері жоқ екі әлеуетті өнім берушінің қолданыстағы кемінде екі баға ұсынысы болған кезде жол беріледі.

Бұл ретте тауар туралы ақпарат электрондық дүкенде орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін электрондық дүкенде тапсырысты ресімдеу үшін қолжетімді болады.

Ескерту. Қағида 297-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-5. Электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және тапсырысты тауардың бағасы межелі пунктке дейін тауарды жеткізу құнын ескере отырып, ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Егер тапсырыс беруші электрондық дүкен арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауарды өзі алып кету жолымен жеткізу тәсілін таңдаса, электрондық дүкен әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын автоматты түрде салыстырады және тапсырысты тауардың бағасы межелі пунктке дейін тауарды жеткізу құнын есепке алмағанда, ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Ескерту. Қағида 297-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-6. Тапсырысты әлеуетті өнім беруші хабарлама жіберілген сәттен бастап үш сағат ішінде жұмыс күндері жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін) растайды. Егер тапсырысты растау туралы хабарлама Астана уақытымен сағат 15:00-ден кейін жіберілсе, сағатты есептеу сағат 18:00-де тоқтайды. Тапсырысты растау үшін қалған уақыт келесі жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден бастап қайта басталады.

Ескерту. Қағида 297-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

297-7. Әлеуетті өнім беруші тапсырысты растаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. Қағида 297-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-8. Тапсырыс беруші бір тапсырыста электрондық дүкеннің бір санатына енгізілген, біріктірілген лотқа енгізілетін тауарлардың бірнеше түрін таңдауға құқылы және тапсырыстағы тауарлардың ең аз жиынтық құнын ұсынған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. Қағида 297-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-9. Электрондық дүкен арқылы сатып алу нәтижелері бойынша:

1) сатып алу жеңімпазы мен тапсырыс берушінің арасында Заңда және осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен және мерзімде осы Қағидалардың 304-тармағына сәйкес шарт жасалады.

Бұл ретте шартқа қосымша болып табылатын техникалық ерекшелік электрондық дүкенде орналастырылған фотосуреттерді қоса алғанда, тауардың барлық техникалық сипаттамалары негізінде қалыптастырылады;

2) есеп автоматты түрде қалыптастырылады, онда сатып алуды жүзеге асыру процесі, оның ішінде тауарлар мен олардың бағалары туралы ақпаратты электрондық дүкенге орналастырған әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтер тіркеледі. Есеп осы Қағидаларға 21-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады. Бұл ретте есеп мәліметтері сатып алу мәртебесінің, оның ішінде шарттың орындалу мәртебесінің өзгеруіне қарай веб-порталмен автоматты түрде жаңартылады.

Ескерту. Қағида 297-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-10. Бір тапсырыста әртүрлі қаржы кезеңдерінде қаржыландыру көзделген тауарларды көрсетуге жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 297-10-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-11. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынан бұрын орналастырылған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Ескерту. Қағида 297-11-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

297-12. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын электрондық дүкен келесі жағдайларда автоматты түрде қабылдамауға тиіс:

- 1) егер ол осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;
- 2) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда;
- 3) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы осы Қағидалардың 297-17-тармағына сәйкес демпингтік баға болып танылса.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамауға жол берілмейді.

**Ескерту. Қағида 297-12-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-13. Әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзім ішінде тапсырыстан бас тартқан немесе растамаған жағдайда, тапсырыс беруші айқындаған жеткізу шарттарын ескере отырып, тауардың бағасы ең төмен бағадан кейінгі болып табылатын әлеуетті өнім берушіге автоматты түрде жіберіледі.

**Ескерту. Қағида 297-13-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-14. Егер екі жұмыс күні ішінде тапсырысты әлеуетті өнім берушілердің бір де бірі растамаса, электрондық дүкен арқылы сатып алу өтпеді деп танылады.

**Ескерту. Қағида 297-14-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-15. Электрондық дүкен арқылы сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші келесі:

- 1) электрондық дүкен арқылы сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) Заңның 11-бабында айқындалған өзге де бәсекелес тәсілдермен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

**Ескерту. Қағида 297-15-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-16. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі талаптар құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын шарттар бойынша өнім берушілерге қолданылмайды.

**Ескерту. Қағида 297-16-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

297-17. Әлеуетті өнім берушінің электрондық дүкенде орналастырылған тауарға баға ұсынысы, егер ол көрсетілген тауарға ақпарат орналастырған әлеуетті өнім берушілердің барлық баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан елу пайыздан астам төмен болса, демпингтік деп танылады.

Мұндай баға ұсынысын электрондық дүкен автоматты түрде қабылдамайды.

**Ескерту. Қағида 297-17-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

298. Тапсырыс беруші тауарлардың электрондық дүкеннен сатып алу жеңімпазын айқындаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы жеңімпазға шартқа қол қоятын тұлға және шартты ресімдеу үшін өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерді сұрату жібереді.

Бұл ретте осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушілерге шарт жасасудан бас тартуға жол берілмейді.

299. Сатып алу осы Қағидалардың 297 тармағына сәйкес мынадай жағдайларда тауарлардың электрондық дүкеннен пайдаланбай жүзеге асырылады:

- 1) тауарлардың электрондық дүкенінде сатып алынатын тауарлардың болмауы;
- 2) тауарлардың электрондық дүкенінде тауарды орналастырған әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюдан бас тартуы негіз болып табылады;
- 3) Тапсырыс берушінің өңірі үшін тауарлардың электрондық каталогында орналастырылған сатып алынатын тауарларды жеткізу қолжетімсіз болған;
- 4) тауарлардың электрондық дүкенінде орналастырылған тауар құнының тапсырыс беруші сатып алатын тауардың жоспарлы сомасынан асып кетуі.

Бұл ретте осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда шартқа техникалық ерекшелік үшін сатып алынатын тауарлардың сипаттамалары тауарлардың электрондық каталогының мәліметтерінен қалыптастырылады.

### **13-тарау. Заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумның) сатып алуға қатысуының шарттары**

300. Заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциум) сатып алуға қатысқан жағдайда, осы консорциумның қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар өз біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттармен қатар мынадай құжаттардың электрондық көшірмелерін, не электрондық құжаттарды ұсынуға тиіс:

- 1) заңды тұлғалардың мүшелері арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт (консорциялық келісім);
- 2) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартта көзделген қызмет ббөлігінде тауарларды ұсыну, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету құқығына лицензия.

Консорциум тендерге қатысқан жағдайда тендерлік баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді есептеу консорциалдық келісіммен айқындалған консорциумның негізгі қатысушысына қатысты қолданылады.

Бұл ретте шарт тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады.



301. Консорциумның барлық қатысушылары осы Қағидалардың 22-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес болуы қажет, сондай-ақ Заңның 7-бабында көзделген шектеулері болмауы қажет.

302. Консорциумның бір немесе бірнеше қатысушысы тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес, айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын құқық қабілеттілігі болуы бөлігінде көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда, консорциум біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Бұл ретте, консорциумның негізгі қатысушысының Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес, айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын құқықтық қабілеттілігі өткізілетін сатып алу нысанасына сәйкес келеді.

303. Консорциумның негізгі қатысушысы көрсетілген талаптарға сәйкес болған жағдайда консорциум осы Қағидалардың 22-тармағы 5) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

## **14-тарау. Шарт**

### **1-параграф. Шарт жасасу**

304. Заңның 7-бабында көзделген сатып алуға қатысумен байланысты шектеулері бар тұлғаны қоспағанда, тапсырыс беруші жеңімпазға веб-портал арқылы осы Қағидаларға 22, 23, 24, 25 және 26-қосымшаларға сәйкес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгі шарттарға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын:

1) тендер (аукцион) тәсілімен сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға шағымданду мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы айқындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

305. Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде алдын ала жылдық сатып алу жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын сатып алу нәтижелеріне шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама) бекітілгенге дейін аяқталған және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасы) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шарт), шарт жобасы жеңімпазға жіберіледі. тиісті бюджет (өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (

немесе) бизнес-жоспар және (немесе) кірістер сметасы) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде және шығыстар) және (немесе) мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған шарт).

380. Арнаулы мемлекеттік органдардың сатып алуды ұйымдастырушысын қоспағанда, сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды өткізу басталғанға дейін екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 383-тармағында белгіленген талаптарға олардың сәйкестігіне тексеру жүргізе отырып, өтінішхат берген әлеуетті өнім берушілердің тізімін веб-порталда қалыптастырады.

Бұл ретте, қажеттілік туындаған жағдайда егер өткізілетін сатып алуға қатысу туралы өтінішхаттар екеуден кем әлеуетті өнім берушіден түспеген немесе келіп түскен жағдайда не сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидалардың 385-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігіне жүргізген тексеруден кейін бір әлеуетті өнім берушіге жол берілген жағдайда, мекенжайына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімі толықтырылады.

Өтініш берген және осы Қағидалардың 383-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілер атына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізіледі.

381. Арнаулы мемлекеттік органдардың сатып алуын ұйымдастырушыны қоспағанда, сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Тізімге енгізілмеген әлеуетті өнім берушілерге олардың енгізілмеу себептерін көрсете отырып, әлеуетті өнім берушінің өтінішхатынан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Әлеуетті өнім берушінің қолдаухатынан бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің тізімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жіберіледі.

382. Атына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін тапсырыс беруші Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып жасайды және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

Тендерге қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін сатып алуды ұйымдастырушы жасайды және оны ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға не аппарат басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

383. Хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушы мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жүргізілетін жұмыстарға рұқсат өткізілетін сатып алу нысанасына сәйкес келетінін;

2) Заңның 7-бабында көзделген шектеулер болмаған жағдайды;

3) сатып алу веб-порталында тиісті тіркеудің болуын есере отырып, қалыптастырады.

Бұл ретте мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланылатын сатып алуды жүзеге асыру кезінде ғана мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге рұқсаттың болуы міндетті.

Атына хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің тізімі веб-порталда сатып алуды ұйымдастырушымен қалыптастырылады.

Әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.

384. Оларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге әлеуетті өнім берушінің оларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығы талап етілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс беруші тиісті құқықтары бар әлеуетті өнім берушілер қатарынан тендерге қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

Азық-түлік тауарларын және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тапсырыс беруші отандық тауар өндірушілер және/немесе отандық кәсіпкерлер қатарынан тендерге қатысуға шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

**6-параграф. Әлеуетті өнім берушілерді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабардар ету**

385. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы бойынша хабарламаға жауап ретінде сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың көшірмесін жібереді және орналасқан жері, пошталық мекенжайы туралы мәліметтерді, сондай-ақ тендерлік құжаттаманы алған тұлға туралы басқа да мәліметтерді көрсете отырып, бекітілген тендерлік құжаттаманы ұсыну фактісінің хронологиялық тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етеді.

386. Тендер тәсілімен қайта сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ тендерге қатысуға өтінімдер берудің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын осы Қағидалардың 382-тармағында көзделген талаптарды орындауға міндетті.

387. Сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында (хабарламасында) қамтылған мәліметтер тендерлік құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

#### **7-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге тендерлік құжаттаманың көшірмесін ұсыну**

388. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарланған күннен бастап сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлғада болған жағдайларда, тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушіге (оның уәкілетті өкіліне) тендерлік құжаттаманың көшірмесін қағаз жеткізгіште әлеуетті өнім беруші өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады (жібереді).

389. Сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайларда - тендер комиссиясының хатшысы:

1) тендерлік құжаттаманың көшірмесін алуға тиісті түрде ресімделген әлеуетті өнім беруші өкілінің өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына осы Қағидалардың 390-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді енгізеді;

3) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкіліне тендерлік құжаттаманың көшірмесін қол қойғызып ұсынады не пошта байланысын пайдалана отырып жібереді;

4) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады

390. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналында мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы және өткізу мерзімі;

2) тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың орналасқан жері;

3) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

4) әлеуетті өнім берушінің толық атауы, орналасқан жері және байланыс телефондары;

5) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған уақыты мен күні;

6) егер мұндай төлемақыны алу туралы нұсқау тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада қамтылса, тендерлік құжаттаманың көшірмесін бергені үшін төлемақыны енгізу фактісі қоса беріледі.

391. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған адамдарды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және сатып алуды ұйымдастырудың уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда - тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған адамдарды тіркеу журналының соңғы беті сатып алу ұйымдарының мөрімен бекітілуі тиіс.

392. Тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаға дейін тендерлік құжаттаманың көшірмесін ұсынуға жол берілмейді.

#### **8-параграф. Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру**

393. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру, тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесуді ұйымдастыруды, түсіндірме мәтіндерін жіберуді сатып алуды ұйымдастырушылар жүргізеді.

Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күні өткенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде өз бастамасы бойынша немесе тұлғалардың сұрау салуына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен

кешіктірмей, олар туралы мәліметтер осы Қағидалардың 390-тармағында көзделген тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін өтеусіз негізде жіберуге міндетті.

Тендерге қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартылады.

Олар туралы мәліметтер тіркеу журналына енгізілген тұлғалар сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, бірақ тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзіміне дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүгінеді. Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу тендерлік құжаттамада көрсетілген тәсілдермен сатып алуды ұйымдастырушыға жіберіледі.

Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, олар туралы мәліметтер осы Қағидалардың -тармағында көзделген тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіруді жібереді.

Сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған жағдайда тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін олар туралы мәліметтер осы тіркеу журналына енгізілген тұлғалардың уәкілетті өкілдерімен тендерлік құжаттамада көрсетілген белгілі бір жерде және тиісті уақытта кездесу өткізеді. Сатып алуды ұйымдастырушы мүдделі тұлғалармен көрсетілген кездесу өткізілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес алдын ала талқылау хаттамасын ресімдейді және қол қояды.

Тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама ресімделген және оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік комиссияға, сондай-ақ олар туралы мәліметтер осы тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға көрсетілген хаттаманың көшірмесін жібереді.

394. Әлеуетті өнім берушілермен кездесу хаттамасына сатып алуды ұйымдастырушыны ұсынған тұлғалар, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қояды.

395. Егер тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу тендерлік құжаттамада белгіленген кездесу өткізілетін күн мен уақытта әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен өткізілмеген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындай факт туралы тендерлік комиссияны жазбаша хабардар етеді.

## **9-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдердің мазмұны және оларды ұсыну**

396. Тендерге қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада белгіленген талаптармен және шарттармен келісімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің

ол туралы Заңның 7-бабында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

397. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші ұсынатын тендерге қатысуға арналған өтінімде сатып алуды ұйымдастырушыға:

1) үлгілік тендерлік құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім беруші толтырған және қол қойған өтінім;

2) тендерлік құжаттамада көзделген біліктілік талаптарына оның сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын құжаттардың тізбесі қамтылуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушінің - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның өтінімінде жеке куәліктің көшірмесі болуы тиіс (бұл ретте, тапсырыс беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелуінің болуы туралы ақпаратты қажет болған жағдайда: [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) "Электрондық сервистер/салық төлеушілерді іздеу" қосымша бетіндегі сайттан алады).

398. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді беттері нөмірленген, тігілген түрде ұсынады және соңғы беті оның қолымен және мөрімен расталады (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса).

Тендерге қатысуға өтінімнің техникалық ерекшелігі (тігілген түрде, беттері нөмірленген, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған (жеке тұлға үшін, егер мұндай бар болса) және тендерге қатысуға өтінімнің қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке қоса беріледі.

399. Тендерге қатысуға өтінім нысаны басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюы және мөрмен бекітілуі (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса) тиіс.

400. Тендерлік өтінімде әлеуетті өнім берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ендірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмайды.

401. Тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін мөрленген конвертте ұсынады, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" деп жарияланса, тендерге қатысуға өтінімді ашылмаған күйінде қайтару мақсатында), сатып алуды ұйымдастырудың толық атауы мен пошталық мекенжайы, тендер тәсілімен сатып алудың атауы, сондай-ақ: "Сатып алу бойынша тендер (тендердің атауы көрсетілсін) "және" мыналарға дейін ашпаңыз: (тендерге қатысуға өтінімдерді ашу күні мен уақыты көрсетілсін)".

402. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған тендерге қатысуға өтінім салынған Конверт тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.



403. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада белгіленген мерзім ішінде тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды.

404. Сатып алуды ұйымдастырушы:

1) әлеуетті өнім берушінің атынан тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынған әлеуетті өнім беруші өкілінің өкілеттіктерін Құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерде осы Қағидалардың 401-тармағында көзделген мәліметтердің болуын тексереді. Осы Қағидалардың 401-тармағының талаптарын бұза отырып ресімделген тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер тіркелуге жатпайды және қайтарылады:

әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдер салынған конвертті пошта байланысы алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынған әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі дереу;

3) тендерге қатысуға өтінімдер салынған тиісті түрде ресімделген конверттерді қабылдайды және тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына осы тармақта көзделген мәліметтерді енгізеді;

4) тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерге қатысуға енгізілген өтінімге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

5) тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны кері қайтарып алған жағдайда, тендерге қатысуға өтінімді қайтаруды қамтамасыз етеді.

Тендерге қатысуға өтінім салынған, оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылған Конверт тіркелуге жатпайды және осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қайтарылады.

Әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы көрсетілмей ұсынылған тендерге қатысуға өтінім салынған конверт тіркелуге және ашылуға жатпайды.

405. Мәліметтері мемлекеттік құпияларды құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тендерге қатысуға өтінім жібереді.

406. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында мынадай мәліметтерді:

1) тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауын және өткізу мерзімін;

2) тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының толық атауын, олардың пошталық мекенжайын;

3) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

4) әлеуетті өнім берушінің толық атауын және пошталық мекенжайын;

5) тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті тіркеу күні мен уақытын;

6) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтініміне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетеді.

Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында мұндай бас тартудың себебін баяндай отырып, тендерге қатысуға өтінімді тіркеуден бас тартылған әлеуетті өнім берушілерді көрсетеді.

Тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда - тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды. Тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналының соңғы беті сатып алуды ұйымдастырушының мөрімен бекітілуге тиіс.

Бір қаржы жылы ішінде тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді барлық сатып алу бойынша тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеудің бірыңғай журналын жүргізуге жол беріледі.

Әлеуетті өнім беруші өзінің тендерге қатысуға өтінімін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін өзгерте немесе кері қайтара алады.

Өзгерістер енгізу тендерге қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуға, мөрленуге және табыс етілуге тиіс.

407. Тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама әлеуетті өнім беруші қол қойған және мөрмен бекітілген (жеке тұлға үшін, егер мұндай бар болса) сатып алу ұйымдарының атына еркін өтініш түрінде ресімделеді.

408. Тендерге қатысуға өтінімге өзгерістер енгізу не тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер олар сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болып табылады.

409. Тендерге қатысуға өтінімдерге оларды ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін ешқандай өзгерістер енгізілмеуге тиіс.

#### **10-параграф. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

410. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін тендерге (лотқа) бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде енгізеді. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тендерлік өтінім ұсынылатын лоттарға ғана енгізеді.

411. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші тендер лоттарының жалпы сомасына (әлеуетті өнім беруші қатысатын) немесе тендердің әрбір лотына (әлеуетті өнім беруші қатысатын) жеке жасайды.

**Ескерту. 411-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

412. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді:

әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнасы;

үлгілік тендерлік құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес банктік кепілдігі түрде енгізеді.

**Ескерту. 412-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

413. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем емес. Әлеуетті өнім берушінің өтінімнің өзін ұзарту мерзіміне банк кепілдігінің қолданылу мерзімін ұзартуына жол беріледі.

414. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ете алмайтын барлық тендерлік өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермейтіндей етіп қабылдамайды.

415. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

1) әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертсе және (немесе ) толықтырса;

2) тендерге қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде өзінің тендерлік баға ұсынысын ұсынбаса не кері қайтарып алса;

3) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

4) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасып, тендерлік құжаттамада белгіленген, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаса не уақтылы орындамаса қайтармайды.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі басталған кезде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

416. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алған жағдайларда жүзеге асырылады;

2) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылғанда (көрсетілген жағдай тендерге қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды );

3) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғанда ( көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды);

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және тендер жеңімпазы тендерлік құжаттамада көзделген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген кезде жүзеге асырылады;

5) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайларда жүргізіледі.

**11-параграф. Тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу.**

417. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды тендерлік комиссия сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада көрсеткен күні, уақытта және орында тендерлік комиссияның қарапайым көпшілігінің, сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізеді.

Тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысады.

Тендерлік комиссияның отырысына қатысушы тұлғалар тендерлік комиссияның қызметіне араласпайды.

418. Мәліметтері мемлекеттік құпияларды құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысады.

419. Егер тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашудың белгіленген күні тендерлік комиссия мүшелерінің қажетті саны болмаса, тендерлік комиссияның хатшысы, онда тендерлік комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда тендерлік комиссия төрағасының орынбасары конверттерді ашудың белгіленген уақытына дейін үш сағаттан кешіктірмей бұл туралы сатып алу ұйымын жазбаша не ауызша хабардар етеді, ол конверттерді ашу рәсімі басталғанға дейін тендерлік комиссияның жоқ мүшелерін ауыстыру бөлігінде тендерлік комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы шешім, мұндай ауыстырудың себептерін көрсете отырып, тендерлік комиссияның хатшысын хабардар етеді.

420. Тендерлік комиссияның отырысы басталғанға дейін тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілер өкілдерінің тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің мүдделерін білдіруге құжатпен ресімделген өкілеттіктерін тексереді.

421. Сатып алуды ұйымдастырушының хабарламасында және тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімде ұсынылған тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылуға жатады.

422. Егер тендерге (лотқа) тендерге (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда да тендерге қатысуға өтінім осы Қағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

423. Тендерлік комиссияның көрсетілген отырысында:

1) сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларда – тендерлік комиссияның хатшысы қатысушыларды:

тендерлік комиссияның құрамы, тендерлік комиссияның хатшысы;

тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілердің саны;

әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларының болмауы, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізуі;

тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің, сондай-ақ себептерінің болуы не болмауы;

тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген, белгіленген мерзімде тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынған әлеуетті өнім берушілерге;

тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеудің тиісті журналына енгізілген, тендерге қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерді хронологиялық тәртіппен жариялайды;

осы тендер бойынша өзге де ақпаратты жария етеді;

2) төраға не тендерлік комиссия мүшелерінің арасынан төраға айқындаған тұлға:

тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімдегі құжаттар тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

3) тендерлік комиссияның хатшысы:

осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес өтінімдер салынған конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді;

әлеуетті өнім берушілерді немесе олардың уәкілетті өкілдерін тендерлік комиссия отырысының көрсетілген хаттамасының көшірмесін алуға болатын мерзім туралы хабардар етеді.

424. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына отырысқа қатысқан тендерлік комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды және әр парағына қол қояды.

425. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысқан әлеуетті өнім берушілерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне тендерлік комиссияның өткізілген отырысы күнінен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға - олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылады.

## **12-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, тендерге қатысуға рұқсат беру**

426. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді қарайды және тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн

ішінде әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру не рұқсат беру туралы шешім қабылдайды (күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді күрделі сатып алу жүргізілген жағдайда, мұндай өтінімдер тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қаралады).

Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған тендерлік комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды және әр парағына қол қояды. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға бар болған жағдайда сараптамалық қорытынды не сарапшының (сараптама комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі қоса берілуі мүмкін.

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді.

**Ескерту. 426-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

427. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік комиссияның хатшысы:

1) төрағамен, ал ол болмаған жағдайда тендерлік комиссия төрағасының орынбасарымен тендерге қатысуға өтінімдерді қарау жөніндегі тендерлік комиссияның отырысын өткізу күні мен уақытын келіседі;

2) тендерлік комиссия мүшелерін тендерге қатысуға өтінімдерді қарау жөніндегі тендерлік комиссия отырысының өткізілетін күні мен уақыты туралы хабардар етеді;

3) әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімін әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойғызып, қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын құжаттарды тендерлік комиссияның қарауына ұсынады;

4) сарапшыға (сараптама комиссиясына) оларды тартқан жағдайда әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойғызып, қарау үшін ұсынады.

428. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналы мыналарды:

1) тендерге қатысуға өтінімді құрайтын құжаттар пакетіне кіретін құжаттың атауын;

2) парақтар санын;

3) тендерлік өтінім құжаттарын алған тұлғаның тегі, аты-жөні және қолы, оларды алған күнін;

4) тендерлік комиссия хатшысының тендерлік өтінім құжаттарын кері алғандығын куәландыратын тегін, аты-жөні және қолын, оларды алған күнін қамтиды.

429. Тендерлік комиссияның мүшелері, сарапшы (сараптау комиссиясының басшысы) әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдері құжаттарының оларды қарау кезінде тендерлік комиссияның хатшысына қайтарылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

430. Тендерлік комиссияның өтінімдерді қарау жөніндегі отырыстары осындай комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің қатысуымен өткізіледі.

431. Тендерлік комиссияның отырысын өткізбей тендерге қатысуға өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

432. Тендерлік комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін құрайтын құжаттар топтамасын толықтығы және тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды;

2) құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) тиісінше ресімделмеген құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

3) қажет болған жағдайда тендерге қатысуға өтінімді ұсынған әлеуетті өнім берушілерден тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратады;

4) қажет болған жағдайда тендерге қатысуға өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан жазбаша нысанда қажетті ақпаратты сұратады, тендерге қатысуға өтінімді тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты тендерлік комиссияның сұрау салуларына және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді. Тендерге қатысуға өтінімді тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру деп тендерлік комиссияның тендерге қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды түзету жолымен сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі;

5) біліктілік және тендерлік құжаттаманың өзге де талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық рәсіміне қатысы жоқтығы және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы бөлігінде және борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізілмеген біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында тендерлік комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

433. Тендерлік комиссия енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген жағдайда, бұл тендерлік комиссияның тендерге қатысуға өтінім беруге мүмкіндік бермейтін мәліметтердің жоқтығынан көрінеді:

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлға;

өтінімді қамтамасыз етуге қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы мұндай әлеуетті өнім берушіні тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін негіз болып табылмайды;

қатысу үшін банк кепілдігі түрінде ұсынылған өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы;

банк кепілдігі түрінде ұсынылған тендерге қатысуға өтінімді және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасын қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі, сондай-ақ оны ұсыну шарттары;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға;

пайдасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлға;

3) тендерге (лотқа) бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

434. Заңды тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйеде болмаған жағдайларда, әлеуетті өнім берушінің рұқсаттарының (хабарламаларының), сондай-ақ сатып алынатын тауарларды өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының және басқа да құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынбауы;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы;



"электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы ұсынбау: [www.egov.kz](http://www.egov.kz);

құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы қамтылмаған жағдайда) нотариат куәландырған үзіндісін не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдың ішінде берілген акция ұстаушылардың тізілімінен белгіленген тәртіппен қол қойылған және куәландырылған үзіндінің түпнұсқасының ұсынылмауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) бар екендігі туралы ақпараттың болуы;

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

үлгілік тендерлік құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді бермеу;

тендерлік құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған;

оның банкроттық рәсіміне не таратуға жатуы негіздері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) егер оның тендерге қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

үлгілік тендерлік құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға өтінімді ұсынбау;

өтінімді қамтамасыз етуге қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы мұндай әлеуетті өнім берушіні тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін негіз болып табылмайды;

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

неғұрлым жақсы техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекшелікті ұсыну жағдайларын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің

тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы.

\* Ескертпе: негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін тауарларды сатып алған жағдайда ерекшелік қолданылмайды;

үлгілік тендерлік құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес тендерде сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлерін бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтерді берген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жұмыстар көлемінің (құрылыс құнының) екіден бірінен астам жиынтығын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беру;

тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді бермеу;

тендерлік құжаттаманың талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталды;

жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хатты бермеу;

3) ол не ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 7-бабының талаптарын бұзса

435. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

жеке куәліктің көшірмесін ұсынбау (бұл ретте, тапсырыс беруші дара кәсіпкер ретінде тіркелуінің болуы туралы ақпаратты қажет болған жағдайда: [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтынан "Электрондық сервистер/Салық төлеушілерді іздеу" салымынан алады);

жеке куәліктің (паспорттың) нотариалды түрде куәландырған көшірмесін ұсынбау;  
мемлекеттік ақпараттық жүйеде олар туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттер, куәліктер, сертификаттар, басқа да құжаттар болмаған жағдайда рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалды түрде куәландырған көшірмелерін ұсынбау;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық

жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбау;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынбау;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешек туралы ақпараттың (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) болуы.

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық тұрақтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

үлгілік тендерлік құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталды;

2) егер оның тендерге қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

үлгілік тендерлік құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға өтінімді ұсынбау;

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

неғұрлым жақсы техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекшелікті ұсыну жағдайларын\* қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы.

\* Ескертпе: негізгі (орнатылған) жабдықтарды, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді қосымша жинақтау, жаңғырту және қосымша жарақтау үшін тауарларды сатып алған жағдайда ерекшелік қолданылмайды;

үлгілік тендерлік құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлерін ұсынбау (

әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынылған жағдайда әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) Орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің жиынтығында екіден көп көлемін қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруі;

тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбау;

тендерлік құжаттаманың талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталды;

жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хатты ұсынбау;

3) ол не ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 7-бабының талаптарын бұзса

436. Сарапшы не сараптама комиссиясы төраға белгілеген мерзімде, бірақ тендерге қатысуға өтінімдерді қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарды өз құзыреті шегінде толықтығы және тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды және зерделейді;

2) Әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тендерлік құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігі не сәйкес еместігі туралы сараптамалық қорытындыны ресімдейді және оған қол қояды;

3) тиісті түрде ресімделген сараптамалық қорытындыны ұсынады, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын тендерлік комиссияның хатшысына береді.

437. Егер неғұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым жақсы технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің тендерлік құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

438. Сарапшының (сараптама комиссиясының) қорытындысына сарапшы ерекше пікірін білдіретін жағдайларды қоспағанда, барлық сарапшылар қол қояды және әр парағына қол қояды.

439. Сарапшының (сараптау комиссиясының) қорытындысын алғаннан кейін тендерлік комиссияның хатшысы

1) бұл туралы төрағаны, ол болмаған жағдайда тендерлік комиссия төрағасының орынбасарын хабардар етеді және тендерге қатысуға өтінімдерді қарау

қорытындыларын шығару үшін тендерлік комиссияның отырысын өткізу күні мен уақытын онымен келіседі;

2) тендерлік комиссияның мүшелерін, сондай-ақ сарапшыны (сараптама комиссиясын) тендерлік комиссияның отырысын өткізудің тағайындалған күні мен уақыты туралы хабардар етеді.

440. Тендерлік комиссияның көрсетілген отырысында:

1) тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссия мүшелерін сарапшының (сараптамалық комиссияның) сараптамалық қорытындысының көшірмесімен қамтамасыз етеді;

2) сарапшы не сараптама комиссиясының басшысы негізделген тұжырымдары бар сараптама қорытындысын, оның ішінде сараптама комиссиясы сарапшысының қолда бар ерекше пікірін (егер олар бар болса) жария етеді, қажет болған кезде тендерлік комиссия мүшелеріне сараптама қорытындысының тұжырымдарын түсіндіреді;

3) тендерлік комиссия сарапшының (сараптама комиссиясының) қорытындысын ескере отырып, тендерге қатысуға өтінімдерді қарау қорытындыларын шығарады және біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

4) тендерлік комиссияның хатшысы алдын ала рұқсат беру не тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

441. Тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдерді алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімде біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді, ол алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде жеті жұмыс күні болуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығы мыналарға:

1) Заңның 7-бабының талаптарын бұзған;

2) біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынған;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбегендерге не оны осы Қағидаларда белгіленген мөлшерде енгізбегендерге берілмейді.

442. Ұйымдастырушы алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабардар етеді.

443. Әлеуетті өнім берушілер алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға сәйкес келтірілген тендерлік

өтінімдерді беттері нөмірленген, тігілген түрде ұсынады. Тендерлік өтінімнің соңғы беті қол қоюмен және мөрмен (бар болса) қуәландырылады.

444. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдер салынған тиісті түрде ресімделген конверттерді қабылдайды және мәліметтерді тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді.

445. Біліктілік талаптары мен тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратуға құқылы;

2) тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Тендерге қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тендерге қатысуға өтінімдерді осы Қағидалардың 446-тармағында көзделген біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты тендерлік комиссияның сұрау салуына және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

446. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап береді деп қарайды.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауға жол бермейді.

Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіргеннен кейін, егер:

1) ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) ол Заңның 7-бабының талаптарын бұзған жағдайда;

3) оның тендерге қатысуға өтінімі Заңда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша тендерлік құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейді деп айқындалса тендерге қатысуға жол берілмейді.

447. Тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия күнтізбелік 10 (он) күн ішінде:

1) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және тендерге қатысушылар деп таниды;

2) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған отырысқа қатысқан тендерлік комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға рұқсат беру (тендерге қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды, әр парағына қол қояды. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға сараптамалық қорытынды не тендерлік комиссия мүшесінің ерекше пікірі, сарапшының (сараптамалық комиссия мүшесінің) ерекше пікірі қоса беріледі (бар болған жағдайда).

448. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілген хаттаманың көшірмесін тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімде тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберуді қамтамасыз етеді.

### **13-параграф. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру (тендер)**

449. Тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім беруші (тендерге қатысушы) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік баға ұсынысы бар конвертті ұсынады.

450. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақыты мен орнында тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөнінде отырыс өткізеді.

451. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім ішінде тендерлік комиссияның хатшысы:

1) тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді ұсыну және тендерлік комиссияның отырысына қатысу үшін тендерге қатысушылар өкілдерінің өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың бар-жоғына куәландырылады;

2) тендерлік баға ұсыныстарын тіркеу журналына тендерге қатысушылар не олардың уәкілетті өкілдері туралы мәліметтер енгізеді.

452. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген уақыт өткеннен кейін ұсынылған тендерлік баға ұсыныстары бар конверттер бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.

453. Тендерлік комиссияның хатшысы тіркеуден бас тартылған тендерге қатысушылардың тізімін тендерлік баға ұсыныстарын тіркеу журналында мұндай бас тартудың себебін баяндай отырып көрсетеді.

454. Тендерлік комиссия отырысында:

1) тендерлік комиссияның төрағасы не тендерлік комиссия мүшелерінің арасынан төраға айқындаған тұлға:

тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстары салынған конверттерді оларды тіркеудің хронологиялық тәртібімен ашады;

тендерлік баға ұсыныстарын ұсынған тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын тіркеудің хронологиялық тәртібінде жария етеді;

тендерлік баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді тендерлік комиссияның хатшысына береді;

2) тендерлік комиссия:

тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асатын тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын қабылдамайды;

осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда демпингтік бағаны айқындайды және демпингтік болып табылатын тендерге қатысушының тендерлік баға ұсынысын қабылдамайды;

тендерге қатысушылардың бағаларын салыстырады және олардың арасынан ең төмен баға негізінде тендер жеңімпазын айқындайды.

455. Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстарының бағалары тең болған кезде тендердің мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі көп әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде тендерлік комиссия әрбір жыл үшін есепті ескере отырып, осы тендерде сатып алынатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарайды.

Бағалары тең бірнеше әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде тендерлік баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстарынан бұрын тіркелген тендерге қатысушы жеңімпаз деп танылады.

456. Тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі тендерлік комиссия отырысының нәтижелері бойынша:

1) тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жүргізілген күні тендерлік комиссия төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағасының орынбасары:

тендерлік комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғаларға тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізілген сатып алу нәтижелерін жариялайды және қатысып отырғандарға тендер жеңімпазын жариялайды;

2) тендерлік комиссияның хатшысы:

тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы



хаттаманың жобасын жасайды және оған отырысқа қатысқан барлық тендерлік комиссия мүшелерінің, сондай-ақ тендерлік комиссия хатшысының қол қоюын және әрбір парағына қол қоюды қамтамасыз етеді;

ол туралы мәліметтер тендерге қатысуға өтінімді ұсынған тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген кез келген әлеуетті өнім берушінің талап етуі бойынша осындай жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындай әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдеріне тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізілген сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді не өтеусіз негізде ұсынады;

тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген хаттаманың көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді.

457. Сатып алуды ұйымдастырушы тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға жіберілген барлық әлеуетті өнім берушілердің атына тендер қорытындылары туралы хабарлама жіберуге міндетті.

#### **14-параграф. Тендерлік өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі**

458. Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған тендерге қатысуға өтінімнің бағасы техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

**Ескерту. 458-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**459. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

460. Егер әлеуетті өнім берушінің техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) және қала құрылысы жобалары құжаттаманы әзірлеу бойынша қатысуға өтінімнің бағасы "Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 223-НҚ бұйрығымен бекітілген құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес тапсырыс беруші есептеген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Ескерту. 460-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

461. Әлеуетті өнім берушінің (аккредиттелген сараптамалық ұйымның) "Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12681 болып тіркелген) сәйкес белгіленген бағадан ол төмен болса, демпингтік деп танылады.

462. Егер әлеуетті өнім берушінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсетуге (техникалық қадағалау) арналған тендерге қатысуға өтінімнің бағасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен құрылыстағы инжинирингтік көрсетілетін қызметтерге арналған шығындарды айқындау жөніндегі Нормативтік құжатқа сәйкес есептелген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

Ескерту. 462-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

462-1. Әлеуетті өнім берушінің тауарларға, жұмыстарға (осы Қағидалардың 458, 460, 461-тармақтарында көзделген жұмыстарды қоспағанда), көрсетілетін қызметтерге (осы Қағидалардың 462-тармағында көзделген көрсетілетін қызметтерді қоспағанда) арналған тендерге қатысуға өтінімнің бағасы, егер ол тендерге бөлінген бағадан жиырма пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік болып танылады.

Ескерту. Қағида 462-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

462-2. Әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша демпингтік деп танылмайтын, рұқсат етілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға тең мөлшердегі соманы енгізу шартымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша демпингтік баға ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. Қағида 462-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

462-3. Осы Қағидалардың 458, 460, 461 және 462-тармақтарында көзделген жағдайларда, демпингтік бағаларды ұсынуға жол берілмейді.

Ескерту. Қағида 462-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

463. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 05.09.2022 № 919 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

464. Тендерлік өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшеріне дейін қолданылмайды.

### **15-параграф. Тендер тәсілімен сатып алуды өткізілмеді деп тану негіздері**

465. Тендер тәсілімен сатып алу мынадай жағдайларда:

- 1) ұсынылған өтінімдер болмаған жағдайда;
- 2) екіден кем өтінім берілген жағдайда;
- 3) егер тендерге қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 4) егер тендерге қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе өтпеді деп танылады.

466. Егер тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, тапсырыс беруші күнтізбелік он бес күн ішінде мынадай:

- 1) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
- 2) тендерлік құжаттаманы өзгерту және тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

467. Тендер тәсілімен қайта сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыруға құқылы:

1) тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдер болмаған. Бұл ретте бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындайды;

2) тендерге қатысуға екеуден аз өтінім ұсынылғанда. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақыру тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі. Жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға арналған өтінімде көрсетілген тендерлік баға ұсынысынан аспауға тиіс.

### **16-параграф. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу**

468. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс беруші осы Қағидалардың 287 және 467-тармақтарында белгіленген жағдайларда қабылдайды.

469. Бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс берушінің осы сатып алу тәсілін қолдануды негіздей отырып, бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдауы;

2) тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу үшін сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауы;

3) тапсырыс берушінің тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын, орны мен мерзімдерін, ақы төлеу шарттары мен мерзімдерін айқындай отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуі;

4) тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігін, сондай-ақ тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын, орны мен мерзімдерін, оларға ақы төлеу шарттары мен мерзімдерін бекітуі;

5) сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушіге сатып алуға қатысуға жазбаша шақыруды жіберуі.

6) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу осы Қағидалардың 466-тармағы 2) тармақшасының негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті өнім беруші ұсынған әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қарауы, бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысуға ұсынылатын бағаның негіздемесі;

7) сатып алуды ұйымдастырушының осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеуі;

8) сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру қорытындылары туралы хаттаманы тапсырыс берушіге ұсынуы негіз болып табылады.

Осы Қағидалардың 155-тармағында көзделген негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін әзірлеуі және тапсырыс берушінің бекітуі талап етілмейді. Мұндай жағдайда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі, сондай-ақ өтпеді деп танылған тендер тәсілімен сатып алудың

тендерлік құжаттамасында көзделген тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары, орны мен мерзімі және оларға ақы төлеу шарттары қолданылады.

**Ескерту. 469-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

470. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған жағдайда сарапшыны не сараптама комиссиясын тартады. Сарапшыны не сараптама комиссиясын тарту осы Қағидалардың 373 және 374-тармақтарында айқындалған шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

471. Сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушіге сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

472. Осы Қағидалардың 465-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда сұрау салу жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындайды.

473. Осы Қағидалардың 465-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, тендерлік өтінімді ұсынған әлеуетті өнім берушіге сұрау салу жіберіледі.

474. Тендер тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану негізінде бір көзден сатып алу шарты туралы әлеуетті өнім берушіге жіберілетін ақпарат өтпеді деп танылған тендердыңтендерлік құжаттамасының шарттарына сәйкес келуге тиіс.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушіге жіберілетін ақпарат бір көзден сатып алу шарттарында тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, Жұмыстарды орындау мерзімдерін қамтуға тиіс. Бұл мерзімдер тендерлік құжаттамада және сатып алу туралы шарттың жобасында белгіленген мерзімдерден асуы мүмкін, бірақ күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс.

475. Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы ұсыныс қабылданған жағдайда, әлеуетті өнім беруші сатып алуға қатысуға шақыруды алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сатып алуды ұйымдастырушыға өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне байланысты шектеулердің болмауын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өзінің жазбаша келісімін, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші ұсынатын, оның негіздемесімен бірге жеткізілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін баға.

Бағаның негіздемесі әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды (ҚҚС-сыз), төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарын, жиынтықтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектердің, өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетудің құнын, басқа да

шығыстарды қоса алғанда, жеткізуге ұсынылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының есебін қамтуға тиіс.

Егер неғұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің сатып алуды ұйымдастырушы ұсынған техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі.

476. Сатып алуды ұйымдастырушы Тапсырыс берушіге қол қою үшін берілетін бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қолдану негіздемесі;

2) бір көзден алу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы;

4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы көрсетілуге тиіс.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға ұйымдастырушының бірінші басшысы айқындаған, бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам қол қояды.

477. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру үшін сараптау комиссиясы не сарапшы бекітілген жағдайда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сараптамалық қорытынды қоса беріледі.

478. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу, егер:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

2) Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуетті өнім беруші қатысудан бас тартса;

4) неғұрлым жақсы техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары бар техникалық ерекшелікті ұсыну жағдайларын қоспағанда, әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынса.

**17-параграф. Сатып алу туралы шарт. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасу**

479. Тапсырыс беруші сатып алу қорытындылары шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге осы Қағидалардың 43, 44 және 45-қосымшаларына

сәйкес үлгілік шартқа сәйкес жасалған сатып алу туралы шарт жобасының екі данасын жібереді, оларға тапсырыс беруші қол қоюға және тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі әр парағына қол қоюға тиіс.

480. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші күнтізбелік отыз күн ішінде шарттың жобасына қол қоймаса не сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, Тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге оған шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

481. Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші қол қойған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта сатып алуды жүзеге асырады.

482. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

483. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өзімен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындайтынына кепілдік ретінде енгізеді.

484. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер шартта аванс төлеу көзделген жағдайда, әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді. Бұл ретте әлеуетті өнім берушінің аванс төлеуден бас тартуға құқығы бар.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай Тапсырыс беруші Өнім берушінің жазбаша хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін шартта көзделген орындалған міндеттемелерге барабар азайтады.

Осы Қағидалардың 287-тармағының негізінде шарт жасалған жағдайда тапсырыс беруші авансты қамтамасыз етуді енгізу туралы талапты белгілеуге құқылы.

484-1. Қолдану мерзімі бір қаржы жылынан асатын шарт жасалған жағдайда, ағымдағы қаржы жылына арналған шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып жойылады. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші сатып алу туралы шартқа тиісті қаржы жылында міндеттемелерді қабылдауға арналған қосымша келісім жасалған кезден бастап он жұмыс күні ішінде енгізіледі.

**Ескерту. Қағидалар 484-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

485. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:



- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны қамтиды;
- 2) осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес банк кепілдігін береді;

486. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.

487. Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

488. Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта көрсетілген мерзімде немесе өнім беруші шарттық міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге қайтарады.

Өнім беруші шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне тұрақсыздық айыбын төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

489. Шарт өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты бұзылған жағдайда тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушіге қайтармайды.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

490. Шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтиды.

491. Сатып алу жеңімпазымен жасалған жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді шарт тендерге қатысуға өтінімде сатып алу жеңімпазы көрсеткен жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлермен не қызметтерді көрсету бойынша бірлесіп орындаушылармен жасалған шарттардың көшірмелерін тапсырыс берушіге ұсыну туралы талаптарды қамтиды.

492. Тапсырыс берушілер мәліметтері мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын тауарларды беруге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге арналған шартты дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі және өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің



жарлықтарында белгіленген акционерлік қоғамдармен және шаруашылық серіктестіктермен жасасқан жағдайда, мұндай Акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер сатып алуды осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады

### **17-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау**

493. Шартты орындау кезінде тауарлардың (жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің) атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) орны мен мерзімі сатып алу туралы шарттың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

494. Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

### **17-тарау. Келісу комиссиясы**

#### **1-параграф. Келісу комиссиясының құрамы және оны қалыптастыру тәртібі**

495. Келісу комиссиясы – тапсырыс беруші құратын, шарт жасасудан жалтарған және сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарайтын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия).

496. Комиссия құрамына тапсырыс берушінің өкілдері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген салалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері кіреді.

497. Комиссия құрамы Тапсырыс берушінің бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі және кемінде 5 (бес) мүшені құрайды.

498. Комиссия құрамына мыналар кіреді:

- комиссия төрағасы;
- комиссия төрағасының орынбасары;
- комиссия мүшелері.

Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің жұмысына жауапты адамдарды тағайындалады.

Комиссия құрамына сатып алудағы кәсіби қызмет негізінде тұлғалар сайланады.

499. Комиссия қызметіне басшылықты комиссия төрағасы жүзеге асырады. Комиссия төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

500. Комиссия төрағасы өз өкілеттігі шегінде:

- комиссия қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

- комиссия отырысының күнін белгілейді;
- комиссия отырысының күн тәртібін бекітеді;
- комиссия отырыстарының хаттамаларына қол қояды;
- осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды орындайды.

501. Комиссия төрағасының орынбасары және Комиссия мүшелері өз өкілеттіктері шегінде:

- комиссияның отырыстарына қатысады;
- отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда бұл туралы Комиссия хатшысына хабарлайды;
- тапсырыс берушіден, өтінім берушіден, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы және басқа да ұйымдардан әлеуетті өнім берушіні жосықсыз қатысушылардың тізілімінен шығару немесе мерзімінен бұрын шығарудан бас тарту туралы мәселені қарау үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен түсіндірулерді сұратады;
- шешім қабылдау кезінде дауыс беруге қатысады;
- қажет болған жағдайда Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша ескертулер мен ұсыныстар береді;
- Комиссияның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдерді талқылауға және әзірлеуге қатысады.

502. Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары және Комиссия мүшелері Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады.

503. Комиссия Хатшысы:

- комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;
- комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді және ресімдейді;
- комиссия қарайтын мәселелер бойынша құжаттармен (материалдармен) комиссияны қамтамасыз етеді;
- комиссияның кезекті отырысына барлық қажетті материалдарды уақтылы дайындауды қамтамасыз етеді;
- комиссия құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

504. Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі.

505. Комиссия отырысы көзбе-көз немесе сырттай тәртіппен өткізіледі. Қажет болған жағдайда қашықтықтан отырысқа жол беріледі.

## **2-параграф. Өтініш беру тәртібі**

506. Өтініш беруші комиссияға жазбаша (қағаз) немесе веб-портал арқылы электрондық түрде жүгінеді.

507. Өтініште мыналар көрсетіледі:

- 1) өтінішті қарайтын органның атауы;
- 2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық және (немесе) электрондық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық және (немесе) электрондық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі;
- 3) Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның нақты орналасқан ( тұратын) жерінің мекенжайы немесе заңды тұлғаның орналасқан жері;
- 4) өтініш беруші өз талаптарын негіздейтін мән-жайлар;
- 5) өтініштің берілген күні;
- 6) өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі;
- 7) өтініштің нысанасына қатысты өзге де мәліметтер болуға тиіс.

508. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) өтініштің негізділігін растайтын құжаттар;
- 2) өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының өтінішке қол қою құқығын растайтын құжат(құжаттар) (егер өтінішке өтініш берушінің бірінші басшысы қол қойған жағдайда берілмейді);

509. Иесі бүркемеленген өтініштер қарастырылмайды.

### **3-параграф. Өтінішті қарау тәртібі**

510. Өтініш берушінің өтініші Тапсырыс беруші өтінішті тіркеген сәттен бастап 10 ( он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады.

511. Комиссия қажет болған жағдайда тапсырыс берушіден өтінімде баяндалған дәлелдер бойынша түсіндірмелер сұратуға құқылы.

512. Тапсырыс беруші сұрау салуға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап береді.

513. Комиссия хатшысы материалдар Комиссияға келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және оны Комиссия төрағасына бекітуге жібереді;

- ұсынылған материалдарды, сондай-ақ комиссия отырысының бекітілген күн тәртібін қарау үшін комиссия мүшелеріне жібереді.

Комиссияның қарауына шығарылатын материалдармен танысуға электрондық құжат айналымы жүйесі немесе корпоративтік электрондық пошта арқылы жол беріледі.

514. Комиссия өтінішті қарайды және материалдар Комиссияның қарауына келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім шығарады.

515. Өтініш бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссияның әрбір мүшесі қабылданған шешім бойынша өзінің ерекше пікірін жазбаша білдіруге құқылы.

Комиссия мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға беруге жол берілмейді.

516. Отырыстың қорытындылары мен комиссия шешімі осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес хаттама түрінде ресімделеді, оған Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, комиссия мүшелері және комиссия хатшысы қол қояды.

517. Комиссияның шешімдері орындау үшін міндетті болып табылады.

518. Комиссия отырыстарының хаттамалары мен оларға қоса берілген материалдар Комиссия хатшысында сақталады.

519. Комиссия хатшысы комиссия отырысының қол қойылған хаттамасын оған қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторына жібереді.

520. Комиссия шешімінің көшірмесі әлеуетті өнім берушіге және сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке отырыс өткізілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

521. Әлеуетті өнім берушіні сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен мерзімінен бұрын шығару туралы комиссия шешім қабылдаған жағдайда, сатып алуға жосықсыз қатысушы туралы мәліметтер сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет келісу комиссиясы куәландырған тиісті шешімнің көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде алып тасталады.

522. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## **18-тарау. Ақпараттық толықтыруды жүзеге асыру тәртібі**

523. Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келеді.

524. Ақпараттық жүйенің Заң мен осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тәуелсіз сараптаманың қорытындысымен расталады.

525. Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қамтамасыз етеді.

526. Заңға және (немесе) осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енген күннен кешіктірмей электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін сәйкес келтіреді.

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы осындай өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеуге қатысуға құқылы.

Бұл ретте ақпараттық жүйенің Заңға және (немесе) осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар шарттарына сәйкестігі тәуелсіз сараптаманың қорытындысымен расталады.

Ұлттық әл-ауқат қоры  
мен Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің  
сатып алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
I-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.04.2024 № 193 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары / \_\_\_\_\_ жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың алдын ала жоспары / \_\_\_\_\_ жылға арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді жоспары (көрсетілген мәндердің бірін таңдау)

#### Жалпы мәліметтер

Тапсырыс беруші БСН	Тапсырыс берушінің атауы	Қаржы жылы
1	2	3

#### Сатып алу жоспары

№	Жоспар тармағының типі	Сатып алу нысанасының түрі	Тауардың, жұмыстың, қызметтің коды	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттамасы)
1	2	3	4	5	6

#### жалғасы

Қосымша сипаттама (қазақ тілінде)	Қосымша сипаттама (орыс тілінде)	Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, теңге, қосылған құн салығы есебінсіз (ҚҚС)
7	8	9	10	11	12

#### жалғасы

Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома, теңге, қосылған	Б е с жылдық кезеңнің бірінші жылына	Б е с жылдық кезеңнің екінші жылына арналған	Б е с жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған	Б е с жылдық кезеңнің төртінші жылына арналған	Б е с жылдық кезеңнің бесінші жылына арналған	Сатып алуды жариялаудың жоспарланған	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер
---	--------------------------------------	--	--	--	---	--------------------------------------	--	--

құн салығы есебінсіз (ҚКС)	бекітілген сома	болжамды сома, теңге	болжамды сома, теңге	болжамды сома, теңге	болжамды сома, теңге	мерзімі (ай)	ді көрсету мерзімі (қазақ тілінде)	ді көрсету мерзімі (орыс тілінде)
13	14	15	16	17	18	19	20	21

ӘАОС	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (қазақтілінде)	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (орыстілінде)	Аванстық төлем мөлшері, %	Сатып алу бастамашысының атауы	Ескертпе
22	23	24	25	26	27

### Жалпы мәліметтер:

1) "Тапсырыс берушінің БСН" деген жолақ – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте көрсетілген ұйымның бизнес сәйкестендіру нөмірі (он екі мәндегі код);

2) "Тапсырыс берушінің атауы" деген жолақ - ұйымның толық атауы көрсетіледі;

3) "Қаржы жылы" деген жолақта – сатып алу жоспары жасалатын қаржы жылы көрсетіледі.

Сатып алу жоспары:

1) "№" деген жолақта – веб-портал айқындайтын сатып алудың сәйкестендіру коды;

2) "Жоспар тармағының түрі" деген жолақта-жоспар тармағы түрлерінің мынадай мәндерінің бірі көрсетіледі:

Қаржы жылынан аспайтын сатып алулар;

Қаржы жылынан асатын сатып алулар;

Шартты үнемдеу есебінен сатып алу;

3) "Сатып алу нысанасының түрі" деген жолақта - сатып алу нысанасының түрі (тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет) көрсетіледі;

4) "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолақта - тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығына сәйкес тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі;

5) "Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі.;

6) "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттамасы)" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы (сипаттамасы) көрсетіледі.;

- 7) "Қосымша сипаттамасы (қазақ тілінде)" деген жолақта – сатып алу нысанасының қазақ тіліндегі қосымша сипаттамасы көрсетіледі (міндетті емес жол);
- 8) "Қосымша сипаттамасы (орыс тілінде)" деген жолақта – сатып алу нысанасының орыс тіліндегі қосымша сипаттамасы көрсетіледі (міндетті емес жол);
- 9) "Сатып алу тәсілі" деген жолақта – сатып алуды өткізу тәсілі көрсетіледі;
- 10) "Өлшем бірлігі" деген жолақта – "Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды" деген жолаққа енгізілген мәнге сәйкес сатып алу нысанасының өлшем бірлігі көрсетіледі.;
- 11) "Саны, көлемі" деген жолақта – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің саны немесе көлемі көрсетіледі;
- 12) "Бір бірлігі үшін баға, теңге" деген жолақта – теңгеде сатып алу нысанасының бірлігі үшін баға көрсетіледі;
- 13) "Сатып алу үшін бекітілген сома, теңге" деген жолақта – "Саны, көлемі" деген жолақтың мәнін "бірлік үшін баға, теңге" деген жолаққа көбейту арқылы есептеледі және сатып алуды жүргізу жоспарланатын соманы білдіреді;
- 14) "Бес жылдық кезеңнің бірінші жылына бекітілген сома" деген жолақта – теңгеде бес жылдық кезеңнің бірінші жылына жоспарланған сома көрсетіледі;
- 15) "Бес жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде бес жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 16) "Бес жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде бес жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 17) "Бес жылдық кезеңнің төртінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде бес жылдық кезеңнің төртінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 18) "Бес жылдық кезеңнің бесінші жылына арналған болжамды сома, теңге" деген жолақта – теңгеде бес жылдық кезеңнің бесінші жылына арналған болжамды сома көрсетіледі;
- 19) "Сатып алуды жариялаудың жоспарланған мерзімі (ай)" деген жолақта-сатып алуды өткізу жоспарланған ай көрсетіледі;
- 20) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (қазақ тілінде)" деген жолақта – тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі қазақ тілінде көрсетіледі;
- 21) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі (орыс тілінде)" деген жолақта – тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі орыс тілінде көрсетіледі;
- 22) "ЭАОС" деген жолақта – "Әкімшілік-аумақлік объектілер сыныптауышы" анықтамалығына сәйкес сандық мәнде елді мекеннің коды көрсетіледі;

23) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (қазақ тілінде)" деген жолақта – тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны қазақ тілінде көрсетіледі;

24) "Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (орыс тілінде)" деген жолақта – тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны орыс тілінде көрсетіледі;

25) "Аванстық төлемнің мөлшері, %" деген жолақта - жоспарланған аванстық төлемнің мөлшері көрсетіледі.

Ұлттық әл-ауқат қоры  
мен Ұлттық әл-ауқат  
қорының ұйымдарын  
қоспағанда, квазимемлекеттік  
сектордың жекелеген  
субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
2-қосымша

Бір лотқа біріктіруге жол берілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

№	Атауы
1. Тауарлар	
1	Кеңсе тауарлары
2	Шаруашылық тауарлары
3	Жуу құралдары
4	Азық-түлік өнімдері
5	Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар
6	Құрылыс материалдары
7	Электр тауарлары
8	Сантехникалық тауарлар
9	Қосалқы бөлшектер
10	Жеңіл өнеркәсіп тауарлары
11	Жиһаз өнімі
2. Көрсетілетін қызметтер	
1	Күзет және өрт дабылы қызметі
2	Ғимараттарға техникалық қызмет көрсету қызметтері (үй-жайларды жинау және аумақты абаттандыру, жылу жүйелерін тығыздау және жуу, электромонтаждау және сантехникалық жұмыстар, ағаш ұстасы көрсететін қызметтер)
3	Полиграфиялық қызметтер

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік



сектордың жекелеген  
субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
3-қосымша  
Бекітемін:

\_\_\_\_\_ (тапсырыс  
берушінің (ұйымдастырушының) толық атауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (тендерлік құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә.) Шешім  
№ \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_ Уақыты \_\_\_\_\_

## ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

\_\_\_\_\_ (сатып алу нысанасының түрі)

\_\_\_\_\_ (тендердің атауы)

Тапсырыс беруші (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) \_\_\_\_\_  
(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)  
Тапсырыс берушінің өкілі (тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)  
Ұйымдастырушы \_\_\_\_\_  
(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)  
Ұйымдастырушының өкілі \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)  
Тендерлік комиссияның хатшысы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

### 1. Жалпы ережелер

1. Тендер қоса берілген лоттардың тізбесіне сәйкес өнім берушіні(лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.
2. Осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі – ТҚ) мыналарды қамтиды:
  - 1) осы ТҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес лоттардың тізбесі;
  - 2) осы ТҚ-ға 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес біліктілік талаптары;
  - 3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық

стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелік. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, осы ТҚ-ға 6, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды беру туралы талап қамтылуға тиіс;

4) осы ТҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес электрондық тендерге қатысуға келісім;

5) осы ТҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

6) Ұлттық әл-ауқат қоры мен Қағидаларға сәйкес неғұрлым сапалы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынатын тендерге қатысушыны айқындау мақсатында тендерге қатысушыны анықтау кезінде тендерлік комиссия ескеретін өлшемшарттардың тізбесін қамтиды;

7) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша осы тендер үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

Осы тендер үшін бөлінген сома лоттар бөлінісінде мынаны құрайды:

лот №	Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы)	Лот бойынша бөлінген сома (теңге )
{лот №}	{тауардың _____ жұмыстың _____ көрсетілетін қызметтің атауы}	{лот бойынша _____ бөлінген сома}

3. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінім мен қоса тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде тендерге қатысу өтінімді қамтамасыз етуді төменде келтірілген нысандардың бірінде енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) осы ТҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

4. Тендерге қатысу өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің өзінің мерзімінен кем болмауға тиіс.

## **2. Тендерлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің Тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіруі**

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына

сәйкес таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алуды жүргізу кезінде ТҚ-ның жобасын алдын ала талқылау жүзеге асырылмайды.

6. ТҚ-ның жобасына ескертулерді, сондай-ақ ТҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға веб-портал арқылы, сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуі мүмкін.

7. ТҚ-ның жобасына ескертулер, сондай-ақ ТҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде, ТҚ-ны сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бекітілген болып есептеледі.

8. Ескертулер, сондай-ақ ТҚ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы ТҚ алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) ТҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) оларды қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсете отырып, ТҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамайды;

3) ТҚ ережелеріне түсінік береді.

ТҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ТҚ бекітілгендей тәртіппен веб-порталда өзгертілген ТҚ бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап ТҚ бекітілген болып есептеледі.

9. Ұйымдастырушы ТҚ бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталда ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасын орналастырады.

ТҚ-ның жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы ТҚ-ны алдын ала талқылау хаттамасымен бірге ТҚ-ның жобасын алған веб-портал қатысушысы-әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, ТҚ-ның бекітілген мәтінін орналастырады.

10. ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында ТҚ жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

11. ТҚ жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

12. Әлеуетті өнім берушілердің веб-портал арқылы ТҚ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулары келіп түскен кезде ТҚ ережелерін түсіндіру мәтіні ТҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

13. Қажеттілік туындаған жағдайда алдын ала талқылау нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің шешіміне Заңда айқындалған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

13-1. Осы ТҚ-ның 5-13 тармақтарының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль

жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.

**Ескерту. 2-тарау 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3. Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімді ресімдеуіне және оны ұсынуына қойылатын талаптар**

14. Тендерге қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы ТҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге) келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабымен (бұдан әрі – Заң) белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

15. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы ТҚ-ға 11-қосымшаға сәйкес тендерге қатысу туралы келісімді қабылдайды.

16. Консорциум ретінде тендерге қатысуға ниет білдірген заңды тұлғалар өтінім берер алдында осы ТҚ-ға 12-қосымшаға сәйкес бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартты (консорциалдық келісім) ресімдейді және веб-порталда жасасады.

17. Тендерге қатысуға өтінімде мыналар болуы тиіс:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттарды ұсынады:

Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, сертификаттар, басқа да құжаттар;

осы ТҚ-ға 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

осы ТҚ-ға 18-қосымшаға сәйкес тендерде сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстардың (құрылыс құнының), көрсетілетін қызметтердің екіден бірінен астам көлемін қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге тыйым салу шарты.

Егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады;

2) ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы, оның ішінде тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы модельдерін, өнеркәсіптік үлгілерін, тауардың шығарылған жерінің атауы мен өндірушінің атауын және өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін осы ТҚ-ға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес, тауарлар үшін осы ТҚ-ға 10-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден не олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) хаттардың (сертификаттардың, куәліктердің), техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген өнімнің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер техникалық паспорттар, өнімнің сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін басқа да құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілген жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу кезінде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хат ұсынуға тиіс;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету Заңда белгіленген мөлшерде:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша түрінде;

осы ТҚ-ға 17-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік;

4) осы ТҚ-ға 19-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы тендерлік баға ұсынысы.

18. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрайды.

19. Тендерге қатысуға өтінімдегі құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, айқын және түсінікті болуы тиіс.

20. Тендерге қатысуға өтінім, сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда, оларға дәл (нотариалды расталған) аудармасы қоса беріледі.

#### **4. Тендерге қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі**

21. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді ұйымдастырушыға веб-портал арқылы ұсынады.

22. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған тендерге қатысуға өтінімдер веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

23. Тендерге қатысуға өтінім берген өнім берушіге веб-портал тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте тендерге қатысуға өтінім қабылданған болып есептеледі.

24. Әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімін веб-портал мынадай:

- 1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы тендерге қатысуға өтінім берген;
- 2) тендерге қатысуға өтінім осы тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін веб-порталға келіп түскен;
- 3) тендерлік баға ұсынысы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;
- 4) Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда автоматты түрде қабылдамайды.

25. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік баға ұсынысы теңгемен көрсетілуге тиіс.

#### **5. Тендерге қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу**

26. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдер беру мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген тендерге қатысуға өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға құқылы;

2) өзі енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

27. Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

28. Әлеуетті өнім беруші оның тендерге қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) тендер қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

## **6. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу**

29. Веб-портал тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталатын күн мен уақыт басталғаннан кейін бес минут ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді автоматты түрде ашуды жүргізеді.

Егер тендерге (лотқа) тендерге (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда мұндай өтінім де ашылады және қаралады.

30. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын веб-портал ашу күні автоматты түрде орналастырады. Бұл ретте веб-портал тендерлік комиссия мүшелеріне, веб-порталда автоматты түрде тіркелген әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде хабарламалар жібереді.

31. Тендерге қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін тендерлік баға ұсыныстарын қоспағанда, басқа әлеуетті өнім берушілердің осы тендерге қатысуға өтінімдерін қарауға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

## **7. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау**

32. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

33. Қағидаларға сәйкес тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады;

2) тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады.

34. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия мыналарды ресімдейді:

1) осы ТҚ-ның 33-тармағында көрсетілген жағдайда тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы;

2) қорытындылар туралы хаттаманы ресімдейді.

35. Тендерлік комиссия біліктілік талаптарына және осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын тендерлік комиссия ресімдейді.

36. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында мынадай ақпарат қамтылады:

1) біліктілік талаптары мен осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілердің оларды қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, оның ішінде олардың біліктілік талаптары мен осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, тізбесі;

2) біліктілік талаптары мен осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес ұсынылуы және сәйкестендірілуі қажет құжаттар тізбесі;

3) біліктілік талаптарына және осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес келтірілген, тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдерді ұсыну күні.

37. Тендерлік комиссияның әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешімі тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылданады және тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні веб-порталда автоматты түрде тіркелген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес веб-порталда орналастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі, орта, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жобалары бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік комиссияның әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешімі тендерге қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданады және тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні веб-порталда автоматты түрде тіркелген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабардар ете отырып, Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес веб-порталда орналастырады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 27.06.2024 № 399 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасы орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келтіру құқығы беріледі.

39. Тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының тізбесінде көрсетілген әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген құжаттар тізбесі бойынша оларды біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келтіру толықтығы тұрғысынан қайта қарайды;



2) тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген құжаттардың толық емес және біліктілік талаптары мен ТҚ талаптарына сәйкес келмейтін тізбесін ұсынған әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

3) тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін тендерге қатысуға өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келтірілген әлеуетті өнім берушілерден жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады ;

4) біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады.

Тендерге қатысуға өтінімді ТҚ талаптарына сәйкес келтіруге байланысты тендерлік комиссияның сұрау салуларын жіберуге және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді.

Тендерге қатысуға өтінімді ТҚ талаптарына сәйкес келтіру деп тендерге қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін тиісінше ресімделмеген құжаттарды түзету жолымен сәйкес келтіруге бағытталған тендерлік комиссияның іс-әрекеттері түсініледі;

5) осы ТҚ-ның біліктілік және өзге де талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және тендерге қатысушылар деп таниды.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған тендерге қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, ТҚ талаптарына жауап беретін ретінде қарайды.

40. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді енгізілген қамтамасыз етуді ТҚ талаптарына сәйкес келмейтін деп мынадай жағдайларда таниды:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) тендерге қатысуға өтінім қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген жағдайда, бұл тендерлік комиссия мына:

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлға;

банктік кепілдік түрінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тендердің атауы мен нөмірі;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі, банктік кепілдік түрінде ұсынылған оны беру шарттары және (немесе) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға;

оның пайдасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлға туралы мәліметтердің жоқтығынан тендерге қатысуға өтінім беруге мүмкіндік бермейді ;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тендерге бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Әлеуетті өнім беруші қатысатын тендер лоттарының жалпы сомасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Өзге негіздер бойынша енгізілген электрондық тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ТҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

41. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ТҚ талаптарына сәйкес келмейді деп тану себебін көрсетеді.

Әлеуетті өнім берушіні Қағидалардың 123-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді соманың бір және одан да көп пайызы мөлшерінде енгізген жағдайда, енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы ТҚ-ның талаптарына сәйкес деп таниды.

**42. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Әлеуетті өнім беруші (тендерге қатысушы деп танылған) тендерге қатысуға жіберілмейді, егер:

1) Ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) Заңның 7-бабында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері бар болса. Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі веб-порталдың автоматты түрде қабылдамауына жатады. Заңның 7-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша тендерлік комиссия ақпаратты тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында қарайды;

3) оның тендерге қатысуға өтінімі, оның ішінде, егер ол Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса, КҚ талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса.

44. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауға жол берілмейді.

45. Тендерлік комиссия тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, тендерге қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайларды қоспағанда, Қағидаларға сәйкес ТҚ-да көзделген өлшемшарттарға сәйкес тендерге қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты шартты жеңілдіктерді айқындайды.

46. Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу тәртібі Қағидалармен айқындалады.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсері тендерлік құжаттамаға 15 және 16-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсер тендерлік құжаттамаға 13 және 14-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

47. Егер сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын болса және әлеуетті өнім берушінің төленген салықтар көрсеткіші төрт пайыздан жоғары болған жағдайда, веб-портал автоматты түрде бір оннан (0,1) пайыздан асатын, бірақ үш пайыздан аспайтын әрбір пайыз үшін шартты жеңілдік береді.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

48. Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, тендерлік комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған шарттар шартқа енгізіледі.

49. Егер тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) неғұрлым жақсы функционалдық техникалық, пайдалану және сапалық сипаттамалары, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің тауарларына, жұмыстарына және көрсетілетін қызметтеріне техникалық ерекшеліктің ТҚ-да көрсетілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігіне сәйкес келмеуіне жол беріледі.

50. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі тендерге қатысатын әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қарау кезінде тендерлік комиссия осы тендерде сатып алынатын тауарды жеткізу,

жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығында ғана, оның ішінде тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша жұмыс тәжірибесін қарайды.

51. Өлшем – тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар сараптау комиссиясының не сарапшының (ол болған кезде) қорытындысына сәйкес қолданылады. Осы өлшемшарттың тендерге қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспауға тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың функционалдық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде белгіленген тауарлар мүмкіндіктерінің шегінен асқан жағдайда, Сараптау комиссиясы не сарапшы әрбір мүмкіндік үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың техникалық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде Белгіленген тауарлардың параметрлерінен асып кеткен жағдайда, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен параметр үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың сапалық сипаттамалары ТҚ техникалық ерекшелігінде белгіленген тауардың талаптары мен мақсатынан асып кеткен жағдайда, тендерлік комиссия осы сипаттама үшін бес пайыз (5%) белгілейді.

Егер әлеуетті өнім берушілер тендерге қатысуға өтінімде ұсынған техникалық ерекшеліктегі тауарлардың пайдалану сипаттамалары (пайдалану мерзімі, тасымалдау, сақтау шарттары, пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстар) сауда-саттықтың техникалық ерекшелігінде белгіленген шарттардан асып кетсе, тендерлік комиссия әрбір асып кеткен шарт үшін нөл бүтін оннан бес пайызды (0,5 %) белгілейді. Бұл ретте жалпы жиынтық көрініс үш пайыздан (3%) аспауы тиіс.

52. Тендерге қатысуға өтінім, егер онда ұсынылған тендерге қатысуға өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, ТҚ талаптарына жауап береді деп танылады.

## **8. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және тендердің жеңімпазын айқындау**

53. Тендерлік баға ұсынысын веб-портал біліктілік талаптарына және ТҚ талаптарына сәйкестігі мәніне тендерге қатысуға өтінімді қарау қорытындылары бойынша автоматты түрде ашады.

54. Веб-портал тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын автоматты түрде бағалауды және салыстыруды жүргізеді:

Қағидаларға сәйкес айқындалатын демпингтік баға есептеледі;

тендерге қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, ең төмен шартты баға негізінде тендер жеңімпазы, сондай-ақ ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде екінші орын алған әлеуетті өнім беруші айқындалады;

тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайтын қаржылық тұрақтылықтың үлкен көрсеткіші бар тендерге қатысушы жеңімпаз деп танылады.

Әлеуетті өнім берушінің қаржылық орнықтылығы көрсеткішінің есебін осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес веб-портал автоматты түрде айқындайды.

Қаржылық орнықтылық көрсеткіштері тең болған кезде қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен тендерге қатысушы жеңімпаз деп танылады.

55. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада орналастырылады.

## **9. Тендерге қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару**

56. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда ашу хаттамасын орналастырған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін тоқтатылады. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және ол шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 160-тармағына сәйкес соманы (болған кезде) енгізген жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

57. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушіге ол бұғаттаған тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін кері қайтарып алған;

2) тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін тоқтатылады. Көрсетілген жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және ол Қағидалардың 151-тармағына сәйкес шарттың және (немесе) соманың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген (болған кезде) жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады.

58. Электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы, егер:

1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші туралы шарт жасасудан жалтарса;

2) тендер жеңімпазы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (бар болса) енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы ек-де белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

59. Электрондық әмиян арқылы енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай:

1) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) тендер жеңімпазы шарт жасасып, Қағидалардың 151-тармағына сәйкес (болған кезде) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы ТҚ-да белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

## **10. Тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт**

60. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында веб-портал арқылы жасалады.

Тапсырыс беруші Веб-портал автоматты түрде айқындайтын, Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шектеулері бар тұлғаны қоспағанда, Қағидалардың 21, 22, 23, 24 және 25-қосымшаларына сәйкес үлгілік шартқа сәйкес жасалған, тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағым жасау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шарт жобасын жеңімпазға жібереді

61. Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде алдын ала жылдық сатып алу жоспары шеңберінде өткізілген сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда, шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

62. Шарттың жобасын тендер жеңімпазы Шарттың жобасын қоса бере отырып, веб-порталға хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

62. Тапсырыс беруші тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге электрондық шартты ресімдеу үшін шартқа қол қоятын тұлға және өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерді сұрату жібереді.

63. Әлеуетті өнім беруші веб-порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және өнім берушінің деректемелерін толтырады және растайды.

Әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді растауы және оның деректемелері болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші веб-порталда орналастырылған әлеуетті өнім берушінің тіркеу деректеріне сәйкес шартқа қол қояды.

64. Тапсырыс беруші Қағидаларға сәйкес әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

65. Өнім беруші Заңда және Қағидаларда белгіленген мерзімде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен шартқа қол қояды.

66. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде шарттың жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын жібереді. Шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші қол қойған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайта сатып алуды жүзеге асырады.

67. Шарт Заңмен 16-бабы 3-тармағымен бекітілген тәртіппен белгіленген шағымдану кезеңінде жасалмайды.

68. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы (бар болса) енгізеді.

69. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін сатып алуды ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер шартта аванс төлеу көзделген болса, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Өнім беруші аванстың толық сомасынан не аванстың бір бөлігінен бас тартуға құқылы. Өнім беруші аванстан ішінара бас тартқан жағдайда аванстың бір бөлігіне тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай тапсырыс беруші өнім берушінің жазбаша хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін шартта көзделген орындалған міндеттемелерге бара-бар азайтады.

70. Қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын шарт жасалған жағдайда ағымдағы қаржы жылына шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып есептеледі.

71. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдай алады:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны қамтиды;
- 2) Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігін қамтуға тиіс;

Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы қайтарады. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

72. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

73. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) ұйымдастырушы өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда өнім берушіге қайтармайды.

74 Шарт бойынша тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жұмсалатын мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

75. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Қағидалармен белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаған немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылады.

76. Жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы өзі енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде ұстап қалады.

**11. Әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірибесі болуы бөлігінде қойылатын талаптар**



77. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары Қағидаларда көзделген жағдайларда белгіленеді.

Тендерлік құжаттамаға  
1-қосымша

**Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары (бекітілген жылдық жоспар негізінде қалыптастырылады)**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы*	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Жеткізу шарты (ИНКОТЕРМС 2010-ға сәйкес)	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Лот бойынша бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

\* Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің толық сипаты мен сипаттамасы техникалық ерекшеліктерде көрсетіледі.

Тендерлік құжаттамаға  
2-қосымша

**Тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тауарларды жеткізуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсатты алуды, хабарланы жіберуді талап еткен жағдайда мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы ( мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды).

3. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға тиіс.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстарының атауы	Саны
1		

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы ( мамандығы/біліктілігі)	Саны
1		

5. Соңғы он жылда сатып алынатын тауарлардың мәніне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы.

Егер сатып алынатын тауарларды беруге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесі бойынша талап қойылмайды.

№	Сатып алынатын тауардың атауы ( лоттың атауы)	Жыл саны
1		

Ескерту.

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әр бірлігі бөлек жолмен көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
3-қосымша

**Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (құрылыс (құрылыс -монтаждау жұмыстары мен жобалау бойынша жұмыстар) саласында жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:



							лицензияла натын қызмет түрінің кіші түрі
1							

Ескертпе:

Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
4-қосымша

**Құрылысқа байланысты емес жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жұмыстарды орындауға рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер жұмысты орындау тиісті рұқсатты алуды, хабарланы жіберуді талап еткен жағдайда мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер жұмыстарды орындау тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы және Қағидалармен белгіленген жағдайларда қаржылық орнықты болуы (мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды).

3. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға тиіс.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстарының атауы	Саны
1		

Еңбек ресурстары:

--	--	--

№	Еңбек ресурстарының атауы ( Саны мамандығы/біліктілігі)	Саны
1		

5. Тендерде сатып алынатын ұқсас (сол сияқты) орындалатын жұмыстар тәжірибесінің соңғы он жыл ішінде болуы.

Егер сатып алынатын жұмыстарды орындауға Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың ( хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесі бойынша талап қойылмайды.

№	Сатып алынатын жұмыстардың атауы (лоттың атауы)	Жыл саны
1		

Ескерту.

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әр бірлігі бөлек жолмен көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
5-қосымша

**Көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтерді көрсетуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер қызметтерді көрсету тиісті рұқсатты алуды талап етсе, онда мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер қызметтерді көрсету тиісті рұқсатты алуды, хабарландыру жіберуді талап етпесе, онда осы мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы

және Қағидалармен белгіленген жағдайларда қаржылық орнықты болуы (мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды).

3. Банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы.

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	Саны
1		

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы (мамандығы/біліктілігі)	Саны	Қызметкердің жұмыс өтілі (қажет болған жағдайда) үш жылдан аспайтын (Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе бекітілген нормативтерінде неғұрлым жоғары өтілім көзделген жағдайларды қоспағанда)
1			

5. Сатып алынатын қызметтердің атауына соңғы он жылда сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы.

Егер сатып алынатын қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы талап етілген жағдайда, жұмыс тәжірибесі бойынша талап қойылмайды.

№	Сатып алынатын қызметтердің атауы (лоттың атауы)	Жыл саны
1		

Ескерту.

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әр бірлігі бөлек жолмен көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
6-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Тауардың атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Бірлік бағасы, қосылған құн салығын қоспағанда*	
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жеткізу шарты (ИНКОТЕРМС 2010-ға сәйкес)*	
Жеткізу мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері*	
Сатып алынатын тауарларға, ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың атауы. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі.	
Шыққан жылы	
Кепілдік мерзімі (айлар)	
Сатып алынатын тауарлардың қажетті функционалдық, техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамаларының сипатталуы	
Ілеспе қызметтер (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (монтаждау, іске қосу, дайындау, тексеру және тауарларды сынау)	
Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда оған қойылатын талаптар және онымен сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

\* мәліметтер сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескерту.

1. Функционалдық, техникалық, сапалық, пайдаланушылық, өзге де сипаттамалар, ілеспе қызметтер бойынша әрбір талап және қосымша талаптар бөлек жолда көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға

7-қосымша

**Құрылыс саласындағы сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша жұмыстар) (тапсырыс беруші толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Жұмыстың атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Бірлік бағасы, қосылған құн салығын қоспағанда*	
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жұмыстарды орындау мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері *	
Кепілдік мерзімі (айлар)	
Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда оған қойылатын талаптар және онымен сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

\* мәліметтер сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескерту.

Осы тізбеде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға

8-қосымша

**Сатып алынатын құрылысқа байланысты емес жұмыстардың техникалық ерекшелігі ( тапсырыс беруші толтырылады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Жұмыстың атауы*	



Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Бірлік бағасы, қосылған құн салығын қоспағанда*	
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Жұмыстарды орындау мерзімі*	
Аванстық төлем мөлшері *	
Кепілдік мерзімі (айлар)	
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	
Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда оған қойылатын талаптар және онымен сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

\* мәліметтер сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескерту.

1. Әрбір талап етілетін сипаттамалар, параметрлер, бастапқы деректер және қосымша шарттар бөлек жолда көрсетіледі.

2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
9 қосымша

### Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	
Қызметтің атауы*	
Өлшем бірлігі*	
Саны (көлемі)*	
Қосылған құн салығын қоспағанда бірлік бағасы*	
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома*	
Қызметтерді көрсету мерзімі*	

Аванстық төлем мөлшері*	
Кепілдік мерзімі (айлар)	
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	
Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда оған қойылатын талаптар және онымен сатып алу туралы шарт жасасу (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені немесе бермегені үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

\* мәліметтер сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).

Ескертпе.

1. Әрбір талап етілетін сипаттамалар, параметрлер, бастапқы деректер және қосымша шарттар бөлек жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Тендерлік құжаттамаға  
10-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа жеке ұсынады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

№ тендер \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

лот № \_\_\_\_\_

Лот атауы \_\_\_\_\_

Маркасын және / немесе тауар белгісін не қызмет көрсету белгісін, моделін, типін көрсете отырып, тауардың атауы	
Шығарылған елі	
Дайындаушы зауыт (дайындаушы зауыттың атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі)	
Шығарылған жылы	
Кепілдік мерзімі (болған жағдайда) (айларда)	
Жеткізу мерзімі	
Тауарды жеткізу орны	
Ұлттық стандарттардың атауы, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға мемлекетаралық стандарттар. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық,	

техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.	
Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзге де сипаттамаларының сипаттамасы	
<input type="checkbox"/>	Ұсынылатын тауардың техникалық ерекшелігінің барлық мәліметтерінің дұрыстығын растаймын

11-қосымша тендерлік құжаттамаға

## Тендерге қатысу туралы келісім

Осымен әлеуетті өнім беруші ретінде тендер тәсілімен осы сатып алуға қатысуға ниет білдіреміз және ТҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (ларды) жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) жүзеге асыруға келісім, сондай-ақ біздің біліктілік талаптарына және Заңның 7-бабымен белгіленген шектеулерге сәйкес келетіндігімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіреміз.

Егер ТҚ техникалық ерекшелігінің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қамтыса, онда осымен осы жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындауға келісім білдіреміз.

Осымен тармақта көзделген шектеулерді бұзушылықтардың болмауын, сондай-ақ менің (әлеуетті өнім беруші) және тапсырыс беруші және (немесе) сатып алуды ұйымдастырушы арасында заңда тыйым салынған қатынастардың болмауын растаймыз және Қағидалардың 336-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, сатып алу туралы шартты Қағидаларда белгіленген тәртіппен бұзуға келісім береміз.

Тендерлік құжаттамамен танысқанымызды және ұйымдастырушыға және тендерлік комиссияға өзінің заңдылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауарды (ларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз.

Тендерге қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзімізге толық жауапкершілікті аламыз.

Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, сондай-ақ тендерге қатысушылардың лауазымды адамдарының бізге белгілі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды дереу хабардар ету бойынша міндеттемелерді қабылдаймыз.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, сондай-ақ сатып алу туралы заңнаманы бұзуға әкеп соғатын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз.

Біздің тендерге қатысуға өтініміміз тендерлік құжаттамада талап етілетін мерзім ішінде қолданылатын болады.

Біздің тендерге қатысуға өтініміміз жеңді деп танылған және сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (болған кезде) тендерлік құжаттамада көрсетілген мөлшерде енгіземіз және сатып алу туралы шартты (тауарды жеткізуге арналған жүкқұжат (акт) орындауға байланысты ақпаратты ашуға келісім білдіреміз.

Тендерлік құжаттамаға  
12-қосымша

## **БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ШАРТ**

### **(КОНСОРЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ)**

20\_\_ж. "\_\_" \_\_\_\_\_ Күні

бұдан әрі "Негізгі қатысушы" деп аталатын \_\_\_\_\_,

(заңды тұлға атауы, БСН, заңды мекенжайы)

атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(жарғы, куәлік) (лауазымы, Т.А.Ә., ЖСН)

бұдан әрі "2-қатысушы" деп аталатын \_\_\_\_\_,"

(заңды тұлға атауы, БСН, заңды мекенжайы)

атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(жарғы, куәлік) (лауазымы, Т.А.Ә., ЖСН)

бұдан әрі "3-қатысушы" деп аталатын \_\_\_\_\_," атынан,

(заңды тұлға атауы, БСН, заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(жарғы, куәлік) (лауазымы, Т.А.Ә., ЖСН)

бірлесіп "Қатысушылар" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Консорциялық келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

1. Терминдер, олардың анықтамалары мен түсіндірмелері

1.1. Қатысушылар осы Келісімде көрсетілген терминдер мен ұғымдардың мынадай біркелкі түсіндірілуімен келісті:

"Тапсырыс беруші" – \_\_\_\_\_.

(тапсырыс берушінің атауы)

"Ұйымдастырушы" – \_\_\_\_\_.

(ұйымдастырушының атауы)

"Тендер" – \_\_\_\_\_.

(тендердің нөмірі мен атауы)

"Консорциум" – осы Келісім негізінде Қатысушылардың уақытша ерікті, тең құқылы одағы (бірлестігі), онда Қатысушылар кез келген ресурстарды біріктіреді және Жобаның ойдағыдай іске асырылуын шешу үшін күш-жігерін үйлестіреді;

"Сатып алу туралы шарт" – өткізілген Тендер қорытындысы бойынша

Тапсырыс беруші жасасатын сатып алу туралы шарт;

"Жоба" – \_\_\_\_\_.

(лоттың нөмірі мен атауы)

"Жобаны іске асыру" – консорциумның Сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы;

"Құпия ақпарат" – Қатысушылар туралы, оның ішінде олардың қаржы-шаруашылық қызметіне, құрылтайшыларына, еншілес компанияларына, қызметкерлері мен агенттеріне қатысты ақпаратты қамтитын немесе өзгеше түрде көрсететін құжаттарды, қатысушылардың контрагенттері туралы ақпаратты, оның үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе ықтимал коммерциялық құндылығы бар өзге де ақпаратты қоса алғанда, кез келген ғылыми-техникалық, технологиялық, шаруашылық, қаржы-экономикалық немесе өзге де ақпарат.

1.2. Келісімнің осы тармағында тікелей көрсетілмеген ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.

## **2. Келісімнің нысанасы**

2.1. Осы Келісімге Қатысушылар Консорциум құрады, оны құру мақсаты Тендерге қатысу болып табылады және Консорциум Тендер жеңімпазы деп танылған және кейіннен Сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда – Жобаны табысты іске асыру.

2.2. Осы Келісім жеткілікті тәжірибесі, материалдық және техникалық әлеуеті, еңбек ресурстары, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге, тауарларды жеткізуге өкілеттіктері мен рұқсаттары және тендер шарттарында көзделген өзге де міндеттемелері бар Қатысушылардың ерікті бірлестігі болып табылады.

2.3. Қатысушылар осы Келісімді Консорциум қызметінің ортақ мақсаттары мен коммерциялық мүдделерін негізге ала отырып, ынтымақтастық қағидаттарына негізделе отырып жасасады.

3. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Қатысушылар мыналарға:

3.1.1. Осы Келісімді орындау кезінде бір-бірімен адал өзара іс-қимыл жасауға.

3.1.2. Осы Келісімнің шарттарына сәйкес консорциум қызметіне қатысуға.

3.1.3. Осы Келісімде белгіленген тәртіппен салымдар салуға.

3.1.4. Консорциумның және атап айтқанда әрбір қатысушының құпия ақпаратын жария етпеуге міндетті.

3.2. Қатысушылар мыналарға:

3.2.1. Осы Келісімде айқындалған тәртіппен консорциум істерін басқаруға қатысуға

3.2.2. Консорциумның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде консорциумның істерін жүргізу жөніндегі кез келген құжаттамамен танысуға.

3.2.3. Консорциум қызметінен түскен пайданы бөлуге қатысуға.

3.2.4. Барлық қатысушылардың ортақ келісімі болған кезде қатысушылардың ортақ мүлкін пайдалануға құқылы.

#### **4. Қатысушылардың салымдары**

4.1. Негізгі қатысушының салымы мыналар болып табылады:

4.1.1. \_\_\_\_\_

4.1.2. \_\_\_\_\_

4.1.3. \_\_\_\_\_

4.2. "2-қатысушы" салымы мыналар болып табылады:

4.2.1. \_\_\_\_\_

4.2.2. \_\_\_\_\_

4.2.3. \_\_\_\_\_

4.3. "3-қатысушы" салымы мыналар болып табылады:

4.3.1. \_\_\_\_\_

4.3.2. \_\_\_\_\_

4.3.3. \_\_\_\_\_

4.4. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, сондай-ақ консорциум жеңімпаз деп танылған және онымен шарт жасасқан жағдайда сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету және (немесе) демпингке қарсы шараларға сәйкес сома (болған кезде) негізгі қатысушы енгізеді.

#### **5. Басқару тәртібі**

5.1. Қатысушылардың жалпы істерін жүргізуді, Тендерге қатысуға өтінім беруді және Консорциум қызметіне байланысты өзге де әрекеттерді Негізгі қатысушы қосымшаға сәйкес нысан бойынша Консорциум қатысушыларының сенімхаттары негізінде жүзеге асырады.

5.2. Консорциум Тендерде жеңімпаз деп танылған жағдайда, Сатып алу туралы шарт Негізгі қатысушымен жасалады.

5.3. Консорциум жеңімпаз деп танылған және онымен Сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, осы Келісім оның ажырамас бөлігі болып табылады.

#### **6. Қатысушылардың Жауапкершілігі**

6.1. Сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ біліктілік талаптары және (немесе) тендерлік баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені үшін Қатысушылар ортақ жауаптылықта болады.

6.2. Қатысушының Осы Келісім шеңберіндегі Консорциум қызметіне байланысты емес жеке міндеттемелері бойынша өзге Қатысушылар жауапты болмайды.

## 7. Дауларды шешу

7.1. Осы Келісімнің шарттарын орындау кезінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Қатысушылар келіссөздер жолымен шешуге тырысатын болады.

7.2. Келіссөздер жолымен реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

## 8. Келісімнің қолданылу мерзімі

8.1. Осы Келісім барлық Қатысушылар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

8.2. Егер Консорциум Тендер жеңімпазы болып танылмаған жағдайда, Келісім Сатып алу туралы шарт жасалғанға дейін қолданылады.

8.3. Консорциум Тендердің жеңімпазы деп танылған және онымен Сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, Келісім Сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

## 9. Басқа шарттар

9.1. Осы Келісім Консорциумға Қатысушылардың электрондық цифрлық қолтаңбаларымен куәландырылған сатып алу веб-порталы арқылы ресімделді және жасалды.

9.2. Осы Келісім \_\_\_\_\_ тілінде жасалды.

9.3. Осы Келісіммен реттелмеген барлық қалған жағдайларда Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## 10. Қатысушылардың деректемелері мен қолдары

"Негізгі қатысушы" Толық атауы Толық заңды мекенжайы БСН Банктік деректемелер Телефоны Лауазымы, Т.А.Ә.	"2-қатысушы" Толық атауы Толық заңды мекенжайы БСН Банктік деректемелер Телефоны Лауазымы, Т.А.Ә.
"3-қатысушы" Толық атауы Толық заңды мекенжайы	

БСН, Банктік деректемелер

Телефоны

Лауазымы, Т.А.Ә.

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Консорциялық келісімге  
қосымша

## Сенімхат

20\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан осы сенімхатпен \_\_\_\_\_  
(консорциумға қатысушы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_  
(Негізгі қатысушы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ (консорциумға қатысушы) (ұйымдастырушының, бірыңғай тапсырыс берушінің атауы)

де мүддесін білдіруге сенім білдіреді.

Сол үшін Өтінім беруге және Сатып алу туралы шарт жасасуға құқығын береді.

Тендер № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лот № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Сенімхат № \_\_\_\_\_ Тендер бойынша Консорциялық  
(тендердің нөмірі мен атауы)

қолдану мерзіміне берілді.

Осы сенімхат менің \_\_\_\_\_  
(басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

цифрлық қолтаңбамды пайдалана отырып, сатып алу веб-порталы арқылы куәландырылды.

\_\_\_\_\_ (Қатысушы)

\_\_\_\_\_ қолы

\_\_\_\_\_ Басшы

Тендерлік құжаттамаға  
13-қосымша

**Біліктілік туралы мәліметтер (құрылыс саласындағы (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша жұмыстар) жұмыстарды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші (қосалқы мердігер) толтырады)**





№	Жұмыс атауы	Құрылыс объектісі бойынша әлеуетті өнім берушінің мәртебесі (бас мердігер, бас жобалаушы / қосалқы мердігер)	Құрылыс түрі (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, қайта жаңарту, қалпына келтіру және қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу)	Ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші-жоғары, екінші-қалыпты, үшінші-төмен)	Объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар)	Функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар)	жұмыстарды қоспағанда, тендердің нысанасына сәйкес келетін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6 - бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан орны)	Тапсырыс берушінің атауы	Объектінің пайдалануға қабылдану актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы
<input type="checkbox"/>					Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын					

### Кестенің жалғасы

Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Раст айтын құжаттардың электр ондық көшірмесі (сілтеме)
Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын	

Ескертпе:

1. Егер осы тендерде жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

2. Егер жаңа объектілер салу, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жаратқандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу тендердің нысанасы болып табылған жағдайда, "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжат (бұдан әрі -орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері) болып табылады.

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген нысандарға сәйкес келмеген жағдайда, мұндай құжаттар дұрыс деп танылады және осы Қағидалармен айқындалған жағдайларда және тәртіппен жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде ескеріледі.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылады, онда осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетіледі.

Объектіні пайдалануға қабылдау актісінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмесі қосымша ұсынылады, онда осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу тендердің нысанасы болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері (сертификаттар, шарттық баға ведомосіне сәйкес орындалған жұмыстарды қабылдау актілері) жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады.

3. Егер тендердің нысанасы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылған жағдайда, сараптаманың оң қорытындысының электрондық көшірмесі жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады.

4. Егер тендердің нысанасы жаңа құрылыс болып табылған жағдайда, жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі.

Автомобиль жолдарын және (немесе) инженерлік желілерді реконструкциялау жөніндегі жұмыс тәжірибесі автомобиль жолдарын және (немесе) инженерлік желілерді жаңа салу кезінде ескеріледі.

5. Егер тендердің нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жаратқандыру және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда,

жаңа объектілер салудың, кеңейтудің, жаңғыртудың, техникалық қайта жарактандырудың және жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялаудың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

6. Егер күрделі жөндеу тендердің нысанасы болып табылған жағдайда, онда Жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарактандыру, Жұмыс істеп тұрған объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

7. Егер жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстар тендер нысанасы болып табылған жағдайда, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер жобалау-сметалық құжаттаманы түзету немесе байланыстыру жөніндегі жұмыстар тендер нысанасы болып табылған жағдайда, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, түзету, байланыстыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

8. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиістілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы) және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған олардың техникалық күрделілігіне негізделі отырып есептеледі.

9. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау) саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жиынтығында мыналар ескеріледі:

1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (біріншісі – жоғары, екіншісі – қалыпты, үшіншісі – төмен).

Егер тендердің нысанасы бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың ғана жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер тендердің нысанасы екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер тендердің нысанасы үшінші (төмендетілген) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстар болып табылса, бірінші (жоғарылатылған), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

2) объектілердің техникалық күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар).

Егер тендердің нысанасы техникалық күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Егер тендердің нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіптік объектілер, өндірістік ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар);

4) бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі, тұрғын үй – азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген, лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің бір тармақшасында болған жағдайда ескеріледі.

Бұл ретте электрмен жабдықтауға, электрмен жарықтандыруға және электрмен жылытуға байланысты бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы олардың тендер нысанымен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің әртүрлі тармақшаларында болуына қарамастан ескеріледі.

Автомобиль жолдарын салуға байланысты бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсастығы олардың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның 5 және 6-бөлімдерінде көзделген бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің әртүрлі тармақшаларында тендер нысанасымен болуына қарамастан ескеріледі.

10. Инженерлік желілер мен жүйелердің (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) кешенді құрылысы (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық қайта жаратандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) кезіндегі жұмыс тәжірибесі өткізілетін сатып алу нысанасына сәйкес келетін инженерлік желілер және (немесе) жүйелер түрлерінің ең болмағанда біреуінің болуына қарай есептеледі.

Инженерлік желілерді және (немесе) жүйелерді (инженерлік желілердің және (немесе) жүйелердің бірнеше түрі) реконструкциялау жөніндегі жұмыс тәжірибесі инженерлік желілерді және (немесе) жүйелерді (инженерлік желілердің және (немесе) жүйелердің бірнеше түрі) жаңадан салу кезінде ескеріледі.

Автомобиль жолдары мен инженерлік желілер мен жүйелердің (инженерлік желілер мен жүйелердің бірнеше түрі) кешенді құрылысы (жаңа құрылыс, кеңейту, техникалық

қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) кезіндегі жұмыс тәжірибесі автомобиль жолдарының жұмыс тәжірибесінің болуына және инженерлік желілер мен жүйелердің ең болмағанда біреуінің болуына қарай есептеледі.

11. Егер аумақтарды абаттандыру немесе аула аумақтарын күрделі жөндеу бойынша және лицензияланатын түрлерін орындау көзделген жұмыстар тендер нысанасы болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тендер нысанасында көзделген барлық лицензияланатын жұмыс түрлері бойынша тәжірибесі болған кезде ескеріледі.

12. Егер жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылған жағдайда қосалқы мердігер ретіндегі жұмыс тәжірибесі жиынтығында мынадай шарттар сақталған кезде ескеріледі:

1) жылына қосалқы мердігер ретінде орындалған жұмыстардың кемінде екі объектісі болған кезде бір жыл жұмыс тәжірибесі беріледі. Жылына орындалған жұмыстардың екі объектісінен артық жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, бір жылдан астам жұмыс тәжірибесін беруге жол берілмейді;

2) қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі тендер мәніне сәйкес келетін объектілерде жұмыстарды (бір немесе бірнеше) орындаған жағдайда ескеріледі. Бұл ретте, қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес лицензияланатын қызмет түрлері бойынша ғана ескеріледі.

Объект деп нысанасы өткізілетін сатып алу нысанасына сәйкес келетін бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған жұмыстар түсініледі.

13. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде объектіні пайдалануға қабылдау актісінің күніне сәйкес құрылыстың аяқталған жылы танылады.

14. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру тендерлік құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер тендерлік құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

15. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен кем болмайды.

16. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының электрондық көшірмесін ұсынуға жол берілмейді.

17. Осы қосымшаның 2, 4 және 5-тармақтарының қаржылық орнықтылығы бөлігіндегі талаптары қосалқы мердігерлерге қолданылмайды.

Аббревиатуралардың таратып жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;  
Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Тендерлік құжаттамаға  
14-қосымша

**Біліктілігі туралы мәліметтер (құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші (қосалқы мердігерлер) толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім берушінің (қосалқы мердігердің) БСН/ЖСН/ССН/СЕН және атауы \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, рұқсаттардың (хабарламаның) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) болуы туралы мәліметтер.

№	Рұқсаттың (хабарламаның атауы)	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

Бұл тармақ, егер жұмыстарды орындау тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда толтырылады.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің жоқтығы сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды.

3. Банкроттық не тарату рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтынын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтер.

--	--	--	--	--	--

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жағдайы (Жаңа, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі)	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
---	--------------------------------	-----------------------------	------------------------------	---	--	---

5. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, жұмыстарды орындау үшін қажетті талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер

№	Мамандық біліктілік атауы)	Қызметкерлердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса беріледі)	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен Берілген күнін көрсету, олардың электрондық көшірмелерін қоса беру)	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1				

6. Растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде тендерде сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер (болған жағдайда толтырылады).

№	Жұмыстың атауы	Жұмысты орындау орны (объектінің орналасқан орны)	Тапсырыс берушінің атауы	Орындалған жұмыстар актісінің күніне сәйкес жұмыстардың аяқталған жылы	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						



Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескертпе:



1. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және жұмыс істеп тұрған объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

Бұл ретте осы Қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды.

2. Егер осы тендерде жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

3. Егер тендер нысанасы автомобиль жолын орташа жөндеу болып табылған жағдайда, онда автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі.

Егер тендердің нысанасы ағымдағы жөндеу болып табылған жағдайда, онда Жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарактандыру, реконструкциялау, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарының жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

4. Орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

5. Егер тендер нысанасы автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыстар болып табылған жағдайда, орындалған жұмыстарды қабылдау актілерінің тиісті электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

6. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде жұмыстардың аяқталған жылы танылады.

7. Растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру тендерлік құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер тендерлік құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

8. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен кем болмауға тиіс.

9. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының электрондық көшірмесін ұсынуға жол берілмейді.

10. Осы қосымшаның 2, 4, 5 және 6-тармақтарының қаржылық орнықтылығы бөлігіндегі талаптары қосалқы мердігерлерге қолданылмайды.

Аббревиатуралардың таратып жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;  
Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Тендерлік құжаттамаға  
15-қосымша

**Біліктілік туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)**

**Ескерту. 15-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН/ССН/ТЕН және атауы \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның) бар екені туралы мәліметтер.

№	Рұқсат хабарлама) атауы	( Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың ( хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

Егер қызметтер көрсету тиісті рұқсатты алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда осы тармақ толтырылады.

1-1. Жаңа объектілер құрылысының барысына, сондай-ақ қолданыстағы объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, қайта жаңарту, қалпына келтіру, күрделі және орташа жөндеу барысына инжинирингтік қызметтер көрсету (техникалық және авторлық қадағалау) сатып алу нысаны болып табылатын тендерде "Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген).

2. Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешектің жоқ екендігі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары мәліметтерінің негізінде веб-портал автоматты түрде анықтайды.

3. Банкроттық не тарату рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтындығын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың бар екендігі туралы мәліметтер.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, жаман)	Жеке меншік (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растау құжатының атауы, күні және нөмірі	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						

5. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін қажетті талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер.

№	Мамандық біліктілік) атауы	Қызметкерлердің (Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен берілген күні көрсетілсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)
1				

6. Растау құжаттарының (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде тендерде сатып алынатын ұқсас (сол сияқты) көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

--	--	--	--	--	--	--

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызметтерді көрсету орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметті көрсеткен жылы, айы ( _ бастап __ )	Растау құжатының атауы, күні және нөмірі	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі ( сілтеме)
1						

<input type="checkbox"/>	Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын
--------------------------	---

**Ескертпе:**

1. Егер осы тендерде қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Салық кодексінің 397-бабында көзделген көрсетілетін қызметтерге байланысты, сондай-ақ есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптар) арқылы жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетуге байланысты сатып алу туралы шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар шот-фактураның электрондық көшірмесі болып табылады.

2. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру тендерлік құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер тендерлік құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растау құжаттарының электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

3. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының электрондық көшірмесі не алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс.

4. Жұмыс өтілі бойынша талап бар болған жағдайда, қызметкердің жұмыс өтілін растайтын құжат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірменің немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады.

Бұл ретте қызметкердің соңғы он жылдағы өтілі ескеріледі.

5. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының электрондық көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді.

6. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде көрсетілетін қызметтің аяқталған жылы танылады.

7. Осы қосымшаның қаржылық тұрақтылығы бөлігінде 2-тармағының, 4, 5 және 6-тармақтарының талаптары бірлесіп орындаушыларға қолданылмайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Тендерлік құжаттамаға  
16-қосымша

**Біліктілік туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) тауарларды сатып алу кезінде толтырады)**

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН/ССН/ТЕН және атауы \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсаттың (хабарламаның), хабарламаның бар екені туралы мәліметтер.

№	Рұқсат (хабарлама) атауы	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санаты)	Құжаттың берілген күні мен нөмірі	Рұқсаттың (хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап еткен жағдайда осы тармақ толтырылады.

2. Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салықтық берешектің жоқ екендігі, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылығы туралы

мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдары мәліметтерінің негізінде веб-портал автоматты түрде анықтайды.

3. Банкроттық немесе тарату рәсімі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші банкрот болып табылмайтындығын және тарату рәсіміне жатпайтынын растайды).

4. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды жеткізу үшін қажетті талап етілетін материалдық ресурстардың бар екендігі туралы мәліметтер.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, жаман)	Жеке меншік (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растау құжатының атауы, күні және нөмірі	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						

5. Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тауарларды жеткізу үшін қажетті талап етілетін еңбек ресурстары туралы мәліметтер.

№	Мамандық біліктілік) атауы	Қызметкерлердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін)	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен берілген күні көрсетілсін, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін)	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)
1				

6. Растау құжаттарының (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде тендерде сатып алынатын ұқсас (сол сияқты) тауарларды жеткізу тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер.

№	Тауардың атауы	Алушының атауы	Тауарды жеткізу орны	Тауарды жеткізу күні	Растау құжатының атауы	Растау құжаттарының электрондық көшірмесі (сілтеме)

					атауы, күні мен нөмірі	электрондық көшірмесі (сілтеме)
1						

<input type="checkbox"/>	Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын
--------------------------	---

**Ескертпе:**

1. Егер тауарды жеткізу тәжірибесінің болуы осы тендерде біліктілік талап болып табылмаған жағдайда, растау құжаттарының электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді.

2. Сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары тауарларды қабылдап алу актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады. 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі бар болса, жүкқұжаттар мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылуы мүмкін.

3. Осы қосымшаның қаржылық тұрақтылығы бөлігінде 2-тармағының, 4, 5 және 6-тармақтарының талаптары бірлесіп орындаушыларға қолданылмайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Тендерлік құжаттамаға  
17-қосымша

**Банктік кепілдік**

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банктің деректемелері \_\_\_\_\_

Кімге:

Сатып алуды ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Сатып алуды ұйымдастырушының деректемелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " № \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттеме \_\_\_\_\_

(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

\_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

ұйымдастырған

тендердың атауы \_\_\_\_\_

тендердың № \_\_\_\_\_

лоттың атауы \_\_\_\_\_

лоттың № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ сатып алу жөніндегі тендерге қатысатынынан және

\_\_\_\_\_

(тендер (лот/-тар) бойынша тауарлардың, жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің атауы)

тауарларды жеткізуді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруға дайын екенінен хабардармыз.

Жоғарыда аталған тендерді өткізу жөніндегі \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді банктік кепілдік түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз \_\_\_\_\_ осымен

(банктің атауы)

Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды алғаннан кейін, сондай-ақ тендердің жеңімпазы болып айқындалған Өнім берушіге:

сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанын;

сатып алу туралы шарт жасасып, шартты орындамағанын не тиісінше орындамағанын, оның ішінде тендерлік құжаттамада белгіленген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды уақтылы орындамағанын, сондай-ақ Қағидалардың 160-тармағына сәйкес соманың (бар болса), жазбаша растауын алғаннан кейін, Сіздің талабыңыз бойынша Сізге \_\_\_\_\_ (сома санмен және жазбаша) сомаға тең кері қайтып алынбайтын міндеттемені төлеуді өз міндетімізге аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме тендерге қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін қолданылады және, егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз \_\_\_\_\_ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатынына немесе қайтарылмайтынына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды.

Егер тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда бұл кепілдік міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.



Кепілгердің қолы мен мөрі (бар болса) Күні мен мекенжайы

Тендерлік құжаттамаға

18-қосымша

**Жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері ( веб-порталда қосалқы мердігердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы расталады)**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

№	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т.А.Ә.	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) БСН (ЖСН) / ССН/СЕН, оның толық заңды және почталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) атауы	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі, теңге	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі, %
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы				
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы				
	Барлық қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) бойынша жиыны				

Осымен тендерге (тендердың толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігері(лері) (бірлесіп орындаушысы(лары) сатып алуға қатысудың шарттары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлесіп орындаушыларға) қатысты бөлігінде тендерлік құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) Т.А.Ә.	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) уәкілетті өкілінің Т.А.Ә.	Электрондық цифрлық қолтаңба
---	---	------------------------------

Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің екіден бірінен аспайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Тендерлік құжаттамаға  
19-қосымша

### Әлеуетті өнім берушінің тендерлік баға ұсынысы

(әрбір лотқа жеке толтырылады)

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/СЖН/ТЕН \_\_\_\_\_

Өнім берушінің банктік деректемелері \_\_\_\_\_

Баға ұсынысының валюта атауы \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

Барлық шығыстарды және жеңілдіктерді есепке алғандағы бірлік бағасы \_\_\_\_\_

Саны (көлемі) \_\_\_\_\_

ИНКОТЕРМС 2010 тауар жеткізу шарттары \_\_\_\_\_

Жалпы саны (санын бірлік үшін бағаға көбейту) \_\_\_\_\_

Біз тендерлік құжаттамада айтылған Сіздердің төлем шарттарыңызбен келісеміз.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып

**Тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы №\_\_**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Тендерлік құжаттама жобасына ескертулерді, сондай-ақ тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды қабылдау мерзімі бастап \_\_\_\_\_ дейін

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Тендерлік құжаттама жобасына ескерту(лер), сондай-ақ тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу(лар) мынадай шешім(дер) қабылданған өнім беруші(лер)ге жіберілген:

№	Әлеуетті өнім берушінің БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН	Өтініш типі (ескерту, түсіндіру туралы сұрау салу)	Өтініш мәтіні	Ескертуді, түсіндіру туралы сұрау салуды жіберу күні мен уақыты	Шешім қабылданды	Бас тарту себебі, түсіндіру мәтіні
---	--	--	---------------	---	------------------	------------------------------------

Осы тендерге қатысуға өтінімдер осы хаттаманы және бекітілген тендерлік құжаттама мәтінін сатып алудың веб-порталында орналастыру сәтінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей қабылданады.

Бірінші басшы не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам	Т.А.Ә. қолы
--	-------------

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
5-қосымша

**(тендердың нөмірі)**

бұл ретте нөмір сатып алу тәсілі мен нөміріне байланысты болуы тиіс  
(әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)

Күні мен уақыты

Тапсырыс беруші\* \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының мекенжайы \_\_\_\_\_

Тендерлық комиссияның құрамы:

№	Т.А.Ә.	Ұйымдағы лауазымы	Комиссиядағы рөлі
---	--------	-------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі \_\_\_\_\_

р/с №	Лоттың №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік үшін баға	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
-------	----------	--------------	------	------------------	-------------------------------------

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тендерге қатысуға өтінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер ұсынған ( өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН	Әлеуетті өнім берушінің мекенжайы (облыс, қала, көше, үй, пәтер)	Өтінімдерді беру күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	-----------------------	--	---

Тендерлік құжаттамада көзделген құжаттардың болуы (болмауы) туралы ақпарат:

Әлеуетті өнім берушінің атауы, БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН		
№	Құжаттың атауы	Болу белгісі

Ескертпе:

\* Егер бірнеше тапсырыс беруші болса, тапсырыс беруші туралы мәліметтер көрсетілмейді.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,

**Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша тендерге қатысуға  
алдын ала рұқсат беру хаттамасы (тендердің нөмірі)**

бұл ретте нөмір сатып алу тәсілі мен нөміріне байланысты болуы тиіс  
(әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)

Күні мен уақыты

Тапсырыс беруші\* \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердың атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының мекенжайы \_\_\_\_\_

Тендерлік комиссияның құрамы:

№	Т.А.Ә.	Ұйымдағы лауазымы	Комиссиядағы рөлі
---	--------	-------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін  
қызметтер тізбесі \_\_\_\_\_

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН	Өтінім берілген күні және уақыты (хронология бойынша)
---	----------------------------------	--------------------	---

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тендерге (лотқа) қатысуға берілген өтінімдер туралы ақпарат туралы (хронология  
бойынша): (өтінімдер саны)

Тендерлік комиссия мүшелерінің алдын ала дауыс беру нәтижелері:

р/с №	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілердің тізбесі), БСН (ЖСН)/ ССН/ ТЕН				
	Комиссия мүшелерінің Т.А.Ә.	Комиссия мүшесінің шешімі	Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмеу себептерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы	Бас тарту себептерінің негіздемесі	Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілуі қажет әлеуетті өнім берушінің өтініміндегі құжаттар тізбесі

Бас тартылған тендерге қатысуға өтінімдер: (өтінімдер саны):

р/с №	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН	Бас тарту себебі
----------	----------------------------------	--------------------	------------------

Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін тендерге қатысуға өтінімдер: (өтінімдер саны)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН
---	-------------------------------	--------------------

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдерді берудің соңғы күні мен уақыты: сатып алудың веб-порталында осы хаттаманы орналастырған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей.

Ескертпе:

\* Егер бірнеше тапсырыс беруші болса, тапсырыс беруші туралы мәліметтер көрсетілмейді.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық  
әл-ауқат қорының ұйымдарын  
қоспағанда, квазимемлекеттік  
сектордың жекелеген субъектілерінің  
сатып алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
7-қосымша

**Қорытындылар туралы хаттама (тендер нөмірі) бұл ретте нөмір сатып алудың тәсілі мен нөміріне байланыстырылады (әрбір лотқа жеке қалыптастырылады)**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Күні мен уақыты

Тапсырыс беруші\* \_\_\_\_\_

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының мекенжайы \_\_\_\_\_

Тендерлік комиссияның құрамы

№	Т.А.Ә. (ол болған кезде)	Ұйымдағы лауазымы	Комиссиядағы рөлі
---	--------------------------	-------------------	-------------------

Жалпы сомасын көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі \_\_\_\_\_

--	--	--	--	--	--

№	Лоттың №	Лоттың атауы	Саны	Бірлік үшін баға	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге
---	----------	--------------	------	------------------	-------------------------------------

Лот № \_\_\_\_\_

Лот атауы \_\_\_\_\_

Тендерге (лотқа) қатысуға берілген өтінімдер туралы ақпарат: (хронология бойынша) (өтінімдер саны)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы (ол болған кезде)	БСН (ЖСН)/ ССН/ТЕН	Өтінім берілген күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	---	--------------------	--

Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген тендерге қатысуға өтінімдер туралы ақпарат (осы ақпарат тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы болған кезде орналастырылады) (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН/ТЕН	Өтінімді қайтадан беру күні мен уақыты (хронология бойынша)
---	-------------------------------	---------------------	---

Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде мынадай құжаттар сұралды (тендерлік комиссия сұрау салуды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

№	Сұрау салу жіберілген ұйымның/тұлғаның атауы	Сұрау салу жіберілген күн	Сұрау салудың қысқаша сипаттамасы	Сұрау салуға жауап беру күні
---	--	---------------------------	-----------------------------------	------------------------------

Тендерлік комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы (әлеуетті өнім берушілердің тізбесі), БСН (ЖСН)/ ССН / ТЕН				
	Комиссия мүшесінің Т.А.Ә . (ол болған кезде)	Шартты жеңілдік %	Комиссия мүшесінің шешімі	Ауытқу себебі	Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсете отырып, қабылдау себептерінің егжей-тегейлі сипаттамасы

Бас тартылған тендерге қатысуға өтінімдер (өтінімдер саны):

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН/ТЕН	Қабылдаудың себебі
---	-------------------------------	---------------------	--------------------

1 үш мәтіндік мәннен тұратын анықтамалық: (біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмеу, "Квазимемлекеттік сектордың

жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының талаптарын бұзу)

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН/ТЕН
---	-------------------------------	---------------------

Осы тендерге қатысуға ұсынылған барлық тендерге қатысуға өтінімдерге осы Қағидаларда көзделген өлшемшарттардың салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН	Шартты жеңілдіктер, %						Әлеуетті өнім берушінің тапсырыс беруші тіркелген облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы	Теріс мәндер	Жалпы шартты жеңілдік, %
			Ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдағы жұмыс тәжірибесі	Төленген салықтардың көрсеткіші	Тауарлардың функционалды сипаттамалары	Тауарлардың техникалық сипаттамалары	Тауарлардың сапалық сипаттамалары	Тауарлардың пайдалану сипаттамалары			

Тендер қатысушыларының шартты бағаларын есептеу:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН/ ТЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Антидемпинг шараларына сәйкес сома	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдік ескерілген баға	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіші	Өтінімді беру күні мен уақыты

Тендерлік комиссияның шешімі:



1. № \_\_\_\_ лот бойынша жеңімпаз болып анықталсын: (жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы), екінші орын алған әлеуетті өнім беруші (екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы).

2. Тапсырыс беруші (тапсырыс берушінің атауы) осы Қағидаларда белгіленген мерзімде (жеңімпаз әлеуетті өнім берушінің БСН/ЖСН, атауы) сатып алу туралы шартты жасассын.

Не:

№ \_\_\_\_ лот бойынша сатып алу (сатып алудың атауы): \_\_\_\_\_ \*

байланысты өткізілмеді деп танылсын.

Ескертпе:

\*Мынадай мәндердің бірі: "берілген өтінімдердің болмауы", "екіден кем өтінім беру", "тендерге қатысуға бір де бір әлеуетті өнім беруші жіберілмеді", "Тендерге қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілді".

Не:

Сатып алудың күшін жою жүргізілген, оған мыналар негіз болып табылады: Тиісті органдардың \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_ айдағы \_\_\_\_ күнгі № \_\_\_\_ актілері (нұсқама, хабарлама, ұсыныс, шешім).

Күшін жою туралы шешім қабылдаған орган: (\_\_\_\_\_).

Не:

Осы Қағидаларға сәйкес сатып алудан бас тарту жүргізілді.

Ескертпе:

\* Егер бірнеше тапсырыс беруші болса, тапсырыс беруші туралы мәліметтер көрсетілмейді.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық  
әл-ауқат қорының ұйымдарын  
қоспағанда, квазимемлекеттік  
сектордың жекелеген субъектілерінің  
сатып алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
7-1-қосымша

**Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарды орындау орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте болуы түріндегі оның конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылатын сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі жұмыстардың тізбесі**

Ескерту. Қағида 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жұмыстардың атауы
1.	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылыс-монтаждау жұмыстары
2.	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу мен күтіп-ұстау жұмыстары

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларына  
7-2-қосымша

**Тендерлік баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт ретінде теріс мәндер қолданылатын сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

Ескерту. Қағида 7-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 17.08.2023 № 874 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Жұмыстар мен қызметтер атауы
1	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылыс-монтаждау жұмыстары
2	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу мен күтіп-ұстау жұмыстары
3	Техникалық-экономикалық негіздемені, жобалық-сметалық (үлгілік жобалық-сметалық) құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстар
4	Объектілер құрылысы жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама бойынша жұмыстар
5	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтер (техникалық қадағалау, жобаны басқару)

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларына  
7-3-қосымша

**Сатып алу саласында электрондық депозитарий қалыптастырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі**

Ескерту. Қағидалар 7-3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы
1.	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылыс-монтаждау жұмыстары
2.	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жобалау-сметалық құжаттамасының әзірлеу жөніндегі жұмыстар
3.	Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
8-қосымша

### Қаржылық тұрақтылық көрсеткішін есептеу формуласы

$$ҚТК = КК + ТСК + ЕТҚК,$$

мұнда:

ҚТК – әлеуетті өнім берушінің қаржылық тұрақтылық көрсеткіші;

КК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін әлеуетті өнім берушінің кіріс көрсеткіші.

$$КК = КС / СС \times 100\%,$$

мұнда:

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішіндегі әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

СС – сатып алу (лоттың) сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің кіріс көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (50%) асып кеткен жағдайда, онда нөл бүтін оннан бір пайыздан (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде қосымша пайызды нөл бүтін жүзден бес пайыз (0,05%) мөлшерінде есептейді. Бұл ретте, осы көрсеткіш бойынша шекті мән жиырма бес пайыздан (25%) аспайды.

ТСК – есептелетін үш жылдық кезең ішінде пайыздық қатынаста төленген салықтардың көрсеткіші, ол мынадай тәртіппен есептеледі.

$$ТСК = TC / КС \times 100\%,$$

мұнда:

ТС – есептелген үш жылдық кезең үшін төленген салықтар сомасы;

КС – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішіндегі әлеуетті өнім берушінің кіріс сомасы;

Егер әлеуетті өнім берушінің төленген салықтарының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (3%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір пайыздан (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде қосымша пайызды нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5%) мөлшерінде есептейді. Бұл ретте, осы көрсеткіш бойынша шекті мән бір жүз отыз бес пайыздан (135%) аспайды.

ЕТҚК – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішінде әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының мынадай тәртіппен пайыздық қатынаста есептелетін көрсеткіші.

$$ЕТҚК = ЕТҚ / СС \times 100\%,$$

мұнда:

ЕТҚ – мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің деректеріне сәйкес өткен жылдың алдындағы үш жыл ішіндегі әлеуетті өнім берушінің еңбекақы төлеу қорының сомасы;

СС – сатып алу сомасы.

Егер әлеуетті өнім берушінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының көрсеткіші осындай көрсеткіштің ең төменгі мәнінен (6,6%) асып кеткен жағдайда, онда әрбір нөл бүтін оннан бір (0,1%) асатын әрбір пайыз үшін веб-портал автоматты түрде қосымша пайызды нөл бүтін оннан бір (0,1%) пайыз мөлшерінде есептейді. Бұл ретте осы көрсеткіш бойынша шекті мән елу пайыздан (50%) аспайды.

№	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері	Асып кеткен кезде қосымша пайыздар есептелетін ең төменгі мән	Ең төменгі мәннің 0,1 пайызынан асатын әрбір кадам	Көрсеткіштің шекті мәні
1	КК	50,0	0,05%	25%
2	ТСК	3,0	0,50%	135%
3	ЕТҚК	6,6	0,10%	50%
	Барлығы:			210

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
 Ұлттық әл-ауқат қорының  
 ұйымдарын қоспағанда,  
 квазимемлекеттік сектордың  
 жекелеген субъектілерінің сатып  
 алуын жүзеге асыру  
 қағидаларына  
 9-қосымша

---

(Тапсырыс берушінің (ұйымдастырушының) толық атауы)

---

(аукциондық құжаттаманы бекіткен адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

## **АУКЦИОНДЫҚ ҚҰЖАТТАМА**

---

(аукционның атауы)

Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) \_\_\_\_\_

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Тапсырыс берушінің өкілі (Тапсырыс берушімен бір тұлғаны білдіретін ұйымдастырушылар үшін көрсетілмейді) \_\_\_\_\_

---

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Ұйымдастырушы \_\_\_\_\_

(атауы, орналасқан жері, БСН, банк деректемелері көрсетіледі)

Ұйымдастырушы өкілі \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ЖСН, лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

Аукциондық комиссияның хатшысы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, телефоны, e-mail көрсетіледі)

### **1. Жалпы ережелер**

1. Аукцион қоса беріліп отырған аукцион мәніне (лотына) сәйкес өнім берушіні (лерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Осы аукциондық құжаттама (бұдан әрі-ақ) мыналарды қамтиды:

1) Осы АҚ-ға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алудың жылдық жоспарына сәйкес тауар жеткізу шарттары;

2) Осы АҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес аукционға қатысу туралы келісім;

3) осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасының нысаны;

4) Осы АҚ-ға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарының нысаны;

5) Осы АҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес тауарларды жеткізу үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер нысаны;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары, ал олар болмаған жағдайда, сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттар көрсетілген техникалық ерекшелік нысаны қамтылуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде осы АҚ-ға 6-қосымшаға сәйкес сатып алуды нормалауды

ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдык, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды беру туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс;

7) осы АҚ-ға 7-қосымшаға сәйкес әрбір лотқа жеке әлеуетті өнім беруші ұсынатын сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінің нысаны;

8) осы АҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу үшін банк кепілдігінің нысаны.

**Ескерту. 2-тармағының б) тармақшасына орыс тілінде өзгерістер енгізіледі, қазақ тілінде мәтін өзгермейді - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы аукцион үшін бөлінген сома \_\_\_ теңгені құрайды.

4. Аукционға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтініммен бірге төменде санамаланған нысандардың бірінде тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді:

1) әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) Осы АҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

5. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі аукционға қатысуға өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

## **2. Аукциондық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау, ұйымдастырушының немесе Тапсырыс берушінің аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіруі**

6. АҚ-ның жобасын алдын ала талқылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабы, 4-тармағына сәйкес таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын сатып алуды жүргізу кезінде жүзеге асырылмайды.

7. Әлеуетті өнім берушілер АҚ-ның жобасына ескертулерді, сондай-ақ АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей веб-портал арқылы тапсырыс берушіге, сатып алуды ұйымдастырушыға, сатып алуды жіберуі мүмкін.

8. сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде АҚ-ның жобасына ескертулер, сондай-ақ АҚ-ның ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде ақ бекітілген болып есептеледі.

9. Ескертулер, сондай-ақ ақ ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған кезде Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы АҚ жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мынадай шешімдер қабылдайды:

1) АҚ жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

2) оларды қабылдамау себептерінің негіздемелерін көрсете отырып, АҚ-ның жобасына ескертулерді қабылдамайды;

3) АҚ ережелеріне түсінік береді.

АҚ-ның жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, АҚ-ны бекіту сияқты тәртіппен веб-порталда өзгертілген АҚ-ны бекіту туралы шешім қабылданады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген шешімдер қабылданған күннен бастап ақ бекітілген болып есептеледі.

10. Ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ақ бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей АҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасын веб-порталда орналастырады.

АҚ-ның жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, ұйымдастырушы АҚ-ның алдын ала талқылау хаттамасымен бірге АҚ-ның жобасын алған веб-портал қатысушысы-әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде хабардар ете отырып, АҚ-ның бекітілген мәтінін орналастырады.

11. АҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында АҚ жобасына келіп түскен ескертулер және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы ақпарат қамтылады.

12. АҚ жобасына ескертулерді қабылдамау туралы шешім қабылданған жағдайда, оларды қабылдамау себептерінің егжей-тегжейлі негіздемесі АҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

13. Веб-портал арқылы АҚ ережелерін түсіндіру туралы әлеуетті өнім берушілердің сұрау салулары келіп түскен кезде ақ ережелерін түсіндіру мәтіні АҚ жобасын алдын ала талқылау хаттамасында көрсетіледі.

14. Алдын ала талқылау нәтижелері бойынша Тапсырыс берушінің шешіміне "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) айқындалған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

### **3. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімді ресімдеуге және ұсынуға қойылатын талаптар**

15. Аукционға қатысуға өтінім веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында беріледі және аукционға қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы АҚ-да

көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды(ларды) беруді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және Заңның 7-бабымен белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын ол туралы мәліметтер алуға келісімі болып табылады.

16. Әлеуетті өнім беруші өтінімді қалыптастыру алдында осы АҚ-ға 2-қосымшаға сәйкес аукционға қатысу туралы келісімді қабылдайды.

17. Аукционға қатысуға өтінім мыналарды қамтуға тиіс:

1) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін не оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын электрондық құжаттарды ұсынады:

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, сертификаттар, басқа да құжаттар;

Осы АҚ-ға 5-қосымшаға сәйкес сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

2) ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға арналған мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шығарылған жерінің атауы мен өндірушінің атауына және осы АҚ-ға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзге де сипаттамаларға көрсетіле отырып көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.

Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерінде өндірушілерден не олардың ресми өкілдерінен (дилерлерден немесе дистрибьюторлардан) хаттардың (сертификаттардың, куәліктердің), Техникалық паспорттардың, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінде көрсетілген өнімнің сәйкестік сертификаттарының көшірмелерінің болуы туралы талаптарды көрсетуге жол беріледі.

Егер техникалық паспорттар, өнімнің сәйкестік сертификаттары және тапсырыс беруші талап ететін басқа да құжаттар тауарды сатып алу кезінде не Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, оларды белгіленген тәртіппен тіркеу кезінде берілген жағдайда, онда әлеуетті өнім беруші тауарларды жеткізу кезінде осындай құжаттарды ұсыну туралы кепілдік хат ұсынуға тиіс;

3) Қағидалармен белгіленген мөлшерде аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;



Осы АҚ-ға 7-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік;

4) Осы АҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасы.

18. Аукциондық өтінімнің қолданылу мерзімі аукциондық өтінімдерді ашу күнінен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күнді құрауы тиіс.

19. Аукционға қатысуға өтінімде қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, анық және анық болуы тиіс.

20. Аукционға қатысуға өтінім, сондай-ақ аукционға қатысуға өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және ұсынылады.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда, оларға дәл (нотариалды расталған) аудармасы қоса беріледі.

#### **4. Аукционға қатысуға өтінімді ұсыну тәртібі,**

21. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімді ұйымдастырушыға веб-порталды пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында ұсынады.

22. Әлеуетті өнім берушілер ұсынған аукционға қатысуға өтінімдер веб-порталда автоматты түрде тіркеледі.

23. Аукционға қатысуға өтінім веб-портал аукционға қатысуға өтінім берген өнім берушіге тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәтте қабылданды деп есептеледі.

24. Әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімін веб-портал мынадай жағдайларда автоматты түрде қабылдамайды:

1) әлеуетті өнім беруші бұрын осы аукционға қатысуға өтінім ұсынса;

2) аукционға қатысуға өтінім осы аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін веб-порталға келіп түссе;;

3) бастапқы баға осы тауарларды сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

4) Заңның 7-бабы 1-тармақшасының 1) тармағында көзделген.

25. Әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасы теңгемен көрсетілуі тиіс.

#### **5. Аукционға қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу**

26. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) аукционға қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға құқылы;

2) өзі енгізген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

27. Аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін аукционға қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оны қайтарып алуға жол берілмейді.

28. Әлеуетті өнім беруші оның аукционға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, аукциондық комиссия, сараптау комиссиясы (сарапшы) аукционның қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

## **6. Аукционды өткізу**

29. Аукцион веб-порталда нақты уақыт режимінде өткізіледі, оны өткізуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы қамтамасыз етеді.

30. Аукцион бір лотқа өткізіледі, бұл ретте тауар аукцион мәні болып табылады.

31. Аукцион аукциондық құжаттамада көрсетілген күні және уақытта веб-порталда өткізіледі.

32. Аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткен күннен кейінгі жұмыс күні аукционды өткізу күні болып табылады.

Аукцион басталатын уақыт Астана қаласының уақыты бойынша 18.00-ден кешіктірілмей белгіленеді.

**Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Аукцион өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты аукцион адымына төмендету арқылы өткізіледі.

34. Аукцион адымы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасының жарты пайызынан бес пайызына дейін құрайды.

35. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы аукционды өткізу кезінде аукционды өткізу мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім берушілердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

36. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушыларға аукционға қатысуға өтінімдер беру күні мен уақытына байланысты нөмір беріледі.

37. Әлеуетті өнім берушілердің аукционға қатысуға өтінімдерін беру күні мен уақыты аукцион хаттамасында белгіленеді.

38. Аукционды өткізу кезінде аукционға қатысушылар аукцион адымы шегіндегі шамаға баға туралы ағымдағы ең төменгі ұсынысты төмендетуді көздейтін, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныстар береді.

39. Аукционды өткізу кезінде аукционның кез келген қатысушысы ағымдағы ең төмен ұсыныс болмаған жағдайда аукцион адымына қарамастан, өткізілетін

аукционның нысанасы болып табылатын тауарды сатып алу үшін аукционға қатысушының ең төмен бастапқы бағасынан төмендетілген, өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс беруге құқылы.

40. Егер өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы осындай ұсынысты аукционға осы қатысушы берген жағдайда, аукционға қатысушы өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ағымдағы ең төменгі ұсыныстан төмен өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс беруге құқылы емес.

41. Өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы аукционға қатысушылардың ұсыныстарын қабылдау уақыты аукцион өткізу басталғаннан бастап отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейін он минутты құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың неғұрлым төмен бағасы туралы бірде-бір ұсыныс келіп түспесе, аукцион аяқталады.

42. Веб-портал осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион хаттамасын автоматты түрде қалыптастырады.

43. Егер өткізілетін аукционның мәні болып табылатын тауардың аукционға басқа қатысушы ұсынған бастапқы бағаға тең бастапқы бағасы ұсынылған жағдайда, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен тауардың бастапқы бағасы ең төмен бастапқы баға деп танылады.

44. Егер аукционды өткізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде аукционға қатысушылардың бірде-бірі өткізілетін аукционның нысанасы болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсыныс бермесе, бастапқы бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім беруші аукционның бірінші орнын алған әлеуетті өнім беруші болып танылады.

## **7. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау**

45. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптарына және АҚ талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады.

46. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды бағасы ең төмен болып табылатын әлеуетті өнім берушінің өтінімінен бастайды.

47. Егер әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия мұндай өтінімді біліктілік талаптарына және АҚ талаптарына сәйкес келеді деп таныған жағдайда, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама қалыптастырылады. Бұл ретте аукционға қалған қатысушылардың өтінімдері ашылмайды.

48. Егер әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау нәтижелері бойынша аукциондық комиссия мұндай өтінімді біліктілік талаптарына және АҚ талаптарына сәйкес келмейді деп таныған жағдайда, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы аралық хаттама қалыптастырылады. Мұндай жағдайларда аукциондық комиссия бағасы ең төмен бағадан кейінгі болып табылатын әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарауға көшеді.

49. Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аукционға қатысуға арналған әрбір өтінімін аукциондық комиссия аукцион өткізілген және (немесе) сатып алу қорытындылары туралы аралық хаттама орналастырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды.

50. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау кезінде аукциондық комиссия:

1) аукционға қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді сұратуға;;

2) аукционға қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында веб-портал арқылы тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

51. Аукционға қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, аукционға қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты аукциондық комиссияның сұрау салуына және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

52. Аукциондық комиссия аукционға қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, аукциондық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

53. Аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама аукциондық комиссияның барлық мүшелерін және аукционға қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерді электрондық пошта арқылы бір мезгілде хабардар ете отырып, біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушінің өтінімін қарау аяқталған күні веб-портал автоматты түрде қалыптастырылады және орналастырылады.

54. Аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамада мыналар қамтылуға тиіс:

1) аукциондық комиссияның сұрау салулары туралы ақпарат;

2) аукционға қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпаратты, олардың қабылданбау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде олардың біліктілік талаптарына және аукциондық құжаттаманың талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, ұсынады;

3) Қағидаларда айқындалған өзге де мәліметтер қоса беріледі.

55. Әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға жіберілмейді (аукционға қатысушы деп танылмайды), егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) Заңның 7-бабымен көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулері болады. Тармақшаларда көзделген сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер бойынша Заңның 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімін веб-портал автоматты түрде қабылдамауға тиіс. Сатып алуға қатысуға байланысты өзге шектеулер бойынша аукциондық комиссия ақпаратты тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурстарында қарайды;

3) егер оның аукционға қатысуға өтінімі АҚ-ның талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, оның ішінде, егер ол АҚ-ның және Қағидалардың талаптарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбаса.

## **8. Аукционға қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару**

56. Ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге электрондық банк кепілдігі түрінде енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін осы әлеуетті өнім беруші өзінің аукционға қатысуға өтінімін қайтарып алған жағдайларда аукцион хаттамасын орналастырғанда;

2) аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін жүргізіледі. Көрсетілген жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және оның АҚ-да көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

57. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушінің аукционға қатысуға өтінімді ол бұғаттаған қамтамасыз етуін мынадай жағдайларда автоматты түрде бұғаттаудан шығарады:

1) осы әлеуетті өнім беруші аукционға қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің аукционға қатысуға өтінімін кері қайтарып алған жағдайларда жүзеге асырылады;

2) аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін жүргізіледі. Көрсетілген жағдай аукцион жеңімпазы болып айқындалған аукционға қатысушыға қолданылмайды;

3) әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоюы және оның АҚ-да көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

58. Электрондық банктік кепілдік түрінде енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұйымдастырушы, егер:

1) аукцион жеңімпазы болып айқындалған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса, әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан бас тартса;

2) шарт жасасып, аукцион жеңімпазы не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы АҚ-да белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

59. Электрондық әмиян арқылы енгізілген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бұғаттайды және мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде әлеуетті өнім берушіге қайтармайды:

1) аукцион жеңімпазы болып айқындалған не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса;

2) шарт жасасып, аукцион жеңімпазы не екінші орын алған әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы АҚ-да белгіленген талаптарды орындамаса не тиісінше орындамаса, оның ішінде уақтылы орындамаса.

## **9. Аукцион қорытындылары бойынша шарт**

60. Шарт Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында веб-портал арқылы жасалады.

Веб-портал автоматты түрде айқындайтын Заңның 7-бабымен көзделген шектеулері бар тұлғаны қоспағанда, Тапсырыс беруші Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес үлгілік шартқа сәйкес жасалған шарттың жобасын жеңімпазға аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағым жасау мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жібереді.

61. Өнім берушіні таңдау рәсімдері, оның ішінде сатып алудың алдын ала жылдық Жоспары шеңберінде өткізілген сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (өндірістік бағдарлама және (немесе) инвестициялық бағдарлама және (немесе) бюджет және (немесе) даму жоспары және (немесе) бизнес-жоспар және (немесе) кірістер мен шығыстар сметасы) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда, шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары, жеке қаржыландыру жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Шарттың жобасын аукцион тәсілімен сатып алудың жеңімпазы шарттың жобасын қоса бере отырып, веб-порталға хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

63. Тапсырыс беруші аукцион тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға шағымдану мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге электрондық шартты ресімдеу үшін шартқа қол қоятын тұлға және өнім берушінің деректемелері туралы мәліметтерге сұрау салу жібереді.

64. Әлеуетті өнім беруші веб-порталда тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді және өнім берушінің деректемелерін толтырады және растайды.

Әлеуетті өнім берушінің шартқа қол қоятын тұлға туралы мәліметтерді растауы және оның деректемелері болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші веб-порталда орналастырылған әлеуетті өнім берушінің тіркеу деректеріне сәйкес шартқа қол қояды.

65. Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мәліметтерді растау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын қалыптастырады және әлеуетті өнім берушіге қол қою үшін жібереді.

66. Өнім беруші Қағидаларда белгіленген мерзімде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен шартқа қол қояды.

67. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші осы Қағидаларда белгіленген мерзімде шарт жобасына қол қоймаса, тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жеңімпазға үш жұмыс күні ішінде шарт жобасына қол қою қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

68. Егер әлеуетті өнім беруші веб-портал арқылы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса, Тапсырыс беруші жеңімпаз шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім берушіге жібереді.

69. Шарттың жобасын екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырады.

70. Егер екінші орын алған әлеуетті өнім беруші Тапсырыс беруші қол қойған шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайтадан сатып алуды жүзеге асырады.

71. Заңның 16-бабының 8) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган шешім шығарған кезде шарт жасалуы мүмкін емес.

72. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (бар болса) енгізеді.

73. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін сатып алуды ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер шартта аванс төлеу көзделген болса, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Өнім беруші аванстың толық сомасынан не аванстың бір бөлігінен бас тартуға құқылы. Өнім беруші аванстан ішінара бас тартқан жағдайда аванстың бір бөлігіне тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай Тапсырыс беруші Өнім берушінің жазбаша хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін шартта көзделген орындалған міндеттемелерге бара-бар азайтады.

74. Қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын шарт жасалған жағдайда ағымдағы қаржы жылына шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасы негізге алына отырып есептеледі.

75. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің және авансты қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдай алады (егер сатып алу туралы шартта аванс көзделген жағдайда):

1) жеткізушінің электрондық әмиянындағы ақша;

2) Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдікті қамтуға тиіс.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 17.04.2024 № 218 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (бар болса) енгізген кезде электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы электрондық әмиян арқылы өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін тиісті соманы автоматты түрде бұғаттайды.

77. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өнім берушінің электрондық әмиянына шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін енгізілген ақша сомасын, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы (бар болса) автоматты түрде қайтаруды жүзеге асырады.

78. Әлеуетті өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін электрондық әмияндағы ақшаның тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.

79. Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта көрсетілген мерзімде немесе өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ өнім беруші



шарттың қолданылу кезеңінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда қайтарады.

80. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда қамтамасыз ету сомасын (болған кезде) ұйымдастырушы өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда өнім берушіге қайтармайды.

81. Қағидаларға сәйкес шарт бойынша тауарларды жеткізудің ең аз мерзімі тауарды беруге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге жұмсалатын мерзімнен кем болмауға, бірақ кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

82. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімдерде Тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаған немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізбеген жағдайда, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылады.

83. Жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, ұйымдастырушы өзі енгізген аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді электрондық банк кепілдігі түрінде ұстап қалады.

84. Жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы әлеуетті өнім берушіге аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету жөніндегі электрондық әмияннан бұғатталған соманы автоматты түрде қайтармайды.

Аукциондық құжаттамаға  
1-қосымша

### Тауарды жеткізу шарттары (бекітілген жылдық жоспар негізінде қалыптастырылады)

Аукцион № \_\_\_\_\_

Аукционның атауы \_\_\_\_\_

лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауардың атауы *	өлшем бірлігі	Саны, көлемі	жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2010 сәйкес)	тауарларды жеткізу мерзімі	тауарларды жеткізу орны	аванстық төлемнің мөлшері, %	лот бойынша бөлінген сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

\* Тауарлардың толық сипаттамасы мен сипаттамасы техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Аукциондық құжаттамаға  
2-қосымша

**Аукционға қатысу туралы келісім**

Осымен әлеуетті өнім беруші ретінде аукцион тәсілімен осы мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдіреміз және АҚ-да көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды (ларды) жеткізуді жүзеге асыруға келісім, сондай-ақ Заңның 7-бабымен белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге біздің сәйкес келетіндігімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім білдіреміз.

Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзушылықтардың болмауын, сондай-ақ менің (әлеуетті өнім беруші) және Тапсырыс беруші және (немесе) ұйымдастырушы арасында заңда тыйым салынған қатынастардың болмауын растаймыз және Қағидалардың 336-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда, шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісім береміз.

Аукциондық құжаттамамен танысқанымызды және Ұйымдастырушыға және аукциондық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапасы және жеткізілетін тауардың (тауарлардың) өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз.

Аукционға қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзімізге толық жауапкершілікті аламыз.

Біздің аукционға қатысуға өтініміміз аукциондық құжаттамада талап етілетін мерзім ішінде қолданылатын болады.

Біздің аукционға қатысуға өтініміміз жеңді деп танылған және шарт жасалған жағдайда, біз аукциондық құжаттамада көрсетілген мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгіземіз және шартты (тауарды жеткізуге арналған жүкқұжат (акт)) орындауға байланысты ақпаратты ашуға келісім білдіреміз.

Шарт жасасу сәтіне дейін біздің аукционға қатысуға берген өтініміміз оны жеңіп шықты деп тану туралы хабарламамен бірге Тапсырыс беруші мен біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін орындайтын болады.

Аукциондық құжаттамаға  
3-қосымша

### **Әлеуетті өнім берушінің бастапқы бағасы**

Аукцион № \_\_\_\_\_

Аукционның атауы \_\_\_\_\_

лот № \_\_\_\_\_

Лот атауы \_\_\_\_\_

Жеткізушінің атауы \_\_\_\_\_

БСН / ЖСН / ССН / ТЕН

Жеткізушінің банктік деректемелері

Баға ұсынысы валютасының атауы \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

Барлық шығындар мен жеңілдіктерді ескере отырып, Бірлік бағасы \_\_\_\_\_

Саны (көлемі) \_\_\_\_\_

ИНКОТЕРМС 2010 тауарын жеткізу шарттары \_\_\_\_\_

Жалпы баға (саны бірлік бағасына көбейтіледі) \_\_\_\_\_

Біз аукциондық құжаттамада айтылған сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз құжаттама.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

СТН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі.

Аукциондық құжаттамаға  
4-қосымша

### Қойылатын біліктілік талаптары

әлеуетті өнім берушіге тауарларды сатып алуды жүзеге асыру кезінде (Тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

аукцион № \_\_\_\_\_

Аукционның атауы \_\_\_\_\_

лот № \_\_\_\_\_

Лот атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

1. Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес тауарды жеткізуге рұқсаттың (хабарламаның) болуы.

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды талап еткен жағдайда, хабарлама жіберу үшін мынадай мәліметтерді толтыру қажет.

№	Рұқсаттың (хабарламаның) атауы
1	

Егер тауарды жеткізу тиісті рұқсат алуды, хабарлама жіберуді талап етпесе, онда бұл мәліметтер толтырылмайды.

2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегінің болмауы ( мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтері негізінде веб-портал автоматты түрде айқындайды).

3. Банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға тиіс.

4. Қажетті материалдық және еңбек ресурстарының болуы

Материалдық ресурстар:

№	Материалдық ресурстардың атауы	саны
1		

Еңбек ресурстары:

№	Еңбек ресурстарының атауы ( мамандығы/біліктілігі)	саны
1		

5. Соңғы он жылда сатып алынатын тауарлардың мәніне сәйкес келетін жұмыс тәжірибесінің болуы

№	Сатып алынатын тауар затының атауы (Лоттың атауы)	жыл Саны
1		

Ескерту.

1. Талап етілетін материалдық және еңбек ресурстарының әрбір бірлігі жеке жолда көрсетіледі.

2. Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Аукциондық құжаттамаға  
5-қосымша

### Біліктілігі туралы мәліметтер

Тапсырыс берушінің атауы \_\_\_\_\_

Ұйымдастырушының атауы \_\_\_\_\_

Аукцион № \_\_\_\_\_

Аукционның атауы \_\_\_\_\_

Лот № \_\_\_\_\_

Лот атауы \_\_\_\_\_

Әлеуетті өнім берушінің (бірлесіп Орындаушының)БСН/ЖСН/ССН/ТЕН атауы \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде олар туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, рұқсаттардың (хабарламалардың) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, тиісті рұқсаттың (хабарламаның), Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген хабарламаның болуы туралы мәліметтер.

--	--	--	--	--	--

№	Рұқсаттың ( хабарламаның) атауы	Қызмет түрі	Ерекше шарттар (санат)	Құжатты беру күні мен нөмірі	рұқсаттың ( хабарламаның) электрондық көшірмесі
1.					

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдап алу-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді

<n) жаңа тармақша>

3.4. Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

#### **4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарларға техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде қолданады.

4.4. Қажеттілік туындаған жағдайда Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу

орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізіледі. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

<N. жаңа тармақ>

## **5. Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1. Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жүкқұжат түпнұсқасы (дана саны көрсетіледі);

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

5) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың



шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы "СТ-KZ" сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шыққан жері туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген "СТ-KZ" тауардың шыққан жері туралы сертификаттың уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы Тауардың шыққан жері туралы айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

5.2. Тауарға меншік құқығы және кездейсоқ опат болуы, Тауардың жоғалуы немесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3. Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте ( Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4. Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6. Кепілдік. Сапа**

6.1. Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2. Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына

толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3. Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

<N. жаңа тармақ>

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 % аспауға тиіс.

**Ескерту. 7.3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7. Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8. Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

<N. жаңа тармақ>

## **8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және <\_\_\_\_\_> жылға дейін қолданылады.

8.2. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4. Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзу анықталса;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсетсе;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) антидемпинг шараларына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтиды.

8.5. Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы.

## **9. Хабарлама**

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс, электрондық пошта арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10. Форс-мажор**

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім

беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11. Даулы мәселелерді шешу**

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

12.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

12.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

12.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

12.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

12.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13. Өзге де шарттар**

13.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3. Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) тауарлардың бағасын және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) тауарлардың бағасын және тиісінше шартта көзделген шартты орындауды бастаған күннен бастап орындауды аяқтау күніне дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы бағамының едәуір төмендеуіне байланысты шарт сомасының (ұзақ мерзімді) ұлғаюы бөлігінде жол беріледі.

Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы тауарларды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жылына бір реттен артық емес, ал ұзақ мерзімді шартқа жылына екі реттен артық емес жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) тауарды жеткізуге, арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне бағаны (ұзақ мерзімді) ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

3) сатып алынатын тауарлардың көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты, сатып алу жоспарында бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сомаға және көлемге шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жасалған шартта көрсетілген тауардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімдерінің тиісті өзгеруі бөлігінде жасалуы мүмкін. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші өзімен жасалған шартты орындау процесінде бірлік үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын

тауарларды берудің, анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

5) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың өзгеруінен туындаған тауарларды беруге арналған ұзақ мерзімді шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шартты орындау мерзімдерін тиісті өзгерту бөлігінде;

6) тауар өндіру үшін қажетті шикізат және (немесе) жиынтықтаушылар құнының, сондай-ақ тауардың баға белгіленуіне әсер ететін Тарифтердің айтарлықтай өзгеруінен туындаған тауар бағасының азаюы немесе ұлғаюы салдарынан тауар өндірушімен жасалған тауарларды беруге арналған ұзақ мерзімді Шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі.

Мұндай өзгерісті енгізуге шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң және жарты жылда бір реттен асырмай жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растау құжаттарын қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) тауарды жеткізуге арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, ұзақ мерзімді шарттың бағасын ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдар мен төлемдердің өзгеруіне байланысты шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы тауарларды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

8) бағасы нарықтық бағалар немесе биржалық баға белгіленімдері туралы ресми танылған ақпарат көздеріне сәйкес қалыптастырылатын импортталатын көмірсутек шикізатының бірлігі үшін бағаның өзгеруі бөлігінде;

9) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген баға шегінде бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленетін тауар бірлігі үшін бағаның өзгеруі бөлігінде;

10) егер өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда, тауарды сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде қолданылады. Тауарларды сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге өнім берушінің хабарламасы бойынша ағымдағы қаржы жылы шегінде он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жол беріледі.

13.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

13.5. Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<N. жаңа тармақ>

## 14. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

< Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы>

БСН < Тапсырыс берушінің БСН> БСК< Тапсырыс

берушінің БСК> ЖСК< Тапсырыс берушінің ЖСК>

<Банктің атауы> Тел.: <Тапсырыс берушінің

телефоны> <Тапсырыс берушінің лауазымы><

Тапсырыс берушінің ТАӘ>

Өнім беруші:

<Өнім берушінің толық атауы><Өнім берушінің

толық заңды мекенжайы> БСН/СЖН/ТБН <Өнім

берушінің БСН/СЖН/ТБН> ЖСК <Банктің атауы>

Тел.: <Өнім берушінің телефоны> <Өнім берушінің

лауазымы><Өнім берушінің ТАӘ>

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

ТАӘ – тегі аты әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
23-қосымша

### Құрылыс саласындағы жұмыстарды сатып алу туралы үлгілік шарт

<Сәйкестендіру нөмірі >

<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі> <шарттың күні>

<Тапсырыс берушінің лауазымы> атынан әрекет ететін бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын <Тапсырыс берушінің толық атауы> <Тапсырыс берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін <Тапсырыс берушінің ТАӘ> бір тараптан және "Өнім берушінің лауазымы" атынан әрекет ететін бұдан әрі "Мердігер/Орындаушы" деп аталатын <Өнім берушінің толық атауы> екінші тараптан <Өнім берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін Өнім берушінің ТАӘ, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) және <қорытындылардың күні> № <қорытындылардың нөмірі> <сатып алу тәсілі> тәсілімен сатып алудың қорытындылары негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:



## 1. Ұғымдар мен айқындамалар

1.1. Осы Шартта төменде тізбеленген ұғымдар мынадай мағынаға ие:

1) Бас мердігер (бұдан әрі – Мердігер) – Тапсырыс берушімен жасалған Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен/Орындаушымен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) техникалық қадағалаушы – мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған тұлға;

4) объекті – сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде салуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

5) учаске – Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақ;

6) уақытша құрылымдар – Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылымдар.

<n) жаңа тармақша>

## 2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер/Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті.

2.2. Жұмыстар – <сатып алу сипаттамасы> Жобасы бойынша орындалады, онда <объектінің орналасқан жері> бар.

Бас жобалаушы – <Бас жобалаушының аты>.

2.3. Төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын жұмыстардың орындау шарты (1-қосымша);

3) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (2-қосымша);

4) консорциялық келісім (консорциуммен Шарт жасасқан жағдайда).

## 3. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшамен анықталады және "шарттың сомасы" (сома жазу үлгісімен) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындаумен байланысты болатын барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, <оның ішінде ҚҚС-ты <ҚҚС сомасын> теңге>/ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

3.2. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізгеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлемді жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші Мердігердің/Орындаушының <ақы төлеу шарты> есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен, бұдан бұрын төленген авансты тепе-тең ұстап қалумен Тараптар Орындалған жұмыстардың актісіне қол қойған күннен бастап, күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей төлейді.

Бұл ретте, жұмыс көлемі қосалқы мердігерлікке берілген жағдайда, Мердігер тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізіліміндегі Қосалқы мердігерге бөлінген соманың 30 % мөлшерінде аванстық төлем төлеуге міндеттенеді.

Орындалған жұмыс үшін төлемді <төлем шарты> Тапсырыс беруші Тараптар орындаған жұмыстардың актісіне қол қойған күнінен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Мердігердің/Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүргізеді.

Мердігер орындалған жұмыстар үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізіліміндегі Қосалқы мердігерге ақы төлеуді Мердігердің есеп шотына Тапсырыс берушіден төлем түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды бір қаржы жылының шеңберінде орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау туралы актіні тапсырғаннан кейін <сомасы> мөлшерінде осы шарт сомасының қалған 5 %-ын төлейді.

Егер құрылысқа байланысты жұмыстарды орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстарды аяқтағаннан және Тапсырыс беруші объектіні құрылысты аяқтаудың соңғы жылында пайдалануға қабылдау туралы актіні <сомасы> мөлшерінде осы шарт сомасының қалған 5 %-ын төлейді.

**Ескерту. 3.2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3.3. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.4. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) орындалған жұмыстардың актісі (актілері);
- 3) Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 4) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, шот-фактура;

**Ескерту. 3.4.-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4. Тараптардың міндеттемелері**

##### **4.1. Мердігер/Орындаушы:**

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде <сома> теңгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және <сома> теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін, <сондай-ақ <сома> теңгеге тең антидемпинг шараларына сәйкес соманы> енгізуге міндеттенеді, бұл жалпы алғанда:

сатып алу веб-порталында растау құжатының көшірмелерін орналастыра отырып, Тапсырыс берушінің № <кепілдік жарнасына арналған шот> банктік шотына <қала> қаласы бойынша <банктің атауына> кепілді ақшалай жарна;

не:

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Мердігер/Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін ол Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

4) Шарт бойынша жұмыстарды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып тіркелген) Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың,

көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды пайдалануға;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер/Орындаушы тартқан персоналды қосқанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Мердігердің/Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге;

11) объектілер құрылысымен байланысты инвестициялық жобаны іске асыру кезінде сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша қаражатты жұмсауды сатып алу шоттары арқылы жүзеге асыруға;

12) объектілер құрылысымен байланысты сатып алу туралы шарт бойынша қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға. Мұндай талап тиісті қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындаушылық) шарттарында көрсетіледі;

13) қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттар бойынша ол қосалқы мердігерлік шарттарында ашылатын сатып алу шоттарына ақшалай қаражат аудару туралы талаптың болуын және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес шот-фактуралардың үзінді-көшірмесін жазып беру шартының болуын қамтамасыз етуге;

14) тәуекелдердің жоқтығы тұрғысынан талдау жүргізілген қосалқы мердігерлердің тізбесін ұсынуға;

15) шартта ашылатын сатып алу шоттарының деректемелерін көрсетуге;

16) төлем сертификатын ұсынуға, сондай-ақ Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес қосалқы мердігердің төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге;

17) объектілер құрылысымен байланысты шартты Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар арқылы орындауға міндеттенеді.

**Ескерту. 4.1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.2. Мердігер/Орындаушы:

1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы;

4.3. Тапсырыс беруші:

1) Жұмыстарды орындау үшін Мердігер/Орындаушы мамандарының кіруін қамтамасыз етуге;

2) орындалған Жұмыстардың сәйкес келмеуі анықтаған кезде дереу жазбаша Мердігерді/Орындаушыны хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекітуге не Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нысанда Мердігер жазған шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлеуді жүргізуге;

6) инжиниринг компаниясының мердігерлерге (қосалқы мердігерлерге) төлем сертификатын ұсынуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

7) Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей веб-порталға Мердігердің байланыс деректері бар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада көзделген негізгі құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен конструкциялар қажеттілігінің жиынтық ведомосын (тізілімін) жүктеуге міндеттенеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасы тапсырыс берушілер айқындаған құрылыс объектілеріне байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

Ескерту. 4.3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4.4. Тапсырыс беруші:

- 1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;
- 2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және оған ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға жол беріледі.

## **5. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру**

5.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тұрғысынан орындалған жұмыстарды бақылауды және тексеруді жүргізуі мүмкін. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер/Орындаушы көтереді. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін анықталған өзінің өкілдері туралы Мердігерді/Орындаушыны жазбаша түрде уақтылы хабардар етуі тиіс.

5.2. Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

5.3. Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына (Шартқа 2-қосымша) сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер/Орындаушы тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келуін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың біреуі де Мердігерді/Орындаушыны Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

<N. Жаңа тармақ>.

## **6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі**

6.1. Өнім берушінің Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда Жұмыс орындалды деп саналады.

6.2. Мердігер/Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы "СТ-KZ" сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіпте шығарған елдің тиісті органы берген Тауардың шыққан жері туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

## **7. Кепілдік. Сапа**

7.1. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекшеліктерге және (немесе) жобалау-сметалық құжаттама сәйкес болуына, Жұмыстар оның сапасын техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды беруге тиіс.

Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелерінің техникалық ерекшеліктерге сәйкес болатынына, Жұмыстардың оның сапасын техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін Жұмыстар, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады.

Орындаушы (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Орындаушы беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Орындаушы жұмыстарды орындау нәтижелерінің сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетінін куәландыратын құжаттарды береді.

7.2. Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті <кепілдік мерзімі>мерзіміне береді.

7.3. Мердігер/Орындаушы орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Мердігер/Орындаушы өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер/Орындаушы жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

<N. Жаңа тармақ>

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**



8.1. Тараптар өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда осы Шарт шеңберінде барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.2. Секвестр және/немесе Тапсырыс берушінің қолма-қол бақылау шотында/есеп шотында ақшаның жеткіліксіз болған жағдайларды есептемегенде, егер Тапсырыс беруші өзіне тиесілі қаражатты Мердігерге/Орындаушыға Шартпен қаралған мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға кешіктірілген әр күн үшін шарттың тиесілі сомасынан 0,1% (нөл бүтін бір) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімақы) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% аспауы тиіс.

8.3. Жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер/Орындаушыдан әр кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өтеп алады), Мердігер/Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындау) жағдайда әр кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттемелердің сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өтеп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% аспауы тиіс.

8.4. Мердігер/Орындаушы Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолданылуы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Мердігерден/Орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құнына төлем жүргізеді.

8.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттерді орындаудан босатпайды.

8.6. Кез келген өзгеріс Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге/Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі, немесе екеуіне де сәйкес түрде түзетулер енгізіледі, ал Шартқа сәйкес түзетулер енгізіледі. Мердігердің/Орындаушылардың түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7. Мердігердің/Орындаушының Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

8.8. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда, Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді/Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемі жиынтығында орындалатын жұмыстардың екіден бір көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге беруге тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді.

**Ескерту. 8.8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8.9. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Мердігер/Орындаушы өз міндеттемелерін орындамауына байланысты сатып алу туралы шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

<N. Жаңа тармақ>

## **9. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары**

9.1. Шарт < қол қойған күннен бастап> күшіне енеді және <қолдану мерзімі> жылға дейін қолданылады.

9.2. Мынадай оқиғалар өзінен кейін олардың ұлғаюы бөлігінде:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде Жұмыстарды орындауды кешіктіруге әкеп соғады.

2) Тапсырыс беруші Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға Мердігерге/Орындаушыға нұсқау береді. Бұл ретте, егер бұл сынақтар ақауларды анықтамаса, онда Жұмыстарды өндіру тоқтатылған уақыт Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші дәлелдеу техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттама әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректермен жобалауға Тапсырма беруді кідіртеді;

9.3. Егер басқа тарап Шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындай елеулі бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе

Мердігер/Орындаушы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі бұзу өзіне мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер/Орындаушы Жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер/Орындаушы <күн саны> күнге дейін Жұмыстарды тоқтата тұрады, бұл ретте тоқтатуға Тапсырыс берушінің рұқсаты болмаса;

3) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға Жұмыстар барысын кідіртуге нұсқау берсе және осындай нұсқау <күн саны> күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер/Орындаушы оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер/Орындаушы жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтары мен ережелерін ескермейтін болса.

9.4. Шарт, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

Шарт жоғарыда көрсетілген жағдаяттар себебінен жойылған кезде, Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзу күніндегі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.5. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзу анықталса;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Мердігерге/Орындаушыға Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстар орындалған жағдайларды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) антидемпингтік шараларға сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шартты жасасудан жалтарса сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге береді.

9.7. Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

## **10. Хабарлама**

10.1. Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс, электрондық пошта бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2. Күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

## **11. Форс-мажор**

11.1. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар, эпидемия, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ осы Шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі болатын заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық жағдаяттар туындаған жағдайда, өзіне алған міндеттемелерді орындау үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте, тарап форс-мажор басталғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға тиіс. Олай болмаған жағдайда бұл жағдаятқа сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2. Форс-мажор жағдаяттары кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шығынға ұшыраған тарап осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне тигізген әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық дәлелдерді одан алуға құқығы бар.

11.3. Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер/Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4. Егер форс-мажор жағдаяты Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмыстарды тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

## **12. Даулы мәселелерді шешу**

12.1. Тапсырыс беруші мен Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

12.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Мердігер/Орындаушы бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

### **13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

13.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

13.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

13.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **14. Басқа да шарттар**

14.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

14.2. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады.

14.3. Мердігердің/Орындаушының таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) жұмыстардың бағасын және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) жұмыстардың бағасын және тиісінше шартта көзделген шартты орындауды бастаған күннен бастап орындауды аяқтау күніне дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы бағамының едәуір төмендеуіне байланысты шарт сомасының (ұзақ мерзімді) ұлғаюы бөлігінде жол беріледі.

Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы жұмыстарды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жылына бір реттен артық емес, ал ұзақ мерзімді шартқа жылына екі реттен артық емес жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) жұмыстарды орындауға арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне бағаны (ұзақ мерзімді) ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

3) ведомстводан тыс сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға және сатып алу жоспарына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ шартты орындау мерзімдерін тиісті өзгерту бөлігінде;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды, жұмыстардың көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты, сатып алу жоспарында бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сомаға және көлемге шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімдерінің тиісті өзгеруі бөлігінде жасалуы мүмкін. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

5) егер өнім беруші өзімен жасалған шартты орындау процесінде бірлік үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындаудың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдар мен төлемдердің өзгеруіне байланысты шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы жұмыстарды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

7) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты шартты орындауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

8) жасасқан шарттың сомасы немесе жұмыстарды орындаудың болжамды құны немесе қамтамасыз ету өзгеріссіз қалған жағдайда қаржыландыру жылдар бойынша өзгерген жағдайда жұмыстарды сатып алу туралы шартты орындау мерзімін өзгерту бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға қызмет көрсету көлемі қысқартылды және тиісті өзгерістер енгізіледі.

14.4. Шарт бойынша бір Тараптың міндеттемелерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

14.5. Веб-портал арқылы жасалған Шарт, бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

14.6. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<N.Жаңа тармақ>

## 15. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші: <Тапсырыс берушінің толық атауы> < Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы> БСН < Тапсырыс берушінің БСН> БСК< Тапсырыс берушінің БСК> ЖСК< Тапсырыс берушінің ЖСК> <Банктің атауы> Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> <Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің ТАӘ>	Өнім беруші: <Өнім берушінің толық атауы> <Өнім берушінің толық заңды мекенжайы> БСН/ССН/ТЕН <Өнім берушінің БСН/ССН/ТЕН> БСК < Өнім берушінің БСК> ЖСК <Өнім берушінің ЖСК> <Банктің атауы> Тел.: <Өнім берушінің телефоны> <Өнім берушінің лауазымы> <Өнім берушінің ТАӘ>
---	---

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

ТАӘ – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
24-қосымша

## **Жобалау-сметалық құжаттаманы (техникалық-экономикалық негіздеме) әзірлеу бойынша жұмыстарды сатып алу туралы үлгілік шарт**

<Сәйкестендіру нөмірі >

<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі> <шарттың күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы> атынан <Тапсырыс берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын <Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің ТАӘ> бір тараптан және <Өнім берушінің толық атауы> атынан <Өнім берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін бұдан әрі <Мердігер/Орындаушы> деп аталатын <Өнім берушінің лауазымы> <Өнім берушінің ТАӘ> екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және <қорытындылардың күні> № <қорытындылардың нөмірі> <сатып алу тәсілі> тәсілімен сатып алу қорытындылары негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1. Ұғымдар мен анықтамалар

1.1. Осы Шартта төменде аталған ұғымдар мынадай түсіндірулерге ие:

1) Жобалаушы/Орындаушы – Тапсырыс берушімен жасалған шартта Тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ консорциум (Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) Қосалқы жобалаушы – Жобалаушымен/Орындаушымен Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға арналған шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) Жұмыстар – Объектіні салу үшін қажетті барлық жобалау және іздестіру жұмыстары, сондай-ақ жобаға сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстар, Шартта оған тиісті қосымшаларымен көзделген жұмыстар, сондай-ақ объектіні іске асыру басталғанға дейін немесе салу барысында туындаған жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге байланысты барлық қосымша жұмыстар;

4) объекті – сатып алуды ұйымдастырушы жобалау-сметалық құжаттаманы және техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуге жататын деп анықтаған және Жобалаушы Шартта көзделген түрде Тапсырыс берушіге беретін ғимарат, құрылыс, учаске.

<n) Жаңа тармақша>

## **2. Шарттың мәні**

2.1. Жобалаушы/Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шарттарға, талаптарға және бағалар бойынша жұмысты (бұдан әрі – жұмыс) орындауға



міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және Жобалаушы/Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

2.2. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады – <сатып алудың атауы>, ол <объектінің орналасқан жерінде> орналасқан.

2.3. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын жұмыстардың орындау шарттары (1-қосымша)
- 3) сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (2-қосымша);
- 4) консорциялық келісім (консорциуммен Шарт жасасқан жағдайда);
- 5) тапсырыс беруші бекіткен жобалауға тапсырма.

### **3. Шарттың сомасы және төлеу талаптары**

3.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және <шарт сомасы> (<сома жазумен>) теңгені құрайды және Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, <оның ішінде ҚҚС <ҚҚС сомасы> теңге> /ҚҚС-сыз> (бұдан әрі - Шарт сомасы) қамтиды.

3.2. Шарт \_\_ жылға тіркеуге жатады (жатпайды.).

3.3. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізгеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші Жобалаушының/Орындаушының <төлем шарты> есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұрын төленген авансқа барабар ұстап қалуды ескере отырып төлейді.

Орындалған жұмыстар үшін төлемді Тапсырыс беруші Жобалаушының/Орындаушының <төлем шарты> есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен орындалған Жұмыстар актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізеді.

3.4. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) орындалған жұмыстардың актісі(лері);

3) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

4) Жобалаушы/Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасын көрсете отырып, сипатталған шот-фактура.

Ескерту. 3.5.-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 4. Тараптардың міндеттемелері

##### 4.1. Жобалаушы/Орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде <сома> теңгеге тең Шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және <сома> теңгеге тең Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерлерін, <сондай-ақ <сома> теңгеге тең антидемпинг шараларына сәйкес соманы> енгізуге міндеттенеді, бұл жалпы алғанда:

сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) растау құжатының көшірмелерін орналастыра отырып, Тапсырыс берушінің № <кепілдік жарнасына арналған шот> банктік шотына <қала> қаласы бойынша <банктің атауы> кепілді ақшалай жарна;

не:

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік;

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Жобалаушы/Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) жобалау-сметалық құжаттамада, техникалық-экономикалық негіздемеде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28243 болып тіркелген) Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (бар болса) дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен құрастырмаларды пайдалануды көрсетуге;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың талаптарын орындау үшін Жобалаушы/Орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың

мазмұнын ашпауға міндетті. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуі тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған құжаттар мен ақпаратты пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

8) Тапсырыс берушіге Жобалаушының/Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз әрекеттерден туындаған өзіне келтірілген залалды толық көлемде өтеуге;

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін шот-фактураны электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жазып беру қағидалрына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып беруге міндеттенеді.

**Ескерту. 4.1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.03.2024 № 168 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 4.2. Жобалаушы/Орындаушы:

1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

#### 4.3. Тапсырыс беруші:

1) Жобалаушы/Орындаушы мамандарының Жұмыстарды орындау үшін қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Орындалған жұмыстардың сәйкессіздігі анықталған кезде Жобалаушыны/Орындаушыны дереу жазбаша хабардар етуге;

3) жұмыстарды қабылдау кезінде орындалған жұмыстар актісін веб-портал арқылы бекітуге не Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімде қабылданбауының дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда Шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

#### 4.4. Тапсырыс беруші:

1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаған жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және Шарт талаптарына сәйкес ол үшін ақы төлеуге құқылы. Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайда жол беріледі.

## **5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі**

5.1. Егер Жобалаушы өз міндеттемелерін шарттық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындаса, сондай-ақ, егер Жобалаушы жұмысты орындауға қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Жобалаушыға тоқтату себептері жойылғанға дейін жұмыстарды тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

5.2. Жобалау-сметалық құжаттаманы кешенді ведомстводан тыс сараптамаға жіберу алдында Жобалаушы Тапсырыс берушіге ілеспе хатпен жобалау-сметалық құжаттаманы қарау үшін жібереді, оған тексеру үшін жобалау-сметалық құжаттаманың қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі.

5.3. Тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттаманы алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жобалау-сметалық құжаттаманы:

1) тиісті сараптамалардың, келісімдердің, техникалық шарттардың қорытындысының бар болуына;

2) құзыретті (уәкілетті) мемлекеттік органдардың жобалау-сметалық құжаттамаға қажетті келісімдерінің бар болуына;

3) техникалық тапсырманың талаптарына, ҚР нормалары мен стандарттарына сәйкестігіне, Техникалық және Ғылыми-техникалық кеңестердің ұсынымдарын қолдануына қарайды.

5.4. Тапсырыс беруші жобалау-сметалық құжаттаманы қарағаннан кейін:

1) жобалау-сметалық құжаттамаға қандай да бір ескертулер болған және/немесе қажетті келісулер болмаған және/немесе тиісті сараптамалардың қорытындысы болмаған жағдайда, жобалау-сметалық құжаттаманы Жобалаушыға ескертулері мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, пысықтау үшін жазбаша қайтарады;

2) жобалау-сметалық құжаттамаға Тапсырыс берушіде қандай да бір ескертулер болмаған жағдайда, кешенді ведомстводан тыс сараптамадан өтуге тиісті шарттың қорытындысымен соңғы Тапсырыс беруші жібереді.

5.5. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін Жобалаушы ұсынған жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдап алу-тапсыру актісіне және одан кейін орындалған жұмыстар актісіне қол қою арқылы қағаз тасығыштарда 4 (төрт) данадан кем емес, және электрондық форматта 2 (екі) данада жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдайды.

5.6. Жобалау-сметалық құжаттаманы қабылдау – тапсыру актісіне қол қою арқылы Жобалаушы барлық мүлкітік емес құқықтарды Тапсырыс берушінің пайдасына беруді растайды.

5.7. Жұмыстарды Жеткізуші Тапсырыс берушіге жоғарыда көрсетілген Шарттың талаптарына дәл сәйкес жұмыстарды толық тапсырған жағдайда жұмыс орындалған болып саналады.

5.8. Жобалаушы/Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдау/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) егер жұмыстар Қазақстанда шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса, онда "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы "СТ-KZ" сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдардан және жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіпте шығарған елдің тиісті органы берген Тауардың шыққан жері туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі.

5.9. Жобалаушы жобалау-сметалық құжаттаманың сапасына жауапты болады және жобаны кешенді ведомствадан тыс сараптамадан өткен уақытқа дейін, тіпті оның оң қорытындысын алғанға дейін алып жүреді.

<№. Жаңа тармақ>

## **5. Кепілдік. Сапа**

6.1. Жобалаушы Тапсырыс берушінің кешенді ведомствадан тыс сараптаманың оң қорытындысын алған күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде орындалған жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.2. Жобалаушы жұмыстардың жобалауға Тапсырыс беруші бекіткен тапсырмаға (сәулет-жоспарлау тапсырмасына, техникалық шарттарға) сәйкес және құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттама жүйесінің халықаралық стандартының, конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесінің талаптарына және Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына сәйкес орындалатынына кепілдік береді.

6.3. Жобалаушы кепілдік мерзімі шегінде табылған жұмыстардағы кемшіліктері үшін жауапты болады.

<№. Жаңа тармақ>

## **7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестрлеу және/немесе Тапсырыс берушінің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Жобалаушыға/Орындаушыға Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші Жобалаушыға/Орындаушыға кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% аспауы тиіс.

7.3. Жұмыстарды орындау мерзімдері кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Жобалаушыдан/орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін бір) мөлшерінде Жобалаушы/Орындаушы міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% аспауы тиіс.

7.4. Жобалаушы/Орындаушы жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі аяқталған күннен бастап бір айдан астам мерзімге жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей Тапсырыс беруші Жобалаушыдан/Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

сомасының 0,1% (нөл бүтін бір) мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) жұмыстардың құны үшін ақы төлейді.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Жобалаушыға/Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкеп соқтырса, онда шарттың сомасы немесе жұмыстарды орындау кестесі немесе және т.б. тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Жобалаушының/Орындаушының түзетуді жүргізуге барлық сұратулары Жобалаушы/Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкімді алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Жобалаушының/Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара беруіне жол берілмейді.

7.8. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда Жобалаушы/Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы жобалы шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы жобалаушылардың болуы Жобалаушының/Орындаушының шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Қосалқы жобалаушыларға жұмыстарды орындау үшін берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемі Орындалатын жұмыстардың жиынтығында көлемінен екіден бірінен аспауы тиіс.

Бұл ретте қосалқы жобалаушының жүргізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау көлемін өзге қосалқы жобалаушының беруіне тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын адамдарға, Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы жобалаушыларды тартуға жол берілмейді.

**Ескерту. 7.8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7.9. Жобалаушының/Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

<N. Жаңа тармақ>

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзу талаптары**

8.1. Шарт < қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және <қолданылу мерзімі> жылға дейін қолданылады.

8.2. Мынадай оқиғалар жұмыстардың ұзақтығы мерзімдерін олардың ұлғаю бөлігінде өзгертуге әкеп соғады:

1) Тапсырыс беруші объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, бұл өз кезегінде жұмыстардың орындалуын кідіртуге әкеп соғады.;

2) Тапсырыс беруші Жобалаушыға/Орындаушыға Шартта жоспарланбаған сынақтар жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер осы сынақтар ақаулар анықталмаса, онда жұмыс өндірісін тоқтату уақыты жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректерімен жобалауға тапсырма беруді кідіртеді.

8.3. Тапсырыс беруші немесе Жобалаушы/Орындаушы, егер екінші Тарап Шартта көзделген қағидағи талаптардан айыратын Шарт талаптарын елеулі түрде бұзса, Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарттың талаптарын елеулі түрде бұзу мыналарды қамтиды, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) Егер Жобалаушы/Орындаушы жұмысты орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Тапсырыс беруші тоқтауды санкцияламаса да Жобалаушы/Орындаушы жұмысты <күн саны> күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұрады;

3) Жобалаушы/Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймайды;

4) Тапсырыс беруші Жобалаушыға/Орындаушыға жұмыс барысын кідіртуге нұсқау береді және мұндай нұсқаудың <күн саны> күн ішінде күші жойылмайды;

5) Не Тапсырыс беруші, не Жобалаушы/Орындаушы банкроттыққа ұшыраса немесе оны қайта ұйымдастыруды немесе бірлестікті қоспағанда, қандай да бір себептер бойынша таратылса;;

6) Жобалаушы/Орындаушы Техникалық Тапсырмада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтар мен ережелерді елемейді.

8.4. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Жобалаушы/Орындаушы Шарт бойынша бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін, бұзылған күнге ақы төлеуді талап етуге құқылы.

8.5. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:



1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7 бабында көзделген шектеулерді бұзу анықталса;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Жобалаушыға/Орындаушыға Заңда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстар орындалған жағдайларды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) антидемпинг шараларына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шартты жасасудан жалтарса сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер шарт бұзылса, Жобалаушы/Орындаушы жұмысты дереу тоқтатады, объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және оны белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге береді.

## **9. Хабарлама**

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс, электрондық пошта арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.

## **10. Форс-мажор**

10.1. Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, эпидемиялар, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама тыйым салатын, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне еруге жататын форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда, олар өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте тарап форс-мажордың басталғаны туралы дереу жазбаша хабардар етуге тиіс. Олай болмаған жағдайда Тарап осы жағдайға сілтеме жасауға құқылы емес.

10.2. Форс-мажорлық жағдайлар кезінде басқа тараптың өз міндеттемелерін орындамауынан залал шеккен Тарап одан осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ олардың қызметіне әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттық растама алуға құқылы.

10.3. Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Жобалаушы/ Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде жұмысты тоқтата тұруды қамтамасыз етеді.

10.4. Егер форс-мажорлық жағдай шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатылуын куәландырады. Жобалаушы/Орындаушы кідірту туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде объектіні консервациялауды қамтамасыз

етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Жобалаушыға объектіні тоқтату күніне дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлейді.

#### 11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Жобалаушы/Орындаушы тікелей келіссөздер процесінде шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Жобалаушы/Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

### 12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

12.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

12.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

12.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

12.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. Пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

12.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13. Басқа да шарттар**

13.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасқан нысанда жасалады

13.3. Жобалаушыны/орындаушыны таңдау үшін негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермейтін талабы жағдайында жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі:

1) жұмыстардың бағасын және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) жұмыстардың бағасын және тиісінше шартта көзделген шартты орындауды бастаған күннен бастап орындауды аяқтау күніне дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы бағамының едәуір төмендеуіне байланысты шарт сомасының (ұзақ мерзімді) ұлғаюы бөлігінде жол беріледі.

Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы жұмыстарды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жылына бір реттен артық емес, ал ұзақ мерзімді шартқа жылына екі реттен артық емес жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) жұмыстарды орындауға арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне бағаны (ұзақ мерзімді) ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

3) егер өнім беруші өзімен жасалған шартты орындау процесінде бірлік үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындаудың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

4) сатып алынатын жұмыстардың көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты, сатып алу жоспарында бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сомаға және көлемге шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның

өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімдерінің тиісті өзгеруі бөлігінде жасалуы мүмкін. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдар мен төлемдердің өзгеруіне байланысты шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы жұмыстарды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

6) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты шартты орындауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

7) жасасқан шарттың сомасы немесе жұмыстарды орындаудың болжамды құны немесе қамтамасыз ету өзгеріссіз қалған жағдайда қаржыландыру жылдар бойынша өзгерген жағдайда жұмыстарды сатып алу туралы шартты орындау мерзімін өзгерту бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға қызмет көрсету көлемі қысқартылды және тиісті өзгерістер енгізіледі.

13.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

13.5. Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<№. Жаңа тармақ >

## 14. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші: <Тапсырыс берушінің толық атауы> < Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы> БСН < Тапсырыс берушінің БСН> БСК< Тапсырыс берушінің БСК> ЖСК< Тапсырыс берушінің ЖСК> <Банктің атауы> Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> <Тапсырыс берушінің лауазымы><Тапсырыс берушінің ТАӘ>	Өнім беруші: <Өнім берушінің толық атауы> <Өнім берушінің толық заңды мекенжайы> БСН/ССН/ТЕН <Өнім берушінің БСН/ССН/ТЕН> БСК < Өнім берушінің БСК> ЖСК <Өнім берушінің ЖСК> <Банктің атауы> Тел.: <Өнім берушінің телефоны> <Өнім берушінің лауазымы> <Өнім берушінің ТАӘ>
--	---

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты. (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
25-қосымша

## **Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу туралы үлгілік шарт**

<Сәйкестендіру нөмірі>

<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі><шарттың күні>

бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын <Тапсырыс берушінің толық атауы>, <Тапсырыс берушінің негіздемесі>негізінде әрекет ететін <Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің Т. А. Ә.> атынан бір тараптан және бұдан әрі "Мердігер/Орындаушы" деп аталатын <Өнім берушінің толық атауы>, <Өнім берушінің негіздемесі>негізінде әрекет ететін <өнім берушінің лауазымы> <өнім берушінің Т. А. Ә.> атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, <өнім берушінің негіздемесі> "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және № < қорытындылар нөмірі>, осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

### **1. Ұғымдар мен айқындамалар**

1.1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие:

1) Мердігер/Орындаушы – Тапсырыс берушімен жасалған шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ консорциум (сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда);

2) қосалқы мердігер – шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен/Орындаушымен шарты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

3) объект – сатып алуды ұйымдастырушы жұмыстарды орындауға тиіс деп айқындаған және Мердігер Тапсырыс берушіге Шартта көзделген түрде беретін ғимарат, құрылыс;

5) учаске – объектінің жұмыстарын орындау немесе жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген аумақ;

б) уақытша құрылыстар – объектінің жұмыстары аяқталғаннан кейін Мердігер тұрғызатын, орнататын және алып тастайтын объектінің жұмыстарын орындау үшін қажетті барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстар.

<n) жаңа тармақша>

## **2. Шарттың мәні**

2.1. Мердігер/Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша жұмысты(жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және мердігер/Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндеттенеді:

2.2. Жұмыстар <сатып алу атауы> Жобасы бойынша орындалады, онда <объектінің орналасқан жері>орналасқан.

Бас жобалаушы - <Бас жобалаушының атауы>.

2.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) Осы Шарт;
- 2) сатып алынатын жұмыстарды орындау талаптары (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша);
- 4) консорциалдық келісім (Консорциуммен Шарт жасасқан жағдайда).

## **3. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары**

3.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және <шарттың сомасы> (сома жазумен) теңгені құрайды және жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС<ҚҚС сомасы> /ҚҚС-сыз> (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

3.2. Шарт \_\_\_\_\_ жылға тіркеуге жатады (жатпайды).

3.3. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы енгізгеннен кейін № 1 қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты тепе-тең ұстап қалуды ескере отырып, Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Мердігердің/Орындаушының <ақы төлеу шарты> есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

Орындалған жұмыстар үшін төлемді Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Мердігердің/Орындаушының <ақы төлеу шарты> есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

3.4. Орындалатын жұмыстардың көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

3.5. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

1) <қол қойылған> Шарт;

2) Орындалған жұмыстардың актісі (актілері);

3) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

4) Мердігер/ Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған орындалған жұмыстардың жалпы сомасы сипатталған, көрсетілген шот-фактура.

**Ескерту. 3.5.-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4. Тараптардың міндеттемелері**

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Мердігер/Орындаушы:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын шарттың жалпы сомасының <сома> теңгеге тең үш пайызы мөлшерінде және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес <сома> теңгеге тең шарттың мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, сондай-ақ демпингке қарсы шараларға сәйкес <сома> теңгеге тең соманы> енгізуге міндетті, бұл жалпы алғанда <қамтамасыз ету сомасын> (қамтамасыз ету сомасын жазбаша түрде>) теңгені мынадай:

сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, <қала> қала бойынша <БСК> БСК <банк атауына> № <кепілдік жарнаға арналған шот> тапсырыс берушінің банк шотына кепілдік ақшалай жарна;

не:

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынылатын банктік кепілдік түрінде құрайды;

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Мердігер/Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Мердігер/Орындаушы тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жоғарыда тізбеленген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Мердігердің/Орындаушының Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстар актісін веб-портал арқылы тапсырыс берушіге ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

#### 4.2. Мердігер/Орындаушы:

1) Шарт бойынша орындалған Жұмыстар үшін Тапсырыс берушіден ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы.

#### 4.3. Тапсырыс беруші:

1) жұмыстарды орындау үшін мердігер/Орындаушы мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Орындалған жұмыстардың сәйкессіздігі анықталған жағдайда дереу жазбаша Мердігерді/Орындаушыны хабардар етуге;

3) Жұмыстарды қабылдау кезінде веб-портал арқылы орындалған жұмыстар актісін бекіту не Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде оның қабылданбауының дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, жұмыстарды қабылдаудан бас тартуға;

4) орындалған жұмыстар актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде Электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде төлем жүргізуге міндеттенеді.

#### 4.4. Тапсырыс беруші:



1) орындалған Жұмыстардың сапасын тексеруге;

2) Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы.

Жұмыстарды мерзімінен бұрын орындаудан бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **5. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру**

5.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері орындалған жұмыстардың техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Мердігер/Орындаушы көтереді. Тапсырыс беруші Мердігерді/Орындаушыны осы мақсаттар үшін белгіленген өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге тиіс.

5.2. Осы Шарт шеңберінде орындалатын жұмыстар техникалық ерекшелікте және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

5.3. Егер орындалған Жұмыстардың нәтижелері тексеру кезінде техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Мердігер/Орындаушы тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

5.4. Жұмыстардың техникалық ерекшелікке және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексеру кезінде Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

5.5. Жоғарыда көрсетілген бірде-бір тармақ Мердігерді/Орындаушыны шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

<N. Жаңа тармақ>.

## **6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдап алу тәртібі**

6.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте Жұмыстарды толық тапсырған жағдайда жұмыс орындалды деп есептеледі.

6.2. Мердігер/Орындаушы орындалған жұмыстарды қабылдап алу/тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды:

1) егер жұмыстар Қазақстанда шығарылған материалдар мен жабдықтардан орындалса, онда "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) бекітілген Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалар) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі не уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесін;

2) егер жұмыстар шетелде шығарылған материалдар мен жабдықтардан орындалған болса – Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларда белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген Тауардың шығу тегі туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

## **7. Кепілдіктер. Сапасы**

7.1. Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде пайдаланылатын материалдар мен жабдық техникалық ерекшеліктерге және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келетініне, Жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшеліктің және (немесе) жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Мердігер (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен,

сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету Мердігер беретін кепілдікке кірмейді.

Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.<sup>14</sup>

Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижелері техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетініне, Жұмыстар олардың сапасын техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткілікті негізделмеген және санкцияланбаған өзгерістері бар жұмыстар ақаулы деп танылады.

Орындаушы (қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру қағидаларын бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бүлінуі (бар болса) себебінен залалды өтеу немесе Ақауды түзету Орындаушы беретін кепілдікке кірмейді. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы жұмыстарды орындау нәтижелері сапасының техникалық ерекшеліктерге сәйкестігін куәландыратын құжаттарды ұсынады.

7.2. Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті <кепілдік мерзімі > мерзіміне береді.

7.3. Мердігер/Орындаушы орындалған Жұмыстарды және Жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды (олар болған кезде) климаттық жауын-шашынға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты нұқсанның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Мердігер/Орындаушы өз жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті қандай да бір зақымдану түрлерінен немесе жолдарды, ғимараттарды, материалдар қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мердігер/Орындаушы шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

<N. Жаңа тармақ >

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

8.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі

8.2. Секвестр және/немесе Тапсырыс берушінің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/есеп айырысу шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% аспауға тиіс.

8.3. Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден/Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 % аспауға тиіс.

8.4. Мердігер/Орындаушы жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан астам мерзімге жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден/Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Бұл ретте Тапсырыс беруші барлық орындалған (қабылданған) Жұмыстардың құны үшін ақы төлеуді жүргізеді.

8.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.6. Егер кез келген өзгеріс шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Мердігерге/Орындаушыға қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда Шарттың сомасы немесе Жұмыстарды орындау кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Мердігердің/Орындаушының түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

8.7. Мердігердің/Орындаушының Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

8.8. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда Мердігер/Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы

Мердігерді/Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерге берілуі мүмкін жұмыстардың шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстар көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау көлемін өзге қосалқы мердігерге беруге тыйым салынады.

Жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді.

**Ескерту. 8.8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8.9. Мердігер/Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шартты бұзған жағдайда Тапсырыс беруші оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

<N. Жаңа тармақ >

## **9. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары**

9.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді> және < қолданылу мерзімі> жылға дейін қолданылады.

9.2. Мынадай оқиғалар олардың ұлғаюы бөлігінде Жұмыс ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соғады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, бұл өз кезегінде Жұмысты кешіктіруге әкеп соғады;

2) Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер осы сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, онда Жұмыстарды жүргізуді тоқтату уақыты Жұмыстарды орындау мерзіміне қосылады;

3) Тапсырыс беруші техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарға бастапқы деректері бар жобалауға Тапсырма беруді кідіртеді.

9.3. Егер екінші тарап шарттың талаптарын Шартта көзделген қағидаттық талаптардан айыратын елеулі бұзушылық жасаса, Тапсырыс беруші немесе Мердігер/Орындаушы Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады. Шарт талаптарын елеулі түрде бұзу мыналарды қамтиды, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

1) егер Мердігер/Орындаушы жұмыстарды орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер/Орындаушы Жұмыстарды <күн саны> күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұрады, бұл ретте Тапсырыс беруші тоқтатуға рұқсат бермеген;

3) Мердігер/Орындаушы Тапсырыс беруші айқындаған негізделген уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймайды;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге/Орындаушыға жұмыс барысын кідіртуге нұсқау береді және мұндай нұсқау <күн саны> күн ішінде күшін жоймайды;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер/Орындаушы банкроттыққа ұшырайды немесе оны қайта ұйымдастыруды немесе біріктіруді қоспағанда, қандай да бір себептермен таратылады;

6) Мердігер/Орындаушы жобалау құжаттамасында және (немесе) шарттық құжаттамада көрсетілген Жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтар мен ережелерді елемейді.

9.4. Шарт тараптардың келісімі бойынша оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Мердігердің/Орындаушының шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

9.5. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзу анықталса;

2) сатып алуды ұйымдастырушы Мердігерге/Орындаушыға Занда көзделмеген жәрдемдерді көрсетсе;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін жұмыстарды орындау жағдайын қоспағанда, демпингке қарсы шараларға сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) соманы (бар болса) енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтаруса, Шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт бұзылса, Мердігер Жұмысты дереу тоқтатады, Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және оны белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге береді.

9.7. Егер Мердігердің Шарт талаптарын елеулі бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

## 10. Хабарлама

10.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс, электрондық пошта арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

10.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ерудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **11. Форс-мажор**

11.1. Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар, эпидемиялар, ірі ауқымды ереуілдер, тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына кедергі келтіретін заңнамалық және үкіметтік актілердің күшіне енуі жататын форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда, олар өздеріне алған міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте тарап форс-мажор басталғаны туралы дереу жазбаша хабардар етуге тиіс. Олай болмаған жағдайда, тараптың осы жағдайға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

11.2. Форс-мажорлық мән-жайлар кезінде екінші тараптың өз міндеттемелерін орындамауына байланысты залал шеккен тараптың одан осы оқиғалардың ауқымы туралы, сондай-ақ оның қызметіне әсері туралы құзыретті органдар мен ұйымдар растаған құжаттамалық растама алуға құқығы бар.

11.3. Форс-мажор жағдайында Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұрғаны туралы хабарлайды. Мердігер/Орындаушы тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін қысқа мерзімде Жұмыстардың тоқтатыла тұруын қамтамасыз етеді.

11.4. Егер форс-мажорлық жағдай Шарттың орындалуын бұзатын болса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объект тоқтатылған күнге дейін орындалған жұмыстардың бүкіл көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

## **12. Даулы мәселелерді шешу**

12.1. Тапсырыс беруші мен Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

12.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

13.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

13.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

13.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **14. Басқа шарттар**

14.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

14.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады.



14.3. Мердігерді/Орындаушыны таңдауы үшін негіз болып табылатын сапаның өзгермеуі мен басқа да жағдайларда жасалған Шартқа:

1) көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше шартта көзделген шартты орындауды бастаған күннен бастап орындауды аяқтау күніне дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы бағамының едәуір төмендеуіне байланысты шарт сомасының (ұзақ мерзімді) ұлғаюы бөлігінде жол беріледі.

Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жылына бір реттен артық емес, ал ұзақ мерзімді шартқа жылына екі реттен артық емес жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) қызметтерді көрсетуге арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне бағаны (ұзақ мерзімді) ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

4) осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың көлеміне қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты, сатып алу жоспарында бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сомаға және көлемге шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімдерінің тиісті өзгеруі бөлігінде жасалуы мүмкін. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

5) егер өнім беруші өзімен жасалған шартты орындау процесінде бірлік үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

6) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың өзгеруінен туындаған тауарларды беруге, Қызметтерді көрсетуге арналған ұзақ мерзімді шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шартты орындау мерзімдерін тиісті өзгерту бөлігінде;

7) тауар өндіру үшін қажетті шикізат және (немесе) жиынтықтаушылар құнының, сондай-ақ тауардың баға белгіленуіне әсер ететін Тарифтердің айтарлықтай өзгеруінен туындаған тауар бағасының азаюы немесе ұлғаюы салдарынан тауар өндірушімен жасалған тауарларды беруге арналған ұзақ мерзімді Шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі.

Мұндай өзгерісті енгізуге шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң және жарты жылда бір реттен асырмай жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растау құжаттарын қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) тауарды жеткізуге арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, ұзақ мерзімді шарттың бағасын ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдар мен төлемдердің өзгеруіне байланысты шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

9) бағасы нарықтық бағалар немесе биржалық баға белгіленімдері туралы ресми танылған ақпарат көздеріне сәйкес қалыптастырылатын импортталатын көмірсутек шикізатының бірлігі үшін бағаның өзгеруі бөлігінде;

10) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген баға шегінде бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленетін тауар бірлігі үшін бағаның өзгеруі бөлігінде;

11) тапсырыс берушінің және (немесе) өнім берушінің лауазымды адамына қатысты шартты орындауға байланысты қылмыстық іс қозғалған жағдайда жұмыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде;

12) егер өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда, тауарды сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін өзгерту бөлігінде қолданылады. Тауарларды сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге өнім берушінің хабарламасы бойынша ағымдағы қаржы жылы шегінде он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге жол беріледі.

13) жасасқан шарттың сомасы немесе жұмыстарды орындаудың болжамды құны немесе қамтамасыз ету өзгеріссіз қалған жағдайда қаржыландыру жылдар бойынша өзгерген жағдайда жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау мерзімін өзгерту бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға қызмет көрсету көлемі қысқартылды және тиісті өзгерістер енгізіледі.

14.4. Шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

14.5. Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

14.6. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<N. Жаңа тармақ >

## 15. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші

<Тапсырыс берушінің толық атауы><Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы>БСН <Тапсырыс берушінің БСН>БСК <Тапсырыс берушінің БСК>ЖСК <Тапсырыс берушінің ЖСК> < банктің атауы > Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> < Тапсырыс берушінің лауазымы><Тапсырыс берушінің ТАӘ > :

Өнім беруші

<Өнім берушінің толық атауы><Өнім берушінің толық заңды мекенжайы>өнім берушінің БСН / ССН /СЕН <Өнім берушінің БСН/ССН/Сен>БСК <Өнім берушінің БСК>ЖСК <Өнім берушінің ЖСК> <банктің атауы>Тел.: <Өнім берушінің телефоны><Өнім берушінің лауазымы><Өнім берушінің ТАӘ>

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

СЕН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты. (бар болса).

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
26-қосымша

### Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шарт

<Сәйкестендіру нөмірі>

<Тапсырыс берушінің өңірі> № <шарттың нөмірі><шарттың күні>

бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын <Тапсырыс берушінің толық атауы>, <Тапсырыс берушінің негіздемесі>негізінде әрекет ететін<Тапсырыс берушінің лауазымы> <Тапсырыс берушінің ТАӘ> атынан бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын <Өнім берушінің толық атауы>, <Өнім берушінің негіздемесі> негізінде әрекет ететін<Өнім берушінің лауазымы> <Өнім берушінің ТАӘ> атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және және <сатып алу тәсілі> тәсілімен сатып алу қорытындыларының негізінде <қорытындылар күні> № < қорытындылар нөмірі > осы көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

## **1. Шарттың мәні**

1.1. Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша қызмет (тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметті (қызметтерді) қабылдауға және Шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндеттенеді:

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) Осы Шарт;
- 2) сатып алынатын қызметтерді көрсету талаптары (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

## **2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары**

2.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және <Шарттың сомасы> (сома жазумен) теңгені құрайды және қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС<ҚҚС сомасы>/<ҚҚС есепке алмағанда> (бұдан әрі-Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2. Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) осы Қағидалардың 151-тармағына сәйкес соманы енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты тепе-тең ұстап қалуды ескере отырып, көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару жолымен төлейді.

Көрсетілген қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өнім берушінің есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

2.3. Көрсетілетін қызметтердің сандық және құндық мәндегі көлемі Шартқа 1-қосымшада айтылған.

2.4. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) көрсетілген қызметтер актісі (актілері);
- 3) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасы, жалпы сомасы көрсетілген шот-фактура;

<n) Жаңа тармақша>

<№. Жаңа тармақ>

Ескерту. 2.4.-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3. Тараптардың міндеттемелері

#### 3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Шарттың жалпы сомасының <сома> теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес <сома> теңгеге тең шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, сондай-ақ Қағидалардың 151-тармағына сәйкес <сома> теңгеге тең соманы> енгізу, бұл жалпы алғанда <қамтамасыз ету сомасын> (қамтамасыз ету сомасы жазбаша>) теңгені құрайды:

сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, <қала> қаласы бойынша <банк атауына> № <кепілдік жарнаға арналған шот> Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдік ақшалай жарна, <БСК> БСК ;

не:

Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынылатын банктік кепілдік түрінде құрайды;

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелер толық және тиісінше орындалған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың талаптарын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған құжаттар мен ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) өнім берушінің Шарт талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін веб-портал арқылы тапсырыс берушіге ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін шот-фактураны электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазып беруге міндеттенеді.

<n) жаңа тармақша >

### 3.2. Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен орындау мерзімін алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

### 3.3. Тапсырыс беруші:

1) қызметтер көрсету үшін Өнім беруші мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған жағдайда тез арада Өнім берушіні жазбаша хабардар ету;

3) Қызметтерді қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекіту немесе Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) көрсетілген қызметтер актісі бекітілгеннен кейін Өнім беруші Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді

<n) жаңа тармақша >

### 3.4. Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші Қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкіндігі болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері көрсетілетін Қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін айқындалған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабардар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілетін Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші тексеру сәтінен бастап <сәйкессіздіктерді жою мерзімі> ішінде тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.

4.4. Жоғарыда көрсетілген бірде-бір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

<N. Жаңа тармақ >

## **5. Қызметтер көрсету**

5.1. Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсырған жағдайда қызмет көрсетілген болып саналады.

<N. Жаңа тармақ >

## **6. Кепілдік**

6.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші техникалық ерекшелік қызметтерінің (Шартқа 2-қосымша) қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті, одан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші хабарламада айқындаған мерзімде осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, кемшіліктерді өз есебінен жою жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

6.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдаса, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің Өнім берушіге қатысты шарт бойынша иелене алатын басқа

құқықтарына қандай да бір залалсыз қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдана алады.

<N. Жаңа тармақ >

## **7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе Тапсырыс берушінің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/есеп айырысу шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, онда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс

7.3. Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда Мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.4. Өнім беруші Қызметтер көрсетуден бас тартқан немесе шарт бойынша Қызметтер көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу мерзімінен кешіктірмей бір айдан астам мерзімге қызметтер көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда шарттың сомасы немесе қызметтер көрсету кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары өнім беруші тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.



7.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Өнім берушінің осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

7.8. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) тартылған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) болуы Өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

Қызметтер көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге өткізілетін сатып алу нысанасы болып табылатын қызметтер көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктеріне және Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарға көрсетілетін қызметтерге өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын қызметтер көрсету бойынша қосалқы мердігерлерді тартуға жол берілмейді.

**Ескерту. 7.8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 13.11.2023 № 1188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7.9. Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты ол бұзылған жағдайда қайтармайды.

<N. Жаңа тармақ >

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары**

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және < \_ > дейін қолданылады.

8.2. Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, бұл өз кезегінде қызмет көрсетуді кешіктіруге әкеп соғады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтар жүргізу үшін қызметтер көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер осы сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады.

<Жаңа абзац>

8.3. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты

тәртіппен Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын іс-әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.4. Шарт тараптардың келісімі бойынша оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

8.5. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

8.6. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып,:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде қызмет көрсете алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.7. Мынадай жағдайларда кез келген кезеңде:

1) осы Шарт жасалуына негіз болған сатып алуға қатысты Заңның 7 тармағында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталса;

2) сатып алуды ұйымдастырушының Өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдемді көрсетсе;

3) міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті органның Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып шарт жасасу фактісі анықталса;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызметтер көрсету жағдайын қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы шараларға сәйкес соманы (бар болса) енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтарса Шарт бұзылуы мүмкін.

## **9. Хабарлама**

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс, электрондық пошта арқылы не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ерудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болатынына байланысты күшіне енеді.

## **10. Форс-мажор**

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапты болмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3. Шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды , бірақ осыларды ғана емес: соғыс қимылдарын, табиғи немесе дүлей апаттар мен басқаларды да қамтуы мүмкін.

10.4. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық мән-жайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11. Даулы мәселелерді шешу**

11.1. Тапсырыс беруші мен өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

12.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

12.3. Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

12.4. Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

12.5. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

12.6. Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### **13. Өзге де шарттар**

13.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының Салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу нысанында жасалады.

13.3. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгермеуі талабымен жасалған Шартқа:

1) көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше шарт сомасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше шартта көзделген шартты орындауды бастаған күннен бастап орындауды аяқтау күніне дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы бағамының едәуір төмендеуіне байланысты шарт сомасының (ұзақ мерзімді) ұлғаюы бөлігінде жол беріледі.

Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жылына бір реттен артық емес, ал ұзақ мерзімді шартқа жылына екі реттен артық емес жол беріледі.

Бұл ретте өнім беруші Тапсырыс берушіге растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіруге арналған шығындардың және (немесе) қызметтерді көрсетуге арналған шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторлардың егжей-тегжейлі калькуляциясын көрсете отырып, Шарттың орындалмаған көлемінің бір бөлігіне бағаны (ұзақ мерзімді) ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс;

3) қажеттілікті азайтумен не негізді ұлғайтумен байланысты, сатып алу жоспарында бастапқы жоспарланғаннан аспайтын сомаға және көлемге шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жасалған шартта көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен шарттың орындалу мерзімдерінің тиісті өзгеруі бөлігінде жасалуы мүмкін. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

4) егер өнім беруші өзімен жасалған шартты орындау процесінде бірлік үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын қызметтерді көрсетудің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамаларын не мерзімдерін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда;

5) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың өзгеруінен туындаған қызметтерді көрсетуге арналған ұзақ мерзімді шарттың сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда шартты орындау мерзімдерін тиісті өзгерту бөлігінде;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалардың, тарифтердің, алымдар мен төлемдердің өзгеруіне байланысты шарт сомасын азайту немесе ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Жасалған шартты мұндай өзгертуге осы көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сомалар шегінде жол беріледі;

7) жасасқан шарттың сомасы немесе көрсетілетін қызметтердің болжамды құны немесе қамтамасыз ету өзгеріссіз қалған жағдайда қаржыландыру жылдар бойынша өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау мерзімін өзгерту бөлігінде.

13.4. Шарт бойынша Тараптардың бірінің міндеттерін беруге екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

13.5. Шарт бірдей заңды күші бар, веб-портал арқылы жасалған қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

13.6. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

<N. Жаңа тармақ >

## 14. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші

<Тапсырыс берушінің толық атауы><Тапсырыс берушінің толық заңды мекенжайы>БСН <Тапсырыс берушінің БСН>БСК <Тапсырыс берушінің БСК>ЖСК <Тапсырыс берушінің ЖСК> < банктің атауы > Тел.: <Тапсырыс берушінің телефоны> < Тапсырыс берушінің лауазымы><Тапсырыс берушінің ТАӘ > :

Өнім беруші

<Өнім берушінің толық атауы><Өнім берушінің толық заңды мекенжайы>өнім берушінің БСН / ССН /СЕН <Өнім берушінің БСН/ССН/Сен>БСК < Өнім берушінің БСК>ЖСК <Өнім берушінің ЖСК> <банктің атауы>Тел.: <Өнім берушінің телефоны>< Өнім берушінің лауазымы><Өнім берушінің ТАӘ>

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

СЕН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты. (бар болса)

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
27-қосымша

### Банктік кепілдік

(сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: \_\_\_\_\_

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің атауы мен деректемелері)

Кепілді міндеттеме № \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

(орналасқан жері)

"Өнім беруші" \_\_\_\_\_ (өнім берушінің атауы)

(тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы)

жеткізуге (орындауға, көрсетуге) \_\_\_\_\_ ж.

№ \_\_\_\_ сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасқанын

(жасасатынын)\* және Сіз Шартта Өнім беруші жалпы

сомасы \_\_\_\_\_ теңгеге банктік кепілдік

түрінде оның орындалуын қамтамасыз етеді деп көздегеніңізді назарға ала отырып, осымен \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (банктің атауы) жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепілгер болып табылатынымызды және Сіздің төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын немесе тиісінше орындамағанын жазбаша растауды алғаннан кейін Сізге \_\_\_\_\_ (сомасы санмен және жазумен) тең соманы төлеуге өзімізге қайтарусыз міндеттеме аламыз. Осы кепілді міндеттеме қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді. Осы кепілді міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгерлердің қолы/электрондық-цифрлық қолтаңба

Күні және мекенжайы

мөрі (бар болса) (қағаз тасығышта)

(Банктің (банк филиалының) бірінші басшысы немесе оның орынбасары және банктің бас бухгалтері атынан).

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
28-қосымша

#### Тауар(лар)ды қабылдап алу-беру актісі

Ескерту. 28-қосымша алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
29-қосымша

Ескерту. 29-қосымша алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық әл-ауқат қорын және

Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
30-қосымша

### Көрсетілген қызмет актісі

Ескерту. 30-қосымша алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық әл-ауқат қоры мен  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
31-қосымша

### Сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылық туралы есеп

Ескерту. 31-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 18.07.2022 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауардың (n) №	Шартты орындау мақсатында өнім беруші сатып алған тауарлар саны	Тауар бағасы KZT	Құны (CTi) KZT	CT-KZ сертификат ына сәйкес үлесі ЕІҚТ (Mi) %	CT-KZ сертификаты		Шығарылған елі
					Нөмірі	Берілген күні	
1							
n							
ЖИЫНЫ							

"Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ел ішіндегі құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің 5-тармағына сәйкес тауарларды жеткізуге арналған шартта ел ішіндегі құндылықты (ЕІҚТ) есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:





Шарттың (m) №	Шарттың құны (ШҚj) KZT	ардың жиынтық құны (ТҚj) KZT	п орындау (шарттардың жиынтық сомасы (ШЖҚj) KZT	тандық еңбек ақы төлеу қорын ың үлесі %	Тауардың (n) №	а у мақсатында сатып алған тауарлардың саны	Тауардың бағасы KZT	Құны (ТҚi) KZT	икатын а сәйкес ЕІҚж/к үлесі (Жi) %	Нөмірі	Берілген күні	Шығарылған елі
1					1							
2					2							
m					n							
ИТОГО												

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар немесе қолданыс мерзімі 2015 жылғы 1 қаңтардан кейін өзгертілген келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарттарды қоспағанда, жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарттағы елішілік құндылықты (бұдан әрі - ЕІҚж/к) есептеу " Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16942 болып тіркелген) Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде ел ішіндегі құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің 6-тармағына сәйкес мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$EIQ_{ж/к} = 100\% \times \frac{\sum_{j=1}^m ((ШҚ_j - ТҚ_j - ШЖҚ_j) \times R_j + \sum_{i=1}^n (ТҚ_i \times Ж_i))}{S}$$

мұнда:

m – тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы шартты, өнім беруші мен қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) арасындағы шарттарды қоса алғанда, жұмысты орындау (қызмет көрсету) мақсатында жасалған j-шарттардың жалпы саны;

j – жұмысты орындау (қызмет көрсету) мақсатында жасалған шарттың реттік нөмірі ;

ШҚj – j-шартының құны;

ТҚj – j-шартын орындау мақсатында өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алған тауарлардың жиынтық құны;

ШЖК<sub>j</sub> – j-шартын орындау мақсатында жасалған қосалқы мердігерлік (бірлесіп орындау) шарттардың жиынтық құны;

R<sub>j</sub> – j-шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі;

n – j-шартын орындау мақсатында өнім беруші және қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алатын тауарлар атауының жалпы саны;

i – j-шартын орындау мақсатында өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) сатып алған тауардың реттік нөмірі;

ТҚ<sub>i</sub> – i-тауардың құны;

Жі – "Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) бекітілген "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген ел ішіндегі құндылықтың үлесі (бұдан әрі - "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты);

Егер Бірыңғай әдістемесінің 10-тармағында өзгеше белгіленбесе "СТ-KZ" нысанының тауардың шығу тегі туралы сертификаты болмаған жағдайда Жі=0;

S – шарттың жалпы құны.

R<sub>j</sub> – j-шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесін есептеу Бірыңғай әдістемесінің 7-тармағына сәйкес, мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$R_j = \frac{Q_{РЕТҚ}}{ЕЖҚ}$$

мұнда:

ҚРЕТҚ – j-шартының қолдану кезеңінде j-шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) қазақстандық кадрларының еңбекақысын төлеу қоры;

ЕЖҚ – j-шартының қолдану кезеңінде j-шартын орындайтын өнім берушінің немесе қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) жұмысшыларының еңбекақысын төлеудің жалпы қоры.

Заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері) өнім беруші немесе қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) болып табылмайды.

Егер j-шартының тарапы заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) болған жағдайда, R<sub>j</sub> коэффициентін есептеу кезінде мұндай заңды тұлғаның қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
33-қосымша  
Бекітемін:

---

(тапсырыс берушінің толық  
атауын және осы тендерлік  
құжаттаманы бекіткен оның  
лауазымды адамының Т.А.Ә.  
(бар болған жағдайда)  
көрсету керек)

## Сатып алу бойынша үлгілік тендерлік құжаттама

---

(тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың атауын көрсету керек)

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің толық атауын, орналасқан жерін,

БСН, банктік деректемелерін көрсету керек)

Тапсырыс берушінің өкілі \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің өкілі – лауазымды адамының Т.А.Ә. (бар болса),

байланыс телефондарын және болса, электрондық поштасының мекенжайын  
көрсету  
керек)

Сатып алуды ұйымдастырушы

---

(толық атауын, орналасқан жерін, БСН, банктік деректемелерін көрсету керек)

Сатып алуды ұйымдастырушының өкілі

---

(лауазымын, байланыс телефондарын және болса электрондық поштасының  
мекенжайын қоса алғанда, сатып алуды ұйымдастырушының өкілі лауазымды  
адамының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) көрсету керек)

Тендерлік құжаттаманың құны \_\_\_\_\_

(тендерлік құжаттаманың құнын теңгемен көрсету керек не егер тендерлік  
құжаттаманы ұсынғаны үшін төлем алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай  
редакцияда жазу керек: "Тендерлік құжаттама тегін беріледі").

## 1. Жалпы ережелер

1. Тендер өнім берушіні (лерді) таңдау мақсатында өткізіледі (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету).

2. Тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу бойынша осы тендер (лот) үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ теңгені құрайды.

3. Осы тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

1) лоттың нөмірін, өлшем бірлігін, санын, жеткізу шарттарын, жеткізу мерзімі мен орнын, төлем шарттарын және сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып, үлгілік тендерлік құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін;

2) осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтиды. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды беру туралы өнім берушілерге қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшеліктің орнына тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте осындай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс;

3) осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін тендерге қатысуға өтінімдер;

4) осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

5) объектілерді салуға не реконструкциялауға байланысты жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада жұмыстарды орындаудың кезеңдерін, түрлерін және көлемдерін, сондай-ақ егер жобалау алдындағы құжаттамаға сәйкес оларды орындау мерзімі бір қаржы жылынан асып кетсе, әрбір қаржы жылындағы осындай жұмыстарды сатып алу сомасын көрсетеді.

4. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтініммен бірге төменде санамаланған нысандардың бірінде тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді:

1) келесі банктік шотта орналастырылатын ақшаның кепілді ақшалай жарнасын \_\_\_\_\_ (тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының банк шотының толық деректемелерін көрсету);

2) осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес банк кепілдігін енгізеді.

5. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс.

## **2. Сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін түсіндіруі**

6. Тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_ мин. кешіктірмей тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұрау салумен жүгінеді. Әлеуетті өнім берушілердің сұрау салулары сатып алуды ұйымдастырушының мынадай деректемелері бойынша жіберіледі: (сатып алуды ұйымдастырушының пошта мекенжайы, сұрау салуларды қабылдау жүргізілетін бөлімшені және бөлме нөмірін көрсету керек).

7. Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салу кімнен тіркелгенін көрсетпестен, мәліметтері тендерлік құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіруді жібереді.

8 Сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған жағдайда, бірақ 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_ мин. мерзімнен кешіктірмей өз бастамасымен немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті өнім берушінің сұрау салуына жауап ретінде тендерлік құжаттамаға өзгерістер және (немесе ) толықтырулар енгізеді. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізу тендерлік құжаттаманы бекіту тәртібінде ресімделеді.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және сатып алуды ұйымдастырушы оларды тендерлік құжаттамаға өзгерістер бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз негізде тендерлік құжаттаманың көшірмесі берілген барлық әлеуетті өнім берушілерге жібереді. Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімін сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімдерде осы өзгерістерді әлеуетті өнім берушілердің есепке алуы үшін кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

9. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың көшірмелері берілген әлеуетті өнім берушілермен не олардың уәкілетті өкілдерімен тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін \_\_\_\_\_ (кездесу өтетін орынды, күні мен уақытын көрсету керек) кездесу өткізеді.

10. Сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушілермен кездесудің хаттамасын жасайды, онда әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманы түсіндіру туралы ұсынылған сұрау салулары көзін көрсетпей, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптар көрсетіледі. Хаттама әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей тендерлік комиссияға және тендерлік құжаттама алған әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында көрсетілген почта деректемелері бойынша сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті өнім берушілердің бәріне жіберіледі.

### **3. Тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар және тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді әлеуетті өнім берушілердің ұсынуы**

#### **1. Тендерге қатысуға өтінім**

11. Тендерге қатысуға өтінім тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді) жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

12. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын тендерге қатысуға арналған өтінімде мыналар қамтылуы тиіс:

1) осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім беруші толтырған және қол қойған өтінім;

2) әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттар тізбесі:

құқық қабілеттілігін растайтын, нотариат куәландырған құжаттарды (заңды тұлғалар үшін), жеке куәліктің көшірмесін (жеке тұлға үшін) (бұл ретте, тапсырыс беруші жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы ақпаратты қажет болған жағдайда: [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтының "Электрондық сервистер/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады):

заңды тұлға қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері сауда тізілімінен қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасымен нотариат куәландырған заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынады;

Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсаттар (хабарламалар) туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түрінде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және

хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың ( хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады);

әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нотариат куәландырған көшірмесі (егер заңды тұлға қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариат куәландырған көшірмесі);

құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан нотариат куәландырған үзінді көшірме (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер болмаған жағдайда ) не белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен расталған, конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген, акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы;

тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кейін алынған салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы мәліметтер;

әлеуетті өнім беруші кепілдік ақшалай жарна не Қазақстан Республикасының бір не бірнеше резидент банктерінің банк кепілдігі түрінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну арқылы төлем қабілеттілігі туралы біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға құқылы;

сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімге ұсынады;

осы Үлгілік тендерлік құжаттаманың 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес сатып алу процесіне қатысу үшін біліктілігі туралы мәліметтер;

егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші сатып алуды ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады ;

тендерде сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы



мәліметтер, сондай-ақ осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері қамтылуы тиіс.

Ескертпе: жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Осы талап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес операторлар айқындаған заңды тұлғалармен Қағидалардың 287-тармағының 5) тармақшасында көзделген шарттар жасасу жағдайларына қолданылмайды.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады;

3) ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтуға тиіс. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалауды, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін және (немесе) көлемдерін, тауарға қызмет көрсету сапасына, тауарды пайдалану шығыстарына кепілдіктер беруді ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, осы Үлгілік тендерлік құжаттамаға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттары көрсетіледі.

Ескертпе: жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісетіні туралы хатты ұсынады;

4) сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотында орналастырылатын кепілдік ақшалай жарнаны растайтын банктік кепілдік не төлем құжаты түрінде заңда белгіленген мөлшерде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;

5) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) тендерге және тендерлік комиссияның отырыстарына қатысуға өтінімге қол қою құқығына сенімхат;

6) жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісетіні туралы хатты ұсынады.

2. Тендерге қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

13. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді сатып алуды ұйымдастырушыға тігілген түрде, нөмірленген беттерімен ұсынады және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса) куәландырылады.

Тендерге қатысуға өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген түрде, беттері нөмірленген, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған (жеке тұлға үшін, егер мұндай бар болса) және тендерге қатысуға өтінімнің қамтамасыз етілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке қоса беріледі.

14. Тендерге қатысуға өтінім басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюы және мөрмен бекітілуі (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса) тиіс.

15. Тендерлік өтінімде әлеуетті өнім берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірулер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауға тиіс.

16. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді конвертке салып желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошта мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, тендерге қатысуға өтінімді ашпай қайтару мақсатында), сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы мен пошта мекенжайы, тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: "(тендертың атауын көрсету керек) сатып алу жөніндегі тендер" және "(тендерге қатысуға өтінім ашылатын күн мен уақытты көрсету керек) дейін ашпаңыз".

### 3. Тендерге қатысуға өтінімді беру тәртібі

17. Тендерге қатысуға өтінімді әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері сатып алуды ұйымдастырушыға қолма-қол немесе тапсырысты почта байланысын пайдалана отырып мына мекенжай бойынша ұсынады: (сатып алуды ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайын, бөлме нөмірін, тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдауға және тіркеуге жауапты тұлғаның (тұлғалардың) Т. А. Ә, (бар болған жағдайда) қоса алғанда) дейін (тендерлік өтінімдерді қабылдаудың аяқталу күні мен уақытын көрсету).

18. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алған барлық тендерлік өтінімдер ашылмайды және оларды ұсынған әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша не әлеуетті өнім берушілердің тиісті уәкілетті өкілдеріне алғаны туралы қолхатпен қайтарылады.

19. Әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері ұсынған тендерге қатысуға өтінімдерді сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлғаны білдіретін жағдайларда - тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, тиісті журналда тіркейді.

20. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер осы тендерлік құжаттамада көзделген тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ресімдеуге қойылатын талаптарды бұза отырып, қабылдауға және тіркеуге жатпайды.

4. Тендерлік өтінімдерді өзгерту және оларды кері қайтарып алу

21. Әлеуетті өнім беруші өзінің тендерге қатысуға өтінімін өзі енгізген қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпай, тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің тендерге қатысуға өтінімін өзгерте немесе кері қайтара алады. Өзгерістер енгізу тендерге қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуға, мөрленуге және табыс етілуге тиіс.

Тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама сатып алуды ұйымдастырушының атына әлеуетті өнім беруші қол қойған және мөрмен бекітілген еркін өтініш түрінде ресімделеді (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса).

Егер сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, тендерге қатысуға арналған өтінімге өзгерістер енгізу не тендерге қатысуға арналған өтінімді кері қайтарып алу жарамды болып табылады.

22. Тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алу сияқты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

23. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада белгіленген тендерге қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, қажет болған жағдайда әлеуетті өнім берушілерге олардың қолданылу мерзімін нақты уақыт кезеңіне ұзарту туралы сұрау салу жібереді. Әлеуетті өнім беруші мыналарға:

1) тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға оның тендерге қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде қатысуға;

2) мұндай өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өзі енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, мұндай сұрау салуды қабылдамауға құқылы.

24. Өзінің тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды әлеуетті өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, тендерлік комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

5. Тендерлік тәсілмен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссияның ашуы

25. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды барлық келген әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің (тендерлік өтінімдер

салынған конверттерді ашу және тендер өткізу туралы хабарландыруда (хабарламада) көрсетілген тендерлік комиссияның отырысын өткізу күнін, уақытын және орнын көрсету) қатысуымен тендерлік комиссия жүргізеді. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ұсынудың соңғы мерзімі мен тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспайды.

Сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында (хабарламасында) және осы тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынылған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттер ашуға жатады.

Егер тендерге (лотқа) тендерге қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда, онда тендерге қатысуға осы өтінім де ашылады және қаралады.

26 Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері өздерінің қатысуын растай отырып, олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуге және әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында тіркелуге тиіс (тіркеу орны, күні мен уақыты көрсетілсін, бұл уақыт тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу уақытынан ерте болуға тиіс, ал тіркеу орны тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүргізу орнымен бірдей болуға тиіс).

27. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның уәкілетті өкілінің, тендерлік комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

28. Тендерлік комиссияның көрсетілген отырысында:

1) сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал Тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда - осы тендерлік құжаттамада ол туралы мәліметтер көрсетілген тендерлік комиссияның хатшысы қатысушыларды:

тендерлік комиссияның құрамы, тендерлік комиссияның хатшысы туралы;

тендерлік құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілердің саны;

әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларының болуы не болмауы, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізуі;

тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің, сондай-ақ себептерінің болуы не болмауы;

белгіленген мерзімде тендерге қатысуға өтінім берген, тиісті тіркеу журналында тіркелген әлеуетті өнім берушілер;

2) тендерлік комиссияның төрағасы не тендерлік комиссия мүшелерінің арасынан төраға айқындаған тұлға:

тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімдегі құжаттар тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

3) тендерлік комиссияның хатшысы:

конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді;

әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілдерін тендерлік комиссия отырысының көрсетілген хаттамасының көшірмесін алуға болатын мерзім туралы хабардар етеді.

Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасына отырысқа қатысқан тендерлік комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды және әр парағына қол қояды.

Тендерлік комиссияның көрсетілген отырысы хаттамасының көшірмесі тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысына қатысқан әлеуетті өнім берушілерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне тендерлік комиссияның көрсетілген отырысы күнінен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал қатыспағандарға - олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

6. Тендерлік тәсілмен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімдерді олардың тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендерлік комиссияның қарауы және әлеуетті өнім берушілерді тендерге қатысуға жіберу

29. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды тендерлік комиссия тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілер арасында біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау және оларды тендерге қатысушылар деп тану мақсатында жүзеге асырады.

30. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілерден тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратуға құқылы;

2) тендерге қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Тендерлік комиссияның тендерге қатысуға өтінімді тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұрау салулары мен өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді. Тендерге қатысуға өтінімді тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру деп тендерлік комиссияның тендерге қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап береді деп қарайды.

31. Тендерлік комиссия әлеуетті өнім берушіні:

1) әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің және ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) ұсынбаған;

2) әлеуетті өнім беруші өзінің сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталғанда;

3) біліктілік талаптары жөнінде дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған жағдайларда біліктілік талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Әлеуетті өнім берушіні Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

Өтінімді қамтамасыз ету соманың бір пайызынан астам мөлшерде енгізілген жағдайда, тендерлік комиссия енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келеді деп таниды.

32. Тендерлік комиссия енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) банктік кепілдік түрінде берілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) тендерлік комиссияға:

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

қатысу үшін банктік кепілдік түрінде берілген өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен мемлекеттік сатып алудың атауын;

банктік кепілдік түрінде берілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ оны беру шарттарын;

тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны айқындауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісті түрде ресімделмеген;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тендерге бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде енгізілген жағдайларда, енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Өзге негіздер бойынша енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

33. Тендерге қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) "Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының талаптарын бұзса не ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 7-бабының талаптарын бұзса;

3) тендерге қатысуға арналған оның өтінімі тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес емес деп айқындалса, тендерге қатысуға жіберілмейді (тендерге қатысушы болып танылмайды).

Егер әлеуетті өнім беруші осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тендерге қатысуға жіберілмеген жағдайда, онда:

тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімді қабылдамау негіздемелері көрсетіледі;

Заңның 7-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге жатады.

34. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия:

1) біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін, тендерге қатысуға жіберілетін әлеуетті өнім берушілерді (тендерге қатысушылар) айқындайды;

2) тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді;

3) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді және тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің (тендерге қатысушылардың) тендерлік баға ұсыныстарын сатып алуды ұйымдастырушыға ұсыну күнін, уақытын, орнын айқындайды.

35. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға отырысқа қатысқан тендерлік комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды, әр парағына қол қояды.

Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға отырысқа қатысқан барлық мүшелер, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды.

Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хаттаманың көшірмесін тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге ұсынады немесе жібереді. Тендерлік комиссияның тендерге қатысуға рұқсат беру туралы шешіміне осы Қағидамен айқындалған тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

7. Тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстарын ресімдеуі

36. Тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер (тендерге қатысушылар) ұсынатын тендерлік баға ұсыныстары мынадай түрде ресімделеді:

1) тендерлік баға ұсынысының нысаны басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюы және мөрмен бекітілуі (жеке тұлға үшін, егер мұндай болса) тиіс;

2) тендерлік баға ұсынысында әлеуетті өнім берушіге грамматикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірулер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс;

3) отандық әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстары теңгемен көрсетілуге тиіс.

37. Әлеуетті өнім беруші он және одан да көп лотқа қатысқан жағдайда, тендерлік баға ұсынысын үлгілік тендерлік құжаттамаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті өнім беруші тендерлік баға ұсынысын конвертке салып желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: "(тендертың атауын көрсету керек) сатып алу жөніндегі тендер" және "(тендерлік баға ұсыныстары ашылатын күн мен уақытты көрсету керек) дейін ашпаңыз".

Тендерге қатысушының біреуден артық тендерлік баға ұсынысын беруіне, сол сияқты тендерлік баға ұсынысын кері қайтарып алуына және (немесе) ұсынылған тендерлік баға ұсынысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

8. Тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын тендерлік комиссияның бағалауы мен салыстыруы және тендер жеңімпазын анықтау

38. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім өткенге дейін тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынған тендерге қатысушылар туралы мәліметтерді тендерлік комиссия тендерлік баға ұсыныстарын тіркеу журналына хронологиялық тәртіппен енгізеді.

Тендерлік комиссияның отырысында тендерлік комиссияның төрағасы не тендерлік комиссия мүшелерінің арасынан төраға айқындаған тұлға:

тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстары салынған конверттерді хронологиялық тіркелу тәртібімен ашады;

тендерлік баға ұсыныстарын ұсынған тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын хронологиялық тіркелу тәртібімен жариялайды;

тендерлік баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді тендерлік комиссияның хатшысына береді.



39. Тендерге қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері, қажет болған жағдайда, тендерлік баға ұсыныстары бар конверттердің мазмұнымен танысады.

40. Қажет болған кезде тендерге қатысушылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі тендерлік комиссия отырысына қатысады.

41. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімін жеңілдету үшін тендерлік комиссия әртүрлі валютада берілген тендерлік баға ұсыныстарының (тендерге қатысушылардың) барлық бағаларын Қазақстан Республикасының валютасына - тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы болатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгеге аударады.

42. Тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысушылардың осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды тендер тәсілімен жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түсетін тендерлік баға ұсыныстарын қабылдамайды;

2) егер оның бағасы демпингтік болып табылса, тендерге қатысушының тендерлік баға ұсынысын қабылдамайды;

3) ең төмен баға негізінде тендертың жеңімпазын айқындайды.

43. Тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және тендер жеңімпазын анықтау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, оның тендерлік комиссияның отырысына қатысқан мүшелерінің бәрі, сондай-ақ тендерлік комиссияның хатшысы қол қояды, әр парағын дәйектейді.

44. Сатып алуды ұйымдастырушы ол туралы мәліметтер тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген әлеуетті өнім берушінің жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оған тендер тәсілімен өткізілетін сатып алу нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде ұсынуға міндетті.

9. Тендерге қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

45. Сатып алуды ұйымдастырушы енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің тендерге қатысуға арналған өтінімін тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған (аталған жағдай тендерге қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды);

3) тендер тәсілімен мемлекеттік сатып алудың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған (аталған жағдай тендер жеңімпазы деп айқындалған тендерге қатысушыға қолданылмайды);

4) шарт күшіне енген және тендер жеңімпазы тендерлік құжаттамада көзделген мемлекеттік шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарып береді.

46. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алған не өзгерткен және (немесе) толықтырған;

2) тендерге қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші өзінің тендерлік баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс етпеген не кері қайтарып алған;

3) тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

4) тендер жеңімпазы шарт жасасып, тендерлік құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайларда қайтармайды.

10. Тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт

47. Тендер тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Заңның талаптарына сәйкес Жұмыстарды (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына тапсырыс беруші қол қояды және өнім берушіге жібереді.

Бұл ретте шарт бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ күнтізбелік он бес күннен аз болмауға тиіс.

48. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушіге қайтарады.

Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес

тұлғалар кірісіне төлеу фактісі белгіленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

49. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда шарт оны бір қаржы жылынан артық мерзімге жасасу туралы ережелерді қамтиды.

50. Шарт шартқа өзгерістер енгізу туралы жағдайларды қамтиды.

Отандық тауар өндірушілермен және отандық жұмыстарды орындаушылармен, қызметтерді көрсетушілермен шарт алдын ала ақы төлеу және тауарларды жеткізгені, жұмыстарды орындағаны, қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу шартын қамтуы тиіс. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

52. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Қағидаларда белгіленген мерзімде қол қойылған шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

53. Сатып алу жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және мұндай әлеуетті өнім берушіні сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;

2) мұндай әлеуетті өнім берушіні шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы, сондай-ақ шарт жасасудан жалтаруы арқылы келтірілген шығындарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
I-қосымша

## Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі

### сатып алу жөніндегі тендер (толық атауын көрсету керек)

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Беру шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес)	Тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Тендер тәсілімен сатып алу үшін бөлінген сома (Лот бойынша), теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		(Тауарлардың (жұмыстардың,							

	көрсетілетін қызметтердің) сипаттамалары техникалық ерекшеліктерінде көрсетілетін жағдайда бұл бағанда тауардың ( жұмыстың не көрсетілетін қызметтің ) қысқаша атауы және әрбір позиция бойынша техникалық ерекшеліктің нақты бөліміне сілтеме көрсетілді)							
--	--	--	--	--	--	--	--	--

\* Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаты мен сипаттамасы техникалық ерекшеліктерде көрсетіледі.

Ұйымдастырушы

Сатып алуға

басшысының лауазымы,

тапсырыс беруші

Т.А.Ә. (бар болса) және қолы

басшысының лауазымы,

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы

\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/

Күні \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

М.О.

М.О.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға

2-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігі (әрбір лотқа жеке беріледі)**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Техникалық ерекшелік сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте мұндай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Техникалық тапсырмада оларды әзірлеу туралы жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу және техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық және үкіметтік емес стандарттарына (олар болған кезде) сәйкес материалдар мен жабдықтарды есептеу және жобалау кезінде қолдану туралы талап көрсетілуге тиіс.

Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге арналған техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы функционалдық шектерді, техникалық сипаттамалардың параметрлерін, тауардың мақсатын және тауарды, көрсетілетін қызметті пайдалану шарттарын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуге тиіс.

Қажет болған кезде, техникалық ерекшелікте тауарларды жеткізу кезінде тапсырыс берушіге қажетті ілеспе қызметтер (монтаждау, баптау, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және т.б.) және олар қай жерде жүргізілуге тиіс екендігі, тауардың шығарылған жылы, кепілдік мерзімі көрсетіледі.

Қызмет көрсету сапасы осындай қызметтерді тікелей көрсететін қызметкердің біліктілігіне байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда, техникалық ерекшелікте қызметкерге қойылатын, оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті оның деңгейі мен кәсіптік даярлық бейінін, жұмыс өтілін айқындайтын талаптардың сипаттамасы беріледі.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
3-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа бөлек ұсынады)**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

№ лота	
Лоттың №	
Лоттың атауы	
Тауардың атауы (маркасын, моделін, түрін және/немесе тауар белгісін не қызмет көрсету белгісін және т.б. көрсете отырып)	
Шығарылған елі	
Дайындаушы зауыт	
Шығарылған жылы	
Кепілдік мерзімі (бар болса) (ай)	
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын сипаттау	
Тендерлік құжаттаманың (техникалық ерекшеліктің) талаптарына тауардың сәйкестігін растайтын өзге де мәліметтер.	

Техникалық ерекшелік ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын тауарларға мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
4-қосымша

**Сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшеліктері**

\_\_\_\_\_ сатып алу жөніндегі тендер.  
(толық атауын көрсету керек)

Техникалық ерекшелік қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қосқа алғанда, сатып алынатын жұмыстардың талап етілетін техникалық және сапалы сипаттамаларын толық сипатымен және ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын жұмыстарға мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын жұмыстардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асыру кезінде тендерлік құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте мұндай сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Сондай-ақ, осы техникалық ерекшелікте сатып алуды ұйымдастырушы құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың қысқаша сипатын, инфрақұрылым мен коммуникациялардың бар-жоғын, жергілікті ресурстардың сипатын, стандарттар мен техникалық нормативтер жүйесін береді және объектіні пайдалануға беруде қайшылықтарды болдырмайтын объектінің толық құрамын, аумақты инженерлік дайындауға, өндіріс технологиясы мен жабдықтауға, инженерлік қамтамасыз етуге, пайдаланылатын материалдар мен конструкцияларға, объектіні жарақтандыруға және т.б. талаптарды көрсетуге тиіс.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
5-қосымша

## **Тендерге қатысуға өтінім**

### **(заңды тұлғалар үшін)**

Кімге \_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Тендерге қатысуға үміткер заңды тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер

:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошта мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	

2. \_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы өтініммен (тендердің толық атауын көрсету қажет) тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (тауарларды) беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді – қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзу жоқ екенін растайды.

Сондай-ақ, осы арқылы әлеуетті өнім берушінің Қағидаларында көзделген (тауарды (тауарларды), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісімі де білдіріледі.

4. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушы мен тендерлік комиссияға өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, (жеткізілетін тауарды (тауарларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес ақпарат бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар екенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы тендерге қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап \_\_\_ күн ішінде қолданылады.

6. Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгіземіз (егер тендерлік құжаттамада шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер тендерлік құжаттамада аванс төлеу көзделген болса).

7. Сатып алу туралы шарт жасасу сәтіне дейін тендерге қатысуға осы өтінім Сіздің оны жеңді деп тану туралы хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін орындайтын болады.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/



(Әлеуетті өнім беруші заңды тұлғаның бірінші басшысының не оның орынбасарының лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

М.О.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
6-қосымша

### Тендерге қатысуға өтінім (жеке тұлға үшін)

Кімге \_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Тендерге қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә. (бар болса)	
Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат деректері	
Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның тіркелген мекенжайы	
Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның іс жүзіндегі тұрғылықты мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тендер нысанасына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның банктік деректемелері (ЖСН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның байланыс телефондары, пошта мекенжайы мен электрондық поштасының мекенжайы (бар болса)	

2. \_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) көрсетіледі) осы өтініммен тендер тәсілімен өткізілетін (тендердің толық атауы көрсету керек) сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және тендерлік құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (тауарларды) жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді - қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді бұзу жоқ екенін растайды.

Сондай-ақ, осы арқылы әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларында көзделген (тауарды (тауарларды), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) сатып алу туралы шартты бұзуға келісімін де білдіріледі.

4. Әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушы мен тендерлік комиссияға өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (берілетін тауарды (тауарларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді - қажеттісін көрсету керек) дұрыс емес ақпарат бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар екенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы тендерге қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер ашылған күннен бастап \_\_\_ күн ішінде қолданылады.

6. Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгіземіз (егер тендерлік құжаттамада шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер тендерлік құжаттамада аванс төлеу көзделген болса).

7. Сатып алу туралы шарт жасасу сәтіне дейін тендерге қатысуға осы өтінім Сіздің оны жеңді деп тану туралы хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін орындайтын болады.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/

(Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және оның қолы )

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
7-қосымша

**Біліктілігі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші жұмыстарды сатып алу кезінде толтырады)**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

2. Әлеуетті өнім беруші соңғы он бес жыл ішінде орындаған, тендерта сатып алынатындарға ұқсас (осындай) жұмыс көлемі, растайтын құжаттардың\* көшірмелері (болған жағдайда толтырылады) қоса беріледі.

Жұмыстың атауы	Жұмыс орындалатын жер (объектінің орналасқан жері)	Тапсырыс берушінің атауы	Жұмыс аяқталатын жыл, ай	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге
----------------	--	--------------------------	--------------------------	--	---------------------

3. Әлеуетті өнім беруші растайтын құжаттардың көшірмелерімен қоса, жұмыстарды орындау үшін қажетті, тендерлік құжаттамада көзделген жабдықтың (механизмдер, машиналар) не ұқсас (қосымша) жабдықтың (механизмдер, машиналар) бар екендігі туралы мәліметтерді көрсетеді\*\*.

P/c №	Жабдықтың (механизмдердің, машиналардың) атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттарды қоса беріңіз), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса беріледі)	Растайтын құжаттың атауы, күні мен нөмірі
-------	--	-----------------------------	-------------------------------	--	---

4. Растайтын құжаттардың көшірмелерімен қоса, еңбек ресурстары туралы мәліметтер\*\*.

P/c №	Жұмыскерлердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке куәлігінің көшірмесі қоса беріледі)	Лауазымы	Азаматтығы	Білімі туралы құжат бойынша біліктілігі (білімі туралы құжаттың көшірмесі қоса беріледі)
1				
2				
3				
...				

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескертпе:

\*егер тендердің нысанасы құрылыс болса, орындалған жұмыстар және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің көшірмесі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаты болып табылады;

егер тендердің нысанасы жұмыстың өзге түрі болса, орындалған жұмыстар актілерінің және шот-фактуралардың көшірмесі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаты болып табылады;

егер тендердің нысанасы жаңа құрылыс болып табылса, жаңа объектілерді салудағы жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі;

егер тендердің нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылса, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, объектілерді салудағы, бар объектілерді кеңейтудегі, жаңғыртудағы, техникалық қайта жасақтаудағы және реконструкциялаудағы жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

егер тендердің нысанасы күрделі жөндеу болып табылса, онда жаңа объектілерді салудағы, бар объектілерді кеңейтудегі, жаңғыртудағы, техникалық қайта жасақтаудағы және реконструкциялаудағы жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты және салалық тиесілілігі мен олардың техникалық және (немесе) технологиялық күрделілігі ескеріледі.

**\*\*Растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну тендерлік құжаттамада көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер тендерлік құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде талаптар көзделмесе, растайтын құжаттардың көшірмелері ұсынылмайды.**

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
8-қосымша

**Біліктілік туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады) .**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН / ЖСН / ССН / ТЕН

2. Растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде тендерде сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) көрсеткен қызметтерінің көлемі (болған жағдайда толтырылады).

Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызмет көрсету орны	Тапсырыс берушінің атауы	Қызмет көрсету жылы және айы (___ бастап ___ дейін)	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге
------------------------------	---------------------	--------------------------	---	--	---------------------

3. Әлеуетті өнім беруші растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтер көрсету үшін қажетті тендерлік құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірлік саны (дана)	Жағдайы (жаңа, жақсы, жаман)	Меншікті (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін)	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі
---	--------------------------------	------------------------------	------------------------------	---	--

4. Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, осы тендер (лот) бойынша қызметтер көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді.

п/п	Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке б а с ы н куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса берілсін)	Осы тендерде сатып алынатын қызметтерді көрсету саласындағы жұмыс өтілі	Біліктілігі туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың нөмірі мен берілген күнін көрсету, олардың көшірмелерін қоса беру)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы
-----	--	---	--	---

егер қызметкерлерге қойылатын талаптар және осындай қызметкерлердің болуы бойынша осы тендер (лот) бойынша техникалық ерекшелікте көрсетілген жағдайда толтырылады.

<input type="checkbox"/>	Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын
--------------------------	--

Ескертпе:

1. Шот-фактураның көшірмесі Салық кодексінің 397-бабында көзделген қызметтерді, сондай-ақ есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптары) арқылы жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетумен байланысты сатып алу туралы шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

2. Растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну тендерлік құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер тендерлік құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың көшірмелері берілмеуі мүмкін.

3. Материалдық ресурстарды жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының көшірмесі не алдын ала жалдау шартының көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауға тиіс.

4. Еңбек өтілі бойынша талап болған жағдайда, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің көшірмесі және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларда көзделген құжаттардың бірі қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Бұл ретте қызметкердің соңғы он жылдағы өтілі ескеріледі.

5. Материалдық ресурстарды қосалқы жалдау шартының көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді.

6. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде көрсетілетін қызметтің аяқталған жылы танылады.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
9-қосымша

### **Біліктілік туралы мәліметтер (тауарларды сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші (бірлесіп орындаушы) толтырады**

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

№ лота

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН / ЖСН / ССН / ТЕН \_\_\_\_\_

2. Растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім беруші соңғы он жыл ішінде жеткізген (өндiрген), тендерде сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) тауарлардың көлемі (болған жағдайда толтырылады).

Тауардың атауы	Алушының атауы	Тауарды жеткізу орны	Тауарды жеткізу күні	Растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың құны, теңге
Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын					

Ескертпе:

Сатып алынатын тауарлар нарығында тауарларды қабылдап алу актілерінің және шот-фактураларды көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып

табылады. 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі бар болса, жүкқұжаттар мен шот-фактуралардың көшірмелері де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылуы мүмкін.

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
10-қосымша

### **Банктік кепілдік**

Банктің атауы \_\_\_\_\_

(Банктің атауы және деректемелері)

Кімге \_\_\_\_\_

(Сатып алуды ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

№ \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттеме

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.

(орналасқан жері)

Біз бұл \_\_\_\_\_ туралы хабардар болдық

(Әлеуетті өнім берушінің атауы)

Бұдан әрі "Өнім беруші"

\_\_\_\_\_, ұйымдастырылған \_\_\_\_\_

(Сатып алуды ұйымдастырушының атауы) сатып алу бойынша тендерге қатысады

\_\_\_\_\_ және жеткізуге (жұмысты орындауға), қызметті

көрсетуге) \_\_\_\_\_ дайын.

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша тендер (лот/- тар) атауы Жоғарыда аталған тендерді өткізуде \_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " тендерлік құжаттамамен әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді банк кепілдігі түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз \_\_\_\_\_ осымен

(банктің атауы)

Сіздің талап етуіңіз бойынша Сізге соманы төлеудің

\_\_\_\_\_ тең

(сомасы санмен және жазумен)

қайтарып алынбайтын міндеттемесін, Сіздің жазбаша төлем талабыңызды, сондай-ақ Өнім берушінің жазбаша растауын алғаннан кейін өзімізге аламыз:

тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алды не өзгертті және (немесе) толықтырды;

тендерге қатысушы деп танылған, белгіленген мерзімде өзінің тендерлік баға ұсынысын ұсынбаған не кері қайтарып алған;

тендер жеңімпазы болып айқындалған, шарт жасасудан жалтарған;

шарт жасасып, тендерлік құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамады не уақтылы орындамады.

Осы кепілдік міндеттеме тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Өнім берушінің тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімінің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін қолданылады және егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз \_\_\_\_\_ соңына дейін алмасақ, бұл құжат бізге қайтарылатынына немесе қайтарылмайтынына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды. Егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда осы кепілдік міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы мен мөрі(бар болса) Күні мен мекенжайы

Үлгілік тендерлік құжаттамаға

11-қосымша

Тендерде сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері (тендердің толық атауын көрсету)

№р/с	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) бизнес сәйкестендіру нөмірі, оның толық заңды және пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің атауы	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) акшалай мәндегі көлемі	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі
	Барлығы осы қосалқы мердігер (қоса орындаушы) бойынша		теңге		көлем %



Барлығы осы қосалқы мердігер (қоса орындаушы) бойынша		теңге	көлем %
Барлық қосалқы мердігер (қоса орындаушы) бойынша жиыны		теңге	көлем %

Осымен тендерге қатысуға өтінім беретін (тендердің толық атауын көрсету) әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігері (лері) (бірлесіп орындаушысы (лары) тендер тәсілімен сатып алуға қатысу шарттары туралы өзінің хабардарлығын білдіреді (тендердің толық атауын көрсету) және әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлесіп орындаушыларына) қатысты бөлігінде тендерлік құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін өзіне жауапкершілік алады.

Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы
--	--	------

Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспайды.

Осы талап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес операторлар айқындаған заңды тұлғалармен Қағидалардың 287-тармағының 5) тармақшасында көзделген сатып алу туралы шарттар жасасу жағдайларына қолданылмайды.

Бұл ретте қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруге тыйым салынады.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
12-қосымша

## Әлеуетті өнім берушінің баға кестесі

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(лоттың нөмірін көрсете отырып, әрбір лотқа жеке толтырылады)

№р/с	Мазмұны	Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы
1	Қысқаша сипаттамасы	
2	Шыққан елі (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу алып тасталсын)	
	Дайындаушы зауыт (жұмыстарды және	

3	көрсетілетін қызметтерді сатып алу алып тасталсын)	
4	Өлшем бірлігі	
5	_____ бірлігі үшін баға _____ шарттарында ИНКОТЕРМС 2000 (межелі пункті)	
6	Саны (көлемі)	
7	Жалпы құны = 5 бет, 6 бет, және _____ қоса алғанда барлық шығындар әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, салықтарды (ҚҚС-сыз), төлемдер мен алымдар, құны, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектер, ішінде қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарды қоса алғанда, басқа да шығыстар	

Біз тендерлік құжаттамада айтылған сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз.

\_\_\_\_\_  
(Қолы) (Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)  
М.О.

Ескертпе: тендерлік комиссия "барлық баға" жолын әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып, айқындалған ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.

Үлгілік тендерлік құжаттамаға  
13-қосымша

### Әлеуетті өнім берушінің баға кестесі

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

		Мазмұны					
							Барлығы баға = 7-жол x 8-жол, әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік

№ лота	Тауардың, жұмыстың көрсетілетін қызметтің атауы	Қысқаша сипаттама	Шыққан елі (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алып тасталсын)	Дайындаушы зауыт (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алып тасталсын)	Өлшем бірлігі	бірлігі үшін баға шарттарында ИНКОТЕРМС 2000 (межелі пункті)	Саны (көлемі)	баждарды, салықтарды (ҚҚС-сыз), төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарын, жиынтықтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектердің, қызмет көрсету құнын қосалғанда
--------	---	-------------------	--	--	---------------	--	---------------	--

Біз тендерлік құжаттамада айтылған сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (колы) (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны (бар болса)

Ескертпе: тендерлік комиссия "барлық баға" жолын әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
 Ұлттық әл-ауқат қорының  
 ұйымдарын қоспағанда,  
 квазимемлекеттік сектордың  
 жекелеген субъектілерінің сатып  
 алуын жүзеге асыру  
 қағидаларына  
 34-қосымша

### Әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізу туралы өтініш

Сатып алу бойынша тендер \_\_\_\_\_

(толық атауын көрсету)

Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/ \_\_\_\_\_

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы, байланыс телефондары \_\_\_\_\_

Осымен тендерге шақырылатын әлеуетті өнім берушілердің тізіміне енгізу үшін өтініш білдіреміз, сондай-ақ "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабында белгіленген біліктілік талаптар мен шектеулерінің сәйкес екенімізді растайтын мәліметтерді алуға келісім береміз.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
35-қосымша

Әлеуетті өнім берушілердің өтінішхатын қабылдамау туралы  
хабарлама \_\_\_\_\_ сатып алудың тапсырыс берушісі немесе  
ұйымдастырушысы (толық атауын көрсету)

P/c №	Өнім берушінің атауы	БСН/ЖСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)	Қабылдамау себептері	Қабылдамау себептерінің негіздемесі
-------	----------------------	--	----------------------	-------------------------------------

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
36-қосымша

### Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның нысаны

\_\_\_\_\_ (сатып алуды ұйымдастырушының атауы, пошталық және электрондық мекенжайлары)

Мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді):

\_\_\_\_\_ сатып алу бойынша тендер өткізу туралы хабарлайды

(жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауы)

Тауар жеткізіледі (жұмыстар орындалады / қызметтер көрсетіледі):

\_\_\_\_\_

(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны және олардың көлемі көрсетіледі)

(сатып алуды ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық тізбесі, олардың саны мен егжей-тегжейлі ерекшелігі

тендерлік құжаттамада көрсетілгеніне сілтеме жасауға құқылы).

Талап етілетін тауарды жеткізу (жұмыстарды орындау/ қызметтерді көрсету) мерзімі \_\_\_\_\_

Тендерге Қағидалардың тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі

Тендерлік құжаттама көшірмелерінің пакетін

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қоса алғанда дейінгі мерзімде

(ашу уақыты мен күнін тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын көрсету)

мына: \_\_\_\_\_, № \_\_\_\_ бөлме мекенжайы бойынша \_\_\_\_\_ сағатқа дейін

әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамаға ақы төлеу туралы құжатты

(егер тендерлік құжаттамада осындай көзделген жағдайда) ұсынғаннан

кейін және/немесе \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша электрондық пошта арқылы алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесі пакетінің құны

\_\_\_\_\_ теңге және \_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының тиісті шотын көрсету)

шотқа енгізіледі.

(егер төлем көзделмеген болса, осы абзац алынып тасталады).

Конвертке салынған тендерге қатысуға арналған тендерлік өтінімдерді

әлеуетті өнім берушілер \_\_\_\_\_

— (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

мына мекенжай бойынша: \_\_\_\_\_ ұсынады (жібереді).

(толық мекенжайын көрсету, бөлме №)

Тендерге қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі-

\_\_\_\_\_ . дейін

(уақытын және күнін көрсету)

Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттер

\_\_\_\_\_ (уақытын және күнін көрсету)

мына мекенжай бойынша: \_\_\_\_\_ ашылады.

(толық мекенжайын көрсету, бөлме №)

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:

\_\_\_\_\_.

(қала кодын және телефон нөмірін көрсету)

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды  
ұйымдастырушының уәкілетті өкілі \_\_\_\_\_

...

(Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы және байланыс телефоны көрсетіледі)

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
37-қосымша

### **Тендерлік құжаттаманы түсіндіру бойынша әлеуетті жеткізушілермен кездесу хаттамасы**

\_\_\_\_\_

(Тендердің атауы)

\_\_\_\_\_

(Кездесу өтетін орын)

\_\_\_\_\_

(Уақыты мен күні)

1. Сатып алуды ұйымдастырушының атынан өкілдік ететін тұлғалар:

\_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушілермен кездесуде Т.А.Ә, (бар болған жағдайда), байланыс  
телефондарын көрсете отырып, сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі,  
сатып

алуды ұйымдастырушының өзге де мамандары және сатып алуды  
ұйымдастырушының  
атынан өкілдік ететін тартылған сарапшылар) келесі тұлғаларға тендерлік  
құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша кездесу өткізілді

\_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушымен кездесуге қатысқан әлеуетті өнім берушілердің  
уәкілетті өкілдері туралы Т.А.Ә, (бар болса), сондай-ақ мұндай адамның өкілеттігін  
растайтын құжатты көрсете отырып, тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру  
бойынша сатып алуды ұйымдастырушымен кездесуде әлеуетті өнім берушіні  
білдіру)

2. Кездесуде әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру  
бойынша сұрақтар қойды:

\_\_\_\_\_.

(сұрақтар қандай ережелер бойынша қойылды)

3. Сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілдері қойылған сұрақтарға мынадай жауаптар берді: \_\_\_\_\_.

(Т.А.Ә, (бар болған жағдайда), байланыс телефондарын көрсете отырып,

Ұйымдастырушының қатысқан өкілдерінің қайсысы сатып алу туралы жауаптарды бергенін көрсету)

4. Сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері тендерлік құжаттаманы түсіндіру бойынша кездесу нәтижесінде шешім қабылдады:

1) өзгертуді (толықтыруды) талап ететін тендерлік құжаттаманы тану (қабылдау)

\_\_\_\_\_ (тендерлік құжаттаманың қандай ережесін өзгерту (толықтыру) қажет екенін көрсету);

2) тендерлік құжаттамаға өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттілігінің жоқтығын тану

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә, (бар болса), сондай-ақ тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша

сатып алуды ұйымдастырушымен кездесуде әлеуетті өнім берушіні білдіруге мұндай

адамның өкілеттігін растайтын құжатты көрсете отырып, сатып алуды ұйымдастырушымен кездесуге қатысқан әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдерінің қолдары).

\_\_\_\_\_ (ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, сатып алуды ұйымдастырушының өзге де мамандарының және әлеуетті өнім берушілермен кездесуде сатып алуды

ұйымдастырушыны білдіретін тартылған сарапшылардың Т.А.Ә. (бар болса) көрсете

отырып, олардың қолдары).

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
38-қосымша

**Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы**

\_\_\_\_\_ (тендердің атауы)

(Ашатын орын)

(Уақыты мен күні)

1. Тендерлік комиссия құрамы: \_\_\_\_\_

(төрағаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, оның тендерлік комиссияның орынбасары, мүшелері, күні, уақыты және тендерге қатысуға өтінімдерді ашу орны) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүргізді.

2. Тендерлік құжаттаманың көшірмесі мынадай әлеуетті өнім берушілерге ұсынылды:

\_\_\_\_\_. тендерлік құжаттаманың көшірмесі берілген барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы)

3. Мынадай әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға

өтінімдері \_\_\_\_\_

(тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы көрсетіледі). \_\_\_\_\_ негізінде ашылмай қайтарылды.

4. Тендерге қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін оларды белгіленген

мерзімде ұсынған мынадай әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдері:

\_\_\_\_\_ (тендерлік өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік өтінімдер ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы, тендерге қатысуға өтінімді ұсыну уақыты тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен) ашылды және олар мыналарды қамтиды:

\_\_\_\_\_ тендерге қатысуға өтінімдерді ашу кезінде барлық қатысушыларға жарияланған, өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесі, тендерге қатысуға өтінімдерді кері қайтарып

алу және өзгерту туралы ақпарат, тендерлік өтінім құжаттары парақтарының саны көрсетіледі) .

5. Тендерлік өтінімдерді ашу кезінде мынадай әлеуетті өнім берушілер қатысты:

\_\_\_\_\_ тендерге қатысуға өтінімдерді ашу кезінде қатысқан барлық әлеуетті өнім берушілердің

атауы, мекенжайы (олардың уәкілетті өкілдерінің Т.А.Ә. (бар болса)).

Тендерлік комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының Т.А.Ә., (бар болса), қолдары.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың



жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
39-қосымша

## Тендерге қатысуға рұқсат алудың алдын ала хаттамасы

Тендердің № \_\_\_\_\_

Тендердің атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Тендерлік комиссияның құрамы:

№р/с	Ф.И.О (при его наличии)	Должность в организации	Роль в комиссии
------	-------------------------	-------------------------	-----------------

Тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдер туралы ақпарат:

№ р/с	Өнім берушінің атауы	Деректемелері	Өтінімді ұсыну күні мен уақыты
-------	----------------------	---------------	--------------------------------

Тендерлік комиссия мүшелерінің алдын ала дауыс беру нәтижелері:

№р/с	Өлеуетті өнім берушінің атауы (өлеуетті өнім берушілердің тізбесі)	Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы, комиссиядағы рөлі	Комиссия мүшесінің шешімі	№ л о т бойынша тендерлік құжаттаманың талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес келмеу толық сипаттамасы	№ л о т бойынша ауытқу себептерінің негіздемесі	Өлеуетті өнім берушінің өтініміндегі біліктілік талаптарына және №лот бойынша тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру қажет құжаттардың тізбесі
------	--	---	---------------------------	---	---	--

Тендерге қатысуға қабылданбаған өтінімдер:

№р/с	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН)/ ССН / ТЕН	Ауытқу себебі
------	----------------------	----------------------	---------------

Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін тендерге қатысуға өтінімдер:

№р/с	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН
------	----------------------	-----------------------

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау нәтижелері бойынша ШЕШТІ:

№р/с	Өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / ССН / ТЕН	Деректемелері	Тендерлік комиссияның шешімі
------	----------------------	-----------------------	---------------	------------------------------

Өлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттаманың біліктілік талаптары мен талаптарына сәйкес келтірген тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күні мен

уақыты: алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде 7 жұмыс күні.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
40-қосымша

## Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттама

Сатып алу бойынша тендер \_\_\_\_\_  
(тендердің атауы)

\_\_\_\_\_ (Орналасқан жері) \_\_\_\_\_ (Уақыты мен күні)

1. Тендерлік комиссия құрамында:

\_\_\_\_\_ (тендерлік комиссияның құрамын көрсету)

Сатып алу бойынша тендерге қатысуға өтінімдерді  
қарадым \_\_\_\_\_

—  
2. Тендерге қатысуға өтінімде ұсынылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігі бойынша сарапшыларды тарту, олар

ұсынған қорытындылар туралы ақпарат.

3. Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін оларды белгіленген мерзімде ұсынған мынадай әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға

өтінімдері: \_\_\_\_\_

—  
(журналға сәйкес хронологиялық тәртіппен тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу барлық әлеуетті өнім берушілердің атауы, мекенжайы көрсетіледі, тендерлік өтінімдерді ұсынған тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі, ұсыну уақыты тендерге қатысуға өтінімдер, құжаттардың тізбесі өтінімде қандай да бір құжаттың жоқтығы туралы ақпарат, тендерлік құжаттамада көзделген тендерге қатысуға өтінімдерді кері

қайтарып алу мен өзгерту және басқа да ақпарат) тендерлік комиссия отырысына қатысушылардың барлығына жария етілді.

4. Тендерге қатысуға келесі тендерлік өтінімдер тендерге қатысуға қабылданбады:

\_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушілер (оның деректемелері) көрсетіледі, себептерін көрсете отырып,

бас тартылған тендерлік өтінімдер: біліктілік талаптарына сәйкес келмейді; тендерлік

құжаттама талаптарына сәйкес келмейді, "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының талаптары бұзылған).

5. Біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттаманың өзге де талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілердің тендерлік өтінімдері

---

(әрбір лот бойынша жеке барлық өнім берушілердің тізбесі көрсетіледі).

6. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы онда әрбір лот бойынша тендерге қатысушылар көрсетілген жағдайда ресімдеуге жол беріледі. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру

жолымен шешті:

1. Тендерге қатысуға мынадай әлеуетті өнім берушілерді жіберу:

---

(тендерге қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін көрсету).

2. Тендерге қатысуға мынадай әлеуетті өнім берушілерге жол бермеу:

---

(тендерге қатысуға жіберілмеген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін көрсету).

3. Тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді қабылдау күнін, уақытын және орнын

\_\_\_\_\_ тағайындау

4. Тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі тендерлік комиссияның отырысын \_\_\_\_\_

тағайындау

(тендерлік баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша тендерлік комиссия отырысының күнін, уақытын, орнын көрсету, бірақ мүдделі тұлғаларға хабарландырылғаннан кейін үш жұмыс күнінен ерте емес).

5. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға рұқсат беру туралы осы хаттаманың көшірмесін ұсынсын (жолдасын)

---

(мәліметтері тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген әлеуетті өнім

берушілерді көрсету)

Бұл шешім үшін дауыс берді:

"Жақтап" - дауыс (тендерлік комиссия мүшелерінің Т.А.Ә, (бар болған жағдайда) ;  
"Қарсы" - \_\_\_\_\_ (тендерлік комиссия мүшелерінің Т.А.Ә, (бар болған жағдайда)).

Тендерлік комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің және хатшысының қолдары.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
41-қосымша

**Сатып алу бойынша тендер тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ (тендердің атауы)

\_\_\_\_\_ (орналасқан жері) (уақыты мен күні)

1. Тендерлік комиссия құрамында: \_\_\_\_\_

(тендерлік комиссияның құрамын көрсету)

тендер \_\_\_\_\_

(екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып) сатып алу бойынша \_\_\_\_\_

(сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қысқаша сипаттау)

2. Сатып алу үшін бөлінген сома (соманы көрсету) теңгемен әрбір лот бойынша жеке: \_\_\_\_\_ (соманы көрсету)

3. Тендерге қатысуға келесі өтінімдер жіберілді:

\_\_\_\_\_ (тендерге рұқсат беру туралы хаттамаға сәйкес жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін көрсету)

4. Әлеуетті өнім берушілердің тендерлік баға ұсыныстары бар конверттері

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушілердің атаулары көрсетіледі)

баға ұсыныстары оларды тіркеу үшін соңғы уақыт өткеннен кейін оларды ұсынылуына

байланысты бағалауға және салыстыруға қабылданбаған.

5. Тендерлік баға ұсыныстарын тендерлік комиссия отырысына қатысуға тіркеу үшін

соңғы уақыт өткенге дейін ұсынған тендерге қатысушылардың тендерлік баға

ұсыныстары: \_\_\_\_\_

(тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу журналына сәйкес хронологиялық

тәртіппен тендерге қатысушылардың не олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі) ашылды және олар мыналарды қамтиды:

\_\_\_\_\_.

(тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді ашу кезінде

барлық қатысушылар жария еткен тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді тіркеу

журналында оларды тіркеудің хронологиялық тәртібінде тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстары көрсетіледі) 6. Екінші жеңімпаздың атауы, орналасқан жері

және бағасы

(әрбір лот бойынша: \_\_\_\_\_)

7. Тендерлік баға ұсыныстары қабылданбады:

\_\_\_\_\_.

(тендерлік баға ұсыныстары: тендерлік баға ұсынысының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кету; демпингтік болып табылатын тендерлік баға ұсынысы себептерін көрсете отырып, тендерге қатысушылардың не олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)

8. Тендерлік комиссия бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша ашық дауыс беру

арқылы шешім қабылдады:

1) тендерге қатысушының тендерлік өтінімі ұтып алған деп танылсын

\_\_\_\_\_.

(тендерге қатысушының атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ ол жеңімпаз деп танылған шарттар көрсетілсін) немесе тендерді өтпеді деп тану \_\_\_\_\_

—

(тендердің атауы); (егер тендерлік баға ұсыныстарын қарау, бағалау және салыстыру

кезінде тендерге қатысушылар тендердің жеңімпазы немесе барлық тендерлер анықталған жоқ баға ұсыныстары қабылданбады, тиісті себепін көрсету)

2) Тапсырыс берушіге (тапсырыс берушілерге) \_\_\_\_\_

(атауын және орналасқан жерін анамалау әр тапсырыс берушінің)

\_\_\_\_\_ жылға дейінгі мерзімде шарт жасасу.

(тендер жеңімпазының атауын көрсету)

3) Сатып алуды ұйымдастырушы:

---

(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

Бұл шешім үшін дауыс берді:

(Тендерлік комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

комиссия

Иә - \_\_\_\_\_ дауыс (тендерлік комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

Қарсы - \_\_\_\_\_ дауыс (тендерлік комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) комиссия

Тендерлік комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының қолдары

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
42-қосымша

**Қорытындылар туралы хаттама**

**бір көзден алу тәсілімен сатып алу**

---

**(сатып алу атауы)**

---

(орналасқан жері) (уақыты мен күні)

1. Сатып алуды ұйымдастырушы \_\_\_\_\_

(атауы, мекенжайы) сатып алуды бір көзден алу тәсілімен өткізді

---

— (сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қысқаша сипаттау)

2. Сатып алу үшін бөлінген сома (сомасы көрсетілсін) теңге.

3. Осы әдісті қолданудың негіздемелері \_\_\_\_\_

---

Тапсырыс берушінің бір көзден сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімін қоса беру, бұйрықтың нөмірі, күні)

4. Өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі

---

("Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы")

Қазақстан Республикасының Заңы және Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкестігі

не сәйкес еместігі көрсетіледі)

5. Шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері, және мұндай шарттың

бағасы: \_\_\_\_\_

6. Сарапшыларды, олар ұсынған қорытындыларды тарту туралы ақпарат.

7. Осы бір көзден сатып алу нәтижелері бойынша сатып алуды ұйымдастырушы шешті:

1) өнім берушіден тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу

\_\_\_\_\_ (өнім берушінің атауы мен орналасқан жерін көрсету)

немесе бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану

\_\_\_\_\_;

(тиісті себебін көрсету)

2) Тапсырыс берушіге (тапсырыс берушілерге)

\_\_\_\_\_ (әрбір тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан жерін атау)

\_\_\_\_\_ жылға дейінгі мерзімде шарт жасасу

\_\_\_\_\_ (Өнім берушінің атауын көрсету)

3) Сатып алуды ұйымдастырушы \_\_\_\_\_

(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

Сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің қолдары және бірінші басшыны

не аппарат басшысын немесе оның міндетін атқарушы адамды хабардар етеді.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квзимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
43-қосымша

**Тауарларды сатып алу туралы үлгілік шарт**

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ ж.  
(Орналасқан жері)

\_\_\_\_\_, деп аталатын

(Тапсырыс берушінің толық атауы)

Бұдан әрі тапсырыс беруші, \_\_\_\_\_,

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бір тараптан және \_\_\_\_\_

(Өнім берушінің – тендер жеңімпазының толық атауы)

атынан, бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын,

\_\_\_\_\_,  
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін,

(Жарғының, Ереженің және т. б.)

екінші тараптан, "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңның негізінде (тендердің, бір көздің тәсілімен баға ұсыныстарының) \_\_\_\_\_ өткен

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы осы сатып алу туралы шарт ( бұдан әрі – шарт) жасасты

және төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге мөлшердегі сомаға (соманы цифрмен және жазбаша көрсету) тауарларды/қызметтерді (бұдан әрі – шарттың бағасы) жеткізуге міндеттенеді.

2. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

1) "шарт" – жазбаша нысанда бекітілген, барлық қосымшалары мен толықтыруларын қоса тараптар қол қойған, сондай-ақ шартта сілтемелері бар барлық құжаттарын қоса Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық акті;

2) "шарттың бағасы" – Тапсырыс берушінің Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін Шарт шеңберінде төлейтін бағасын білдіреді;

3) "тауарлар" – заттарды (заттарды), оның ішінде жартылай фабрикаттарды немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізатты, электр және жылу энергиясын, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтарды білдіреді;

4) "жанама қызметтер" – осы шартпен көзделген, Тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау мен сақтандыруды және өзге де көмекші қызметтерді, мысалы, құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осы тектес Өнім берушінің міндеттерін қоса алғандағы қызметтерді білдіреді;

5) "Тапсырыс беруші" – кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы



ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;

б) "Өнім беруші" – Тапсырыс берушімен жасалған шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелігі;
- 4) шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидаларда белгіленген жағдайларда және мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

- 1) Тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны қамтиды;
- 2) банк кепілдігі;

5. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Қағидаларда көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

6. Бір қаржы жылынан астам мерзімге шартты дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) беруге негіз болатын тауарларды сатып алған жағдайда жасасуы мүмкін (осындай фактіні растайтын дайындаушының анықтамасы қатысуға тиіс).

Бұл ретте, жоғарыда көзделген жағдайларда қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын осындай шарттарды бәсекелестік негізде өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

7. Тапсырыс берушілер іс-шараларды орындау үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шартты басқару органы немесе аталған тұлғалардың жоғары органы бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқтау мерзімімен жасаса алады.

8. Жылдық қаржылық есептіліктің аудиті бойынша сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Өнім беруші тауарды осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өнім берушінің тендерлік өтініміне және Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасына сәйкес сан мен сапада сатуға және жеткізуге, ал Тапсырыс беруші қабылдауға және төлеуге міндеттенеді. Төлем түрі

---

(аудару, қолма-қол есеп айырысу және т. б.)

10. Төлем мерзімдері \_\_\_\_\_

(мысал: % тауарды межелі пунктке қабылдағаннан кейін немесе алдын ала төлем немесе т. б.)

11. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

---

(шот-фактура немесе қабылдап алу-беру актісі немесе т. б.)

Шарт Қағидаларда көзделген жағдайларда шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілген шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер және (немесе) Қағидаларында көзделмеген негіздер бойынша өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

12. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

13. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты ешкімге ашпайды. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.

14. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

15. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері, егер бұл техникалық ерекшелікте айтылған болса, тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оларға техникалық бақылау және/немесе сынақтар жүргізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығындарын жеткізуші көтереді. Техникалық ерекшелікте Тапсырыс берушіге қандай түрдегі тексерулер мен сынақтар талап етілетіні, сондай-ақ олар қай жерде жүргізілуге тиіс екені көрсетіледі. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттарға арналған өз өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етеді.

16. Техникалық бақылау мен сынақтар өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігерінің (лерінің) аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе түпкі межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігерінің (лерінің) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

17. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар техникалық ерекшелікке жауап бермесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және өнім беруші ақаулы тауарды не алмастырады, не Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

18. Жоғарыда көрсетілгеннің бірде-бір тармағы Өнім берушіні осы Шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

19. Өнім беруші тауарлардың түпкілікті межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың зақымдануынан немесе бүлінуінен алдын алуға қабілетті қаптамасын қамтамасыз етеді. Қаптама қандай да бір шектеусіз қарқынды Көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуі тиіс. Буып-түйілген жәшіктердің габариттерін және олардың салмағын айқындау кезінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуын ескеру қажет.

20. Жәшіктерді буып-түю және таңбалау, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама Тапсырыс беруші айқындаған арнайы талаптарға қатаң сәйкес келуі тиіс.

21. Тауарларды жеткізуді өнім беруші сатып алынатын тауарлар тізбесінде былайша айтылған Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін Тауарлар үшін:

тауарды тиегеннен кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіні және сақтандыру компаниясын телекс немесе факс арқылы шарт нөмірін, тауарлардың сипаттамасын, санын, кемені, коносамент нөмірін және оның күнін, портты және жөнелту күнін, түсіру портын және т. б. қоса алғанда, тасымалдаудың барлық бөлшектері туралы хабардар етеді.:

1) тауарларды сипаттай отырып, тауар бірлігінің санын, бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, өнім берушінің шот-фактурасының көшірмелері;

2) көлік жүкқұжаттарының түпнұсқасы және 3 көшірмесі;

3) әрбір қаптаманың мазмұны көрсетілген қаптама парағының көшірмесі;

4) сақтандыру сертификаты;

5) өндірушінің немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

б) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізу туралы куәлік, сондай-ақ өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізу туралы есеп (егер мұндай жағдай орын алса);

7) тауардың шығу тегі туралы сертификат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды Тапсырыс беруші тауарлар портқа немесе жеткізу пунктіне келгенге дейін кемінде бір апта бұрын алуға тиіс және оларды алмаған жағдайда Өнім беруші осыған байланысты барлық шығыстар үшін жауапты болады;

б) жергілікті Тауарлар үшін:

1) тауарларды сипаттай отырып, тауарлардың санын, тауарлар бірлігінің бағасын және жалпы соманы көрсете отырып, өнім берушінің шот-фактурасының көшірмелері;

2) көлік жүкқұжаты, темір жол түбіртегі немесе автогруз түбіртегі;

3) өндірушінің немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

4) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізу туралы куәлік, сондай-ақ өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізу туралы есеп (егер мұндай жағдай орын алса);

5) тауардың шығарылуы туралы сертификат.

22. Шартқа сәйкес жеткізілетін тауарлар оларды дайындауға, сатып алуға, тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге байланысты бүлінуден немесе зақымданудан теңгемен (немесе еркін айырбасталатын валютамен) толық сақтандырылуға тиіс (сақтандырудың қажетті түрін көрсету). Сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші Өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталады.

23. Сақтандыру әскери іс-әрекеттер мен ереуілдерге байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, "барлық тәуекелдерден" сақтандыру кезінде "қоймадан қоймаға дейін" келісімшарт сомасының 110% мөлшерінде болуы керек.

24. Өнім беруші тауарларды межелі жеріне дейін жеткізеді. Бұл тауарларды межелі пунктке дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар шарттың бағасына енгізіледі.

25. Осы Шарт шеңберінде Өнім беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген қызметтерді ұсынады.

26. Ілеспе қызметтердің бағасы шарттың бағасына енгізілуі тиіс.

27. Тапсырыс беруші Өнім берушіден өнім беруші дайындайтын немесе өткізетін қосалқы бөлшектер туралы мынадай ақпаратты, атап айтқанда Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін таңдай алатын және кепілдік мерзімі өткеннен кейін оларды пайдалана алатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын ұсынуды талап ете алады.

28. Қосалқы бөлшектер өндірісі тоқтатылған жағдайда Өнім беруші:

а) Тапсырыс берушіге қажетті мөлшерде қажетті сатып алуды жүргізуге мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы тоқтауы туралы алдын ала хабарлайды;

б) қажет болған жағдайда өндіріс тоқтатылғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге жоспарларды, сызбаларды және техникалық құжаттаманы тегін береді.

29. Егер шартта өзгеше көзделмесе, өнім беруші шарт шеңберінде жеткізілген тауарлардың жаңа, пайдаланылмаған, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін ең жаңа не сериялық модельдер болып табылатынына кепілдік береді. Өнім беруші бұдан әрі осы Шарт бойынша жеткізілген тауарлардың Тапсырыс берушінің елі үшін әдеттегі жағдайларда жеткізілген тауарларды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді. Тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте өнім беруші дайындаған конструкцияларда, материалдарда ақаулар пайда болған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің (Тапсырыс берушінің) техникалық ерекшелігіндегі олқылықтары үшін жауапты болмайды.

30. Бұл кепілдік жарамды \_\_\_\_\_

(талап етілетін кепілдік мерзімін көрсету)

Тауарлардың барлық партиясы немесе оның бір бөлігі нақты жағдайға байланысты жеткізілгеннен кейін және оларды Шартта көрсетілген соңғы межелі пунктте қабылдағаннан кейін.

31. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

32. Осындай хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші ақаулы тауарды немесе оның бір бөлігін Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз жөндеуді немесе ауыстыруды мүмкіндігінше тезірек жүргізеді.

33. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, Тапсырыс беруші талап ететін мерзімдерде ақауды(лерді) түзетпесе, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің өнім берушіге қатысты шарт бойынша иелене алатын басқа құқықтарына қандай да бір залалсыз ақауларды түзету жөніндегі қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

34. Өнім берушіге жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу осы шарттың \_\_\_\_\_ және \_\_ тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізілетін болады.

35. Тапсырыс беруші Шартта көрсеткен бағалар өнім беруші өзінің тендерлік өтінімінде көрсеткен бағаларға сәйкес келуге тиіс.

36. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарт құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеп-жөнелту, буып-түю әдісі, жеткізу орны және т.б.) жол берілмейді.

37. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін беру үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал

Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің осы баптың шеңберінде түзету жүргізуге барлық сұрау салулары өнім беруші тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.

38. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да бермейді.

39. Егер бұл тендерлік өтінімнің құжаттарында айтылған болса, өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынады. Қосалқы мердігерлердің болуы өнім берушіні Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

40. Тауарларды жеткізуді өнім беруші кестеге сәйкес жүзеге асырады.

41. Өнім беруші тарапынан жеткізілімді орындауды кешіктіру оған жүктелетін мынадай санкцияларға: шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қала отырып, Тапсырыс берушінің Шартты бұзуына не уақтылы жеткізбегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге әкеп соғуы мүмкін.

42. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер Өнім беруші тауарларды Шартта көзделген мерзімдерде жеткізе алмаса, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, өнім беруші мерзімі өткен әрбір күн үшін орындамаған міндеттеме жағдайында шарт сомасының 0,1 (нөл бүтін бір) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1 (нөл бүтін бір) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады.

43. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы шартты немесе ішінара бұза алады:

а) егер Өнім беруші шартта көзделген мерзімде(мерзімде) немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауарлардың бір бөлігін немесе барлығын жеткізе алмаса;

б) егер Өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса.

44. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, өнім беруші өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуға жауапты болмайды.

45. Осы шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Өнім беруші тарапынан бақылауға бағынбайтын, өнім берушінің жаңсақтығына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей зілзалалар, індет, карантин және тауарларды жеткізуге эмбарго сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

46. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық мән-жайларға байланысты емес шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

47. Егер өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта бұза алады. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер Шартты бұзу зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

48. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне енген күні айтылады.

49. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

50. Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен жағдайда, шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін. Өнім берушінің осы негіздер бойынша Шартты бұзуға байланысты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқығы жоқ.

51. Тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

52. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

53. Отандық тауар өндірушілермен немесе отандық көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен шарт жасалған жағдайда, шартта алдын ала ақы төлеу және тауарларды бергені не қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу туралы талап қамтылады. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

54. Шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден

заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтиды.

55. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен шарт жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынатын нысанда шартты ресімдеуге жол беріледі.

56. Шарт қазақ және / немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау қажет болған жағдайда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Тараптар алмасатын шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

57. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

58. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс, электрондық пошта арқылы немесе факс түрінде жіберіледі.

59. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болатынына байланысты күшіне енеді.

60. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

61. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

62. Өнім беруші тендерлік өтінімге (ол болған жағдайда) сәйкес жергілікті қамтуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

63. Өнім беруші жеткізілетін тауардың барлық партиясына (партияларына) СТ-KZ нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсынуға міндеттенеді.

64. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен өнім беруші белгіленген тәртіппен келіскен өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

65. Осы Шарт Қағидаларда көрсетілген жағдайларда өнім беруші шартқа қол қойғаннан кейін және оны орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді

66. Тараптардың мекенжайлары мен деректері:

Тапсырыс беруші

---

(толық атауы)

---

(мекенжайы)

---

(телефон, факс)



\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса))

\_\_\_\_\_

(қолы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Г.

МО. Тапсырыс беруші

(толық атауы)

\_\_\_\_\_

(мекенжайы)

\_\_\_\_\_

(телефон, факс)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (бар болса))

\_\_\_\_\_

(қолы)

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ Г.

МО.

Қол қойылған күні

Осы тауарларды сатып алу туралы үлгілік шарт Тапсырыс берушінің тауарларды сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Тапсырыс беруші осы Шартты пайдалана отырып, сатып алу қорытындылары негізінде өзінің тауарларды сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын әзірлейді. Бұл ретте осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу туралы заңнамаға, Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасына, Өнім берушінің тендерлік өтініміне және тендер қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуге тиіс. Осы Шартта курсивпен бөлінген түсіндірмелерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Ұлттық әл-ауқат қорын және  
Ұлттық әл-ауқат қорының  
ұйымдарын қоспағанда,  
квазимемлекеттік сектордың  
жекелеген субъектілерінің сатып  
алуын жүзеге асыру  
қағидаларына  
44-қосымша

**Жұмыстарды сатып алу туралы үлгілік шарт**

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ж.

(Орналасқан жері)

\_\_\_\_\_ , деп аталатын

(Тапсырыс берушінің толық атауы)

Бұдан әрі тапсырыс беруші, \_\_\_\_\_ ,

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

бір тараптан және \_\_\_\_\_

(Өнім берушінің - тендер жеңімпазының толық атауы)

атынан, бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын,

\_\_\_\_\_ ,  
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін,

(Жарғының, Ереженің және т. б.)

екінші тараптан, "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) негізінде (тендердің, бір көздің тәсілімен баға ұсыныстарының) \_\_\_\_\_ өткен

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы осы сатып алу туралы шарт ( бұдан әрі – шарт) жасасты:

1. Сатып алуды ұйымдастырушы - (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету) Тапсырыс беруші үшін сатып алуды (жұмыстардың қысқаша сипаттамасын) жариялады және мердігердің осы жұмыстарды орындауға арналған тендерлік өтінімін (соманы цифрмен және жазбаша көрсету) (бұдан әрі-шарттың бағасы) қабылдады.

2. Жұмыстар жоба бойынша орындалады (жобаның атауы, объектінің атауы және орналасқан жері) \_\_\_\_\_

Бас жобалаушы (ұйымның атауы және мекенжайы)

3. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие:

1) "тапсырыс беруші" – кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;

2) "бас мердігер" – (бұдан әрі - Мердігер) - Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ консорциум;

3) "қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы)" – учаскеде (объектіде) шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін орындауға мердігермен шарты және (немесе)келісімі бар тұлғаны немесе ұйымды білдіреді;

4) "техникалық қадағалау" – Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге шарттың талаптарына сәйкес Мердігердің мердігерлік жұмыстарды орындауы бойынша бақылауды жүзеге асыруға хабарланған тұлғаны білдіреді;

5) "объект" – сатып алуды ұйымдастырушы мердігердің шартта көзделген түрде салуға, реконструкциялауға жататын және Тапсырыс берушіге беретін ғимарат, құрылыс;

6) "учаске" – объект салу немесе жұмыстар жүргізу үшін бөлінген аумақты білдіреді;

7) "шарттың бағасы" – мердігер өзінің тендерлік өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған шарттың жалпы сомасын білдіреді;

8) "шарт" – Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына Тапсырыс беруші мен мердігер арасында жасалған азаматтық-құқықтық акт. Шартқа қол қойылғаннан кейін оған барлық толықтырулар мен өзгерістер өзгеріс қабылдау арқылы жасалуы мүмкін. Шарт жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен қосалқы мердігерлер арасында қандай да бір шарттық қатынастар құратындай етіп түсіндірілмейді; 9) "уақытша құрылыстар" Объектінің құрылысы аяқталғаннан кейін Мердігер тұрғызатын, орнататын және алып тастайтын Объектінің құрылысы мен жөнделуі үшін қажетті барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

10) "материалдар" – мердігер мен қосалқы мердігер объектіні салу үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді;

11) "жабдық" – объектіні салу үшін учаскеде уақытша болатын мердігер мен қосалқы мердігердің барлық машиналары мен тетіктерін білдіреді;

12) "құрылыстың ұзақтық мерзімі" мердігер объектінің құрылысын аяқтайтын мерзімді білдіреді;

13) "күндер" – күнтізбелік күндер, "айлар" – күнтізбелік айлар;

14) "өзгерістер" – шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші берген өзгерістер;

15) "ақау" – шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі;

16) "кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі" – жұмыстардың орындалуын тексеру процесінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі.

4. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы шарт;

2) шарттың мәні / сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;

3) техникалық ерекшелігі;

4) Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Кеден одағы кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес шарттың сомасы, қосылған құн салығының сомасы, акциздер сомасы жатады;

5) шарттың орындалуын қамтамасыз ету (егер тендерлік құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделсе, бұл тармақша көрсетіледі);

6) жобалау-сметалық құжаттама / жұмыс сызбалары (сызбалардың нөмірі мен олардың күнін көрсету):

Құжат

Атауы

Нөмірі және күні

7) толықтырулар (бар болған жағдайда):

Құжат

Атауы

Нөмірі және күні

8) Басқа құжаттар: (Тапсырыс беруші шарт құжаттарына енгізгісі келетін қосымша құжаттарды көрсету)

---

5. Өнім беруші шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидаларда белгіленген жағдайларда және мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі;

6. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Заңда көзделмеген мақсаттарға пайдалануына жол берілмейді.

7. Тапсырыс берушілер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада оларды аяқтау мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) көзделген жұмыстарды сатып алған жағдайда, бір қаржы жылынан астам мерзімге сатып алу туралы шарт жасасуы мүмкін.

Бұл ретте, жоғарыда көзделген жағдайларда қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын осындай шарттарды бәсекелестік негізде өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

Тапсырыс берушілер іс-шараларды орындау үшін қажетті жұмыстарды сатып алу туралы ұзақ мерзімді шартты басқару органы немесе аталған тұлғалардың жоғары органы бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқтау мерзімімен жасаса алады.

8. Мердігер осы Шартта көзделген барлық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9. Шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтиды.

10. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен шарт жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынатын нысанда шартты ресімдеуге жол беріледі.

11. Шарт қазақ және / немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төрелікте қарау қажет болған жағдайда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Тараптар алмасатын шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

12. Шарт Қағидаларда көзделген жағдайларда шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілген сатып алу шарттарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер және (немесе) Қағидаларда көзделмеген негіздер бойынша өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстар енгізуге жол берілмейді.

13. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы объектіні салу мәселелеріне қатысты ресми қарым-қатынас жазбаша түрде ғана күшіне ие.

14. Бас мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін береді.

15. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің ( мердігерлік бағасының) екіден бір бөлігінен аспайтын көлемде шарттар жасаса алады және Тапсырысшының жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді.

16. Участкеде қосалқы мердігерлер болған кезде мердігер өз жұмыстарын олармен үйлестіреді.

